

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
“ОТЫРАР МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ”



«МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар жинағы

ШӘУІЛДІР-2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
“ОТЫРАР МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫҚ - МУЗЕЙІ”

**«МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар

Шәуілдір - 2018

ӘОЖ 902/904
КБЖ 63.4
М35

Жалпы редакциясын басқарған:
“Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі” РМҚК директоры
А.К.Жандосов

Редакция алқасы:

Ақылбек С.Ш. - г.ғ.м., директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары

Шоқай Е.Т. - “Қор сақтау” ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі

Жұмашова А.А. - т.ғ.к., “Этнография, әдебиет және мәдени-көпшілік іс-шаралар” бөлімінің меңгерушісі

Пәрменқұл С.Т. - г.ғ.м., “Археология” ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі

Шохаев К.А. - г.ғ.м., “Тарихи ескерткіштерді қорғау” ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі

Жұмақанұлы Д. - “Экспозиция, экскурсия және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі

Сұлтанмуратов Б.С. - “Реставрация және консервация” ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі

М35 Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру мәселелері: рес. ғыл.-тәжіриб. семинар мат., 2017. 10-11 қазан. - Шәуілдір: “Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі” РМҚК, 2018. – 97 б.

ISBN 978-601-7812-34-8

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі» РМҚК және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби музейі» МҚКК бірлесіп өткізген іс-шарада Қазақстан музейлері мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру аясында атқарылып отырған жұмыстарын ортаға салып, тәжірибе алмасты.

Бұл жинаққа жоғарыда аталған семинар барысында оқылған баяндамалар мен мәдени мұраны сақтау, қалпына келтіру бағытында жүргізіліп отырған тың зерттеулер топтастырылған. Жинақ ғылыми әдебиет ретінде Қазақстан музейлеріне, жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарына ұсынылады.

ӘОЖ 902/904
КБЖ 63.4

Баспаға “Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі” РМҚК-ның ғылыми кеңесі ұсынған

ISBN 978-601-7812-34-8

© Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейі, 2018



Арыстанбек Мұхамедиұлы
Мәдениет және спорт министрі

Қымбатты республикалық семинарға қатысушылар!

Сіздерді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өтіп жатқан **«Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру мәселелері»** тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік семинардың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасы өз мақаласында мәдени мұраны қорғау, киелі жерлерді зерттеу, тарихымызға тереңірек үңілу мәселесіне ерекше тоқталып, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді рухани жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыру қажет деген болатын.

Осы ретте біз бүгінде жоғалғанымызды қайта тауып, тарихымызды толықтырып, оны халықтың рухани игілігіне айналдырудамыз.

Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру Қазақстанның мәдени саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатындықтан, бұл мәселе үнемі мемлекеттің назарынан тыс қалған емес. Мысалы, Отырар қаласына археологиялық зерттеу, консервациялау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Жалпы алғанда, Тәуелсіздік жылдарында елімізде 150-ге жуық тарихи ескерткіштер қайта қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, бірегей ескерткіштеріміз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізімін де толықтырып отыруда.

Жалпы айтқанда, бұл шаралар ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына, нығаюына және қазақстандықтардың өз тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының артуына үлкен ықпал етуде.

Мәдениет саласындағы осындай өзекті мәселелерге арналған басқосулар Елбасымыздың жүргізіп отырған салиқалы саясатын одан әрі дамытуға, қазақстандық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ел мәдениетінің дүниежүзі мәдени кеңістігіне енуіне себепін тигізері сөзсіз.

Семинар жұмысына табыстар тілеймін.

Құрметпен,

Министр

А.Мұхамедиұлы



Арыстанбек Мұхамедиұлы
Мәдениет және спорт министрі

*010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8,
Министрліктер үйі*

Қымбатты республикалық семинарға қатысушылар!

Сіздерді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өтіп жатқан **«Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру мәселелері»** тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік семинардың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасы өз мақаласында мәдени мұраны қорғау, киелі жерлерді зерттеу, тарихымызға тереңірек үңілу мәселесіне ерекше тоқталып, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді рухани жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыру қажет деген болатын.

Осы ретте біз бүгінде жоғалғанымызды қайта тауып, тарихымызды толықтырып, оны халықтың рухани игілігіне айналдырудамыз.

Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру Қазақстанның мәдени саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатындықтан, бұл мәселе үнемі мемлекеттің назарынан тыс қалған емес. Мысалы, Отырар қаласына археологиялық зерттеу, консервациялау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Жалпы алғанда, Тәуелсіздік жылдарында елімізде 150-ге жуық тарихи ескерткіштер қайта қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, бірегей ескерткіштеріміз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізімін де толтырып отыруда.

Жалпы айтқанда, бұл шаралар ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына, нығаюына және қазақстандықтардың өз тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының артуына үлкен ықпал етуде.

Мәдениет саласындағы осындай өзекті мәселелерге арналған басқосулар Елбасымыздың жүргізіп отырған салиқалы саясатын одан әрі дамытуға, қазақстандық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ел мәдениетінің дүние жүзі мәдени кеңістігіне енуіне себебін тигізері сөзсіз.

Семинар жұмысына табыстар тілеймін.

Құрметпен,

Министр

А. Мұхамедиұлы



Уәлиев Қуатжан Серікқазыұлы

Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы

Заң ғылымдарының докторы

Елімізде тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану

Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылдың 2 шілдесінде қабылданған № 1488-ХІІ Заңын уақыт өте келе толықтыру, жаңарту қажеттігі туындап отыр.

2016 жылғы 6 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің №324 Жарлығымен бекітілген 2016-2021 жылдарға арналған заң шығару жұмыстарының Тұжырымдамалық жоспарын жүзеге асыру аясында Заң жобасы жаңа редакциясының тұжырымдамасы әзірленді және 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде Ведомствоаралық комиссияның отырысында қолдау тапты.

Еліміздің мәдени мұрасын жасау, жаңғырту, сақтау, дамыту, тарату мен пайдалану және құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерді анықтау мақсатында жүргізіліп отырған тарихи-мәдени мұра саласындағы мемлекеттік саясат, бәрінен бұрын, заңнамалық базаны кешенді талдауды және жетілдіруді талап етеді.

Тарихи-мәдени мұра – материалдық емес құндылықтар мен материалдық объектілер ретінде жүзеге асырылған Қазақстан халқының тарихи және рухани дамуының ерекше дәлелдерінің жиынтығы.

Тарихи-мәдени мұра объектілері – өткеннің материалдық дәлелдері: жылжымайтын ескерткіштер, ансамбльдер, мемлекет тарихының ерекшеліктерін аша түсетін көрікті жерлер, бұл мәдениеттің көнелігі мен бірегейлігін анықтайтын еліміздің тарихи-мәдени мұрасының маңызды құрамдас бөлігі, сәулеттің, қала құрылысының, даму ерекшеліктері, дәстүрдің бірегейлігі, өзге халықтарға, мемлекеттер мен мәдени-этникалық кеңістіктерге қатысты Қазақстан халқының руханияты.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мәселелерін реттейтін негізгі заңнамалық акт болып келген «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы Тәуелсіз Қазақстан қалыптасуының алғашқы жылдарында қабылданған және онда саланы реттеудің базалық нормалары бар. Аталған Заңды жетілдіру мақсатында оған 2007, 2015 және 2017 жылдары тұжырымдамалық түзетулер енгізілген, бұл заман талабын ескере отырып, саланы заңды түрде реттеу мүмкіндігін береді.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының қазіргі жағдайы көп ғасырлық дәстүрлерді сақтау әрі дамыту бойынша мемлекет қабылдаған іс-шаралар кешенімен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, кесенелерді, көне мешіттерді қайта жаңғыртумен, жаңа тарихи-мәдени музей-қорықтар құрумен, тарихи-мәдени мұра объектілерін есепке алуды қамтамасыз етумен, сондай-ақ, Қазақстан халқының мәдени мұрасында тарихи мәнге ие объектілерді пайдалануға берумен сипатталады.

Сонымен бірге, ғылымда, экономикада, жалпы қоғамда орын алып жатқан қарқынды өзгерістер осы Заңның көптеген ережелерінің ескіруіне және заңнамалық түрде реттелмеген қоғамдық қатынастар салаларының толық бір тобының пайда болуына әкелгенін атап өту қажет.

Заң жобасы тарихи-мәдени мұра, ғылыми-қайта жаңғырту және археологиялық қызмет объектілері саласындағы қатынастарды кешенді реттеудің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы

ратификациялаған тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану бойынша халықаралық құжаттардың ережелерін сақтауды қамтамасыз етудің едәуір тиімді құқықтық негізін қалыптастыру үшін әзірленді. Заң жобасы тарихи-мәдени мұра объектілері саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге, тарихи-мәдени мұра объектілері мен ғылыми-қайта жаңғырту және археологиялық қызмет саласындағы қарым-қатынасты кешенді реттеудің құқықтық негізін тиімді қалыптастыруға, сонымен қатар Қазақстан Республикасымен ратификацияланған тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану бойынша халықаралық құжат ережелерін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң жобасының мақсаты тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, зерттеу, сақтау, пайдалану және насихаттау саласында қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесін құру болып табылады және келесідей міндеттерді шешуге бағытталған:

- тарихи-мәдени мұра объектілерін мемлекеттік қорғау жүйесін дамыту;
- тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, мемлекеттік есепке алу, зерттеу, сақтау және пайдалану қағидалары мен тәртібін белгілеу;
- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, зерттеу, сақтау, пайдалану және насихаттау саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды белгілеу;
- тарихи-мәдени мұра объектілерінің типтерін, түрлері мен санатын анықтау;
- тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих пен мәдениет ескерткішінің мәртебесін бекіту;
- жылжымайтын мүліктің ерекше түрі ретінде тарихи-мәдени мұра объектілерін иелену, пайдалану және билік етудің ерекше режимін белгілеу;
- тарихи-мәдени мұра объектілерін ғылыми зерттеу, мәдени даму, ағарту, білім беру, туризм мақсатында пайдалану;
- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, зерттеу, сақтау, пайдалану және насихаттау саласында мемлекеттік органдардың құзыреттерін ажырату;
- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, зерттеу, сақтау, пайдалану және насихаттау саласында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін регламенттеу;
- тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастыққа ықпал ету;
- тарихи-мәдени мұра объектілеріне және т.б. зиян келтіргені үшін жауапкершілік шараларын белгілеу.

Бұл ретте тарихи-мәдени мұра объектілерінің ерекше бөлігі археологиялық объектілер екенін атап өткен жөн.

Қазақстанда тарих пен мәдениеттің 25 000-нан астам ескерткіші тіркелген. Олардың басым бөлігі – археология ескерткіштері. Өзінің сипаты, мақсаты және құқықтық мәртебесі бойынша археология ескерткіштері тарихи-мәдени мұраның басқа объектілерінен (қала құрылысы және сәулет ескерткіштерінен, ансамбльдерден) айтарлықтай мөлшерде ерекшеленеді. Қолданыстағы «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Заңда археологиялық объектілердің ерекшеліктерін ескеретін арнайы нормалардың минималды көлемі бар. Тіпті аталған заңда бар нормалар көбінде ескерту сипатына ие және күтілетін тиімділікке ие емес.

Мәселен, археология ескерткіштерінің ерекше маңыздылығын ескере отырып, заңнамада оларды анықтаған сәттен бастап, оларды белгілі бір рәсімнен өткізбей-ақ автоматты түрде тарих пен мәдениеттің ескерткіштері ретінде тану қарастырылған. Сонымен бірге, іс жүзінде мұндай рәсімдерден өтудің қажетсіздігі ақпараттанудың болмауына, тарих пен мәдениет ескерткіштері тізімдеріне енгізудің міндетті еместігіне жетелейді. Сонымен қатар, ескерткіш мәртебесінің деңгейін анықтауда қиындық туғызады, бұл өз кезегінде археологиялық объектілердің жағдайын жақсартпайды, нашарлатады.

Археологиялық мұра объектілерінің жер астында жасырылуы, олардың көнелігі, сынғыштығы, кездейсоқ табылуының жоғары ықтималдығы, жерді шаруашылық игеруді

белсендендіру жағдайларындағы айрықша бүлінгіштігі ерекше режимді және оларды сақтау мен пайдалану бойынша арнайы іс-шараларды қолдануды талап етеді.

Жерді шаруашылық тұрғыдан игеру мен жыл сайын археологиялық қызмет көрсету деңгейінде белсенділіктің артуы жағдайында археологиялық мұра объектілеріне ерекше зиян келетіндігі айқын болып отыр.

Археологиялық объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге қауқарлы құқықтық тетіктердің бірі археология ескерткіші және ол орналасқан шектегі жер учаскесі азаматтық айналымда жеке болатыны туралы нормалар енгізумен қатар жылжымайтын мүлік объектілері ретінде археологиялық мұра объектілеріне және археология ескерткіштеріне тікелей тек қана мемлекеттік меншік енгізу болып табылады. Бұл тетік жекеменшік жер иелігіндегі жерлерде археология ескерткішін қорғаудың заңнамалық кепілі болып табылады. Сонымен бірге, археология ескерткіші орналасқан учаскелердің жер пайдаланушыларына қосымша міндеттер және шектеулер жүктемейді.

Заң жобасында археологиялық заттай қазыналарға және кездейсоқ археологиялық олжаларға ерекше көңіл бөлінуі керек. Бүгінгі таңда бұл қолданыстағы заңда көрініс таппаған.

Археологиялық мұра объектілері тізімінің жаңа жүйесін қамтитын археология ескерткіштерінің Мемлекеттік резерватын құруды ойластыру, сонымен қатар археология ескерткішінің шартты шекарасы аталатын жаңа қорғау механизмін ендіру игі бастамалар ретінде көрінеді.

Ескерткішті қорғау және шартты шекараларын белгілеуді көздейтін қорғаушы механизм жаңа табылып енгізілген, салыстырмалы түрде аймағын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілмеген және жақын арада жүргізу мүмкін болмаған тарих пен мәдениеттің ескерткіштерін мемлекеттік қорғаумен қамтамасыз ету мақсатында ендіру ұсынылады.

Заң жобасы тұжырымдамасының шеңберінде археологиялық элементтерді одан әрі табу ықтималдығы жоғары археологиялық әлеуетті аймақтарды анықтау қажет.

Бүгінгі таңда анықталған көптеген ескерткіштер алдын ала жасалған есеп тізімдерінде тұр, алайда олар жылдар бойы жергілікті маңызы бар ескерткіштердің Мемлекеттік тізіміне енгізілмеген және осы себептен бекітілген құқықтық мәртебелері жоқ. Бұл алдын ала есеп тізімінен жергілікті маңызы бар ескерткіштердің Мемлекеттік тізіміне ауыстыру туралы заңнамалық талаптың жоқтығынан және жергілікті атқарушы органдардың тиісті әрекет етуге қажетті анық белгіленген мерзімнің болмауынан орын алған.

Көптеген анықталған археология ескерткіштері тіпті алдын ала жасалған есеп тізіміне де енгізілмеген. Бұл археология ескерткішін шаруашылық игеру нәтижесінде кездейсоқ ұшыратқан жағдайда жергілікті атқарушы органдарға хабарлау міндеті жөнінде қолданыстағы Заң талаптарын қадағалауды бақылау жүйесінің болмауынан, қайта анықталған ескерткіштер туралы ақпарат жергілікті атқарушы органдарға түскен жағдайда, қайта анықталған объектілерді алдын ала жасалған есеп тізіміне енгізу мерзімі ешқайда ескертілмегендіктен орын алып отыр.

Археологиялық олжаларды тіркеу жүйесі де кемшіліксіз емес.

Атап өтілген мәселелер аясындағы тіркеу жүйесінде мәдени мұра объектілерінің қорғау аймағы туралы мәліметтермен, карталармен және тарихи-мәдени құнды болып саналатын объектілер жөнінде көп функциялы дерекқормен қамтамасыз етілген Тарихи-мәдени мұра объектілерінің бірыңғай электронды мемлекеттік тізілімін құру өзекті болып отыр.

Бүгінде тарихи-мәдени мұра объектілері үшін негізгі қауіп заманауи құрылыс болып табылады, сондай-ақ археологтарға әзірге белгісіз қалың жер астында жасырылған археологиялық объектілердің сенімді заңнамалық қорғанышы жоқ.

Қолданыстағы Заңда археология зерттеулері бойынша анықталмаған ескерткіштерді қорғауға бағытталған норма пәрменді орындалмаған.

Ескерткіш әртүрлі факторлардың әсерінен бүлінуі мүмкін және анықталмаған ескерткіштер табылған объектілер сияқты қорғауды қажет етеді.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды стихиялы жүргізу маңыздылығы аз емес мәселе болып табылады.

Бүгінде әрекеттегі заң белгілі бір жұмыстарды жүргізуге лицензияның болуын талап етеді. Осыған орай, тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстар Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктері, жергілікті атқарушы органдар тарапынан қаржыландырылады, сонымен қатар бюджеттен тыс қаражаттардың тартылуы да мүмкін. Мұндай үйлесімсіздік археологиялық ескерткіштердегі қазба жұмыстарының бақылаусыздығына және табылғандардың көміліп қалуына алып келеді. Зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруда қазылған объектіні консервациясыз қалдыру және ол аймақтан қоқыстарды шығармау жағдайы да жиі орын алады. Бұл өз кезегінде объектінің тарихи-мәдени маңызының жойылуына алып келеді. Заң жобасында осы сынды барлық қайшылықтарды жоюды қарастыру қажет.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қайта жаңғырту және археологиялық жұмыстар жүргізу қызметін лицензиялау қарастырылған. Алайда, бүгінгі таңда аталған жұмыстарды түрлерге бөлу қарастырылмаған, ал бұл лицензия алған кез келген ұйымға ғылыми-қайта жаңғырту жұмыстарын да, археологиялық жұмыстардың бәрін де еш кедергісіз жүргізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, археологиялық жұмыстар - археологиялық барлау, археологиялық сараптама, археология ескерткіші аумағының шекарасын анықтау бойынша археологиялық жұмыстар, археологиялық қадағалау, археология ескерткіштеріне тарихи-мәдени сараптама болып бөлінеді. Сәйкесінше, әрбір жұмыс түрінің белгілі бір ерекшелігі бар және күрделілігінің де дәрежесі сан алуан, бұл өз кезегінде лицензия алуға үмітті ұйымның біліктілік талаптары мен техникалық мүмкіндіктеріне қойылатын дифференцирленген тәсілді талап етеді. Заң жобасында осы ұстаным тұрғысынан шығатын барлық нормаларды қарастыру қажет.

Ғылыми-қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу бойынша қызметті лицензиялауда да дәл осындай жағдай орын алған. Лицензия жалпы ғылыми-қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге беріледі. Осыған байланысты, қолданыстағы заңда ғылыми-қайта жаңғырту жұмыстары ретінде ғылыми зерттеу, қайта жаңғырту, консервациялау, қалпына келтіру, жөндеу және бейімдеу жұмыстары етіп бөлу қарастырылып, түсінік берілген. Сонымен қатар, ғылыми-қайта жаңғырту жұмыстары тарих пен мәдениет ескерткішін тазарту, қайта құру, регенерациялау, сауықтыру, қалпына келтіру және көшіру болып та бөлінеді.

Сонымен бірге, объектінің физикалық сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған қайта жаңғырту, консервациялау, жөндеу, заманға сай қолдануға бейімдеу сынды кешенді шараларының мазмұнын анықтай түсу қажет. Оларды жүргізудің тәртібін айқындау керек. Мәселен, ерекше маңызды объекті және жеткілікті ғылыми мәліметтер болған кезде ерекше жағдайларда қайта жаңғырту әдістерімен мәдени мұраның жойылған немесе қатты қираған объектісін қалпына келтіру жолымен жаңғырту түсінігін кеңейту мүмкін.

Осыған байланысты тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қайта жаңғырту жұмыстары түсінігін кеңейту, ғылыми-жобалық құжаттаманың және қайта жаңғырту жұмыстарының объектіні сақтау, мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары жобаларының, қала құрылысы және жобалық құжаттаманың, мәдени мұра объектілерін мемлекеттік қорғау талаптарына құрылыс-шаруашылық және өзге қызметті белгілейтін қала құрылысы регламенттерінің сәйкестігін анықтау, мәдени мұра объектісін ұлттық-мәдени игілігінің аса құнды объектілеріне немесе бүкіләлемдік мәдени мұра объектілеріне жатқызу бойынша сәйкестігі болып табылады.

Бұл ұсыныстар лицензия алған ұйымдардың қатарының артуымен, өңірлік деңгейде жобалық құжаттаманың сапасын бақылаудың мүмкін еместігімен және Республиканың мәдени мұра ескерткіштері жөнінде бірыңғай мәліметтер базасының жоқтығымен байланысты.

Бүгінгі күні инвестициялық тартымдылығы бар тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау ғана емес, оларды одан әрі дамыту да өзекті мәселе болып тұр. Бұл саланың өркендеуі туризмнің дамуы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы және т.б. бағыттағы істердің ілгерілеуіне мүмкіндік

береді.

Бірақ қазіргі таңда мемлекеттік емес сектордың мәдени мұраны сақтау мен дамыту ісіне қатысуы төмен деңгейде қалып отыр. Мемлекеттің жеке секторға мұраны сақтау мен дамыту өкілеттіліктерін табыстау, сонымен қатар аталмыш объектілерді басқарудың тиімді тәжірибесі бар кәсіпкерлерді тарту арқылы тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудағы қоғамдық үлесті кеңейту керек.

Мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігі айналасында қалыптасқан жағдай тарих пен мәдениеттің анықталған, сондай-ақ, анықталмаған ескерткіштерін қорғау саласындағы айтарлықтай кемшіліктерді, меншік мәселелерін, сондай-ақ тарихи-мәдени мұра объектілерін мемлекеттік есепке алу саласындағы жүйелі мәселелерді көрсетеді.

Сонымен бірге, тарихи-мәдени мұра объектілері – жергілікті атқарушы органдардың аумағында тұратын жылжымайтын ескерткіштер екенін ескеру қажет.

Заң жобасында жергілікті маңызы бар ескерткіштерге қатысты оларды анықтау, атрибуциялау, сараптамалық қорытындыларды дайындау және тағы да басқа жұмыстарды жүргізу бойынша құқықтарды Мемлекеттік музей-қорықтар (әдістемелік, ақпараттық және ғылыми орталықтар) жанындағы ескерткіштерді қорғаудың мамандандырылған бөлімдеріне немесе облыстық әкімдік құрылымына енетін ескерткіштерді қорғау бойынша Мемлекеттік инспекцияға табыстау арқылы мемлекеттік органдар мен жергілікті билік органдары өкілеттіліктерін нақты белгілеу ұсынылған.

Осы бағыттардағы қызметтерді көрсету сапасын бақылау тетігінің тиімділігін жетілдіру керек. Ол алдымен жөндеу-қайта жаңғырту жұмыстарын және археологиялық зерттеу жүргізуге арналған бірыңғай әдістемелік негіздердің жоқтығымен (жұмыстарды жүргізудің бекітілген ережелерінің жоқтығымен, ескірген нормативтерімен және есептеу көрсеткіштерінің, жөндеу-қайта жаңғырту жұмыстарының барлық түрлерін жүргізуге калькуляция мәліметтерімен, соның ішінде ескерткіштер жинақ бойынша және паспорттауға, деректі бекіту үдерісіне, археологиялық есептер жазуға және т.б. қатысты бірыңғай талаптардың жоқтығымен) байланысты, салдарынан тарих пен мәдениет ескерткіштерінде жұмыстарды жүргізетін мамандардың біліктілігі мен кәсібилігі деңгейін бағалау мүмкін болмай тұр.

Жоғарыда аталған барлық проблемалар тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау, зерттеу, мемлекеттік қорғау, насихаттау саласындағы қатынасты құқықтық реттеудің жүйесін ғаламдық реформалауды, соның ішінде, түсініктер қатарын, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың құзыретін кеңейтуді, еліміздің тарихи-мәдени мұрасы мәселелері бойынша құқық қатынасына түсетін жеке және заңды тұлғаларға белгілі бір функцияларды, міндеттер мен құқықтарды үлестіруді талап етеді.

1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына ұсынылатын түзетулердің ауқымдылығын ескере отырып, оны жаңа редакцияда шығару ұсынылып отыр. Еліміздің бай да құнды тарихи-мәдени мұраларын болашақ ұрпаққа жеткізуді ойлайтын жанашырларды, сала мамандарын, ғалымдарды, тәжірибесі бар қызметкерлерді өз ойларын айтуға, пікірлерін жеткізуге, заңымыз тиімді болып шығуына ат салысуға шақырамыз. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаменті мен жұмыс тобының талқылауына белсенді түрде қатысуға болады.

Археологиялық мұраны сақтауды көздеген көптеген мемлекеттер бұл мәселені реттеу үшін заң базасын жасады. Олардың кейбірінде археологиялық мұра объектілеріне арналған нормативтік актілер бар.

Мәселен, біз зерделеген және талқылаған Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы көп елдердің тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың құқықтық жүйесі өзара ұқсас болып келеді, бұған бір тарихи негіздеменің, яғни кеңестік құқықтың болғаны себеп болса керек. ТМД елдерінің кез келгенінде «Мәдениет туралы» Заңы, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін

пайдалану және қорғау туралы» Заңы немесе «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау туралы» Заңы бар. Уақыт өте келе ұлттық заңнамалық жүйе өз күшіне еніп, бірқатар мемлекетте археологиялық мұраны қорғауға арналған арнайы заңдар пайда болды. Сонымен қоса, ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясында бірқатар модельдік заңдар құрастырылды, оның ішінде «Археологиялық мұраны қорғау туралы» Модельдік заңы да бар. Модельдік заңнамалық актілерді жүзеге асыру тек ерікті жағдайда мүмкін. Ұлттық заңнамаларда модельдік актілерді пайдаланудың түрлі үлгісі қалыптасқан. Бұл - бір-бірімен жағымды тәжірибе алмасудың түрлі формасымен ерекшеленетін көпнұсқалы үрдіс.

«Музей қоры мен музейлер туралы», «Мұрағаттар мен мұрағаттық қорлар туралы», «Археологиялық мұраны қорғау туралы» модельдік заңдардың қағидалары Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Грузия Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясының ұлттық заңнамалық актілерінен айқын көрініс тапқан.



Жандосов Айбек Қыстаубайұлы

«Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейі» РМҚК-ның директоры

Отырар жәдігерлерін сақтау, қалпына келтіру мәселелері

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани салада мол табыстарға жетті. Бұл жылдар біздің еліміз үшін батыл қадамдарға, үлкен тәуекелдерге, жеңіс пен сәттіліктерге толы тарихи кезең болып табылады. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін әлемдік деңгейде зерттеуге мүмкіндік ашылды.

Осы кезеңде біздің еліміз аса зор даму жолынан өтті. Ең бастысы Елбасының сарабал саясатының арқасында абыройы артқан, төрткүл дүниеге мүмкіндігін мойындатқан мемлекет құрдық.

Өткен тарихымызға көз жүгіртіп аздаған шегініс жасайтын болсақ, кешегі кеңестік дәуірде шынайы тарих беттері бұрмаланғаны қазір ғана ашық айтылуда. Қазақ деген ел болған жоқ, жекелеген көшпелі ру-тайпалар ғана өмір сүрді, олар үй салуды білмеді, алдындағы малының ыңғайына қарай көшіп жүруді ғана білді – деген саясат арқылы тұтас ұлтты мәңгірттендіруге әрекет жасалды.

Тек тәуелсіздік алғаннан бері өзіміздің төл тарихымызды терең зерттеп, насихаттауға мүмкіндік молайды. Көптеген тарих беттері жаңартылып, өңделіп, сұрыпталып жөнге келтірілді. Жас мемлекетіміздің іргесін нығайтуда өткен тарихымыздың атқаратын рөлін бағамдай білген Елбасы осыдан 15 жыл бұрын, яғни, 2003 жылғы сәуірдегі Жолдауында «Қазақстанның мәдени мұра жобасы» тақырыбында стратегиялық ұлттық жобасын ұсынды. Төрт бағыт бойынша жұмыс жасаған бағдарламаның негізгі мақсаты елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу болатын. Екі жылға жоспарланған бағдарлама соңы екі кезеңге, яғни, 2007-2009 және 2009-2011 жылға жалғасты. Бағдарлама аясында елімізде 78 ескерткішке реставрациялық жұмыстар жүргізілсе, ғылымды мыңдаған артефактылармен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жүргізілді. Бұл бағдарламаның Қазақстанның тарихына қосқан үлес салмағы орасан. Аталған жобада музей ұжымы «Мәдени мұра» және «Көне Отырарды жаңғырту» бағдарламалары аясында Отырар өңірінде жүргізілген археологиялық және реставрациялық жұмыстарға белсене қатысты.

Елбасының бастамасымен қолға алынған «Қазақстанның мәдени мұра жобасы» бағдарламасы аясында Қытай, Туркия, Монғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ сынды бірқатар елдерде ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері туралы бес мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары анықталып, зерттелді.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау мен насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған мемлекеттік бағдарламалардан Отырар өңірінде орналасқан ескерткіштер тыс қалған емес. Атап айтар болсақ, ЮНЕСКО-Қазақстан-Жапонияның бірлесеуімен жүргізілген «Көне Отырардың қалажұртын сақтау мен реставрациялау» жобасы аясында 2001-2004 жылдар аралығында Отырар қалажұртындағы аршылған бірқатар құрылыс нысандарына консервациялау жұмыстары жүргізілді. Аталған жобаға Қазақстан, Ұлыбритания, Жапония, Бельгия, Италияның мамандарымен бірге Отырар музейі қызметкерлері де қатысып, тәжірибе алмасты.

Отырар музейі ашылғаннан бері Республика көлемінде археологиялық жәдігерлерді зерттеу, қазба жұмыстарын жүргізу, реставрация және консервация арқылы ескерткіштердің сақталуын қадағалау, қайта қалпына келтіру, өңдеу, ғылыми талдау жасау, аудан көлемінде бұрын белгісіз болып келген ескерткіштерді іздестіру, тізімге алу, рухани және заттық

мәдениетімізге қатысты қолжазбалар мен кітаптарды, заттай жәдігерлерді жинау, сонымен қатар, халқымыздың этнографиялық және рухани, мәдени мұраларын жинақтап, сақтау, зерттеу шараларын жүргізетін бірден – бір мекеме ретінде жұмыс атқарып келеді.

Отырар қорық-музейдің құрылу тарихы Асантай Әлімов ұйымдастырған мектеп музейінен бастау алады. Бүгінде музей қорында археологиялық, этнографиялық, жазба ескерткіштер қорымен қатар ауданымыздың тарихына қатысты материалдардан құралған жалпы саны 24 327 дана жәдігер есепке алынған. Бүгінгі таңда музейде алты ғылыми - зерттеу бөлімі археология, тарихи ескерткіштерді қорғау, этнография, әдебиет және мәдени-көпшілік іс-шаралар бөлімі, реставрация және консервация, қор сақтау, экспозиция, экскурсия және қоғаммен байланыс бөлімдері мен кітапхана жұмыс істейді. Сонымен қатар, музей қызметкерлері археология, реставрация және музей істері бойынша Египетте, Иранда, Қытайда, Ресейде және Республикамыздағы тарихи орындар мен музейлерде болып, тәжірибе алмасып қайтты.

Отырар музейінің қор сақтау бөлімінде музей заттарының сақталу жағдайын жүйелі бақылауды жүзеге асыру, дезинфекциялық жұмыстар жүргізу, реставрациялық және профилактикалық тексерулерге қатысу, заттарды есепке алып, тіркеу, нөмірлеу, сонымен қатар, қор сақтау қоймаларында, экспозициялық және көрме залдарындағы температуралық-ылғалдылық, жарық және басқа да режимдердің жағдайын күнделікті бақылауды жүзеге асыру, режимнің көрсеткіш есебін жүргізіп, оны тұрақтандыру үшін тиісті шаралар қабылдау тәрізді жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді. Жыл сайын музейлік заттардың бұзылуын дер кезінде анықтап, оның алдын алу мақсатында қор сақтау және қайта жаңғырту бөлімінің қызметкерлері бірлесіп мұражай қорындағы жәдігерлерге профилактикалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Қор сақтау жұмыстарымен қатар ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкерлері археологиялық қазба жұмыстарымен, тақырыптық ғылыми - зерттеу жұмыстарымен және мерзімдік басылымдар мен ғылыми жинақтарға мақала жазумен, жоғары оқу орындары мен орта білім беру мекемелерінде танымдық сабақтар өткізумен айналысады.

Сондай-ақ, біздің еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында жарық көрген мақаласы ел дамуына тың қарқын беретін маңызды шешім болып табылады. Елбасы өзінің жыл басындағы халыққа жолдауының мақсаты, бағыты әлемдегі 30 елдің қатарына қосылу екендігін айта келе, саяси реформа мен экономикалық жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары, оған жеткізетін жолдары бар екенін мәлімдеді. Көзделген ұсыныс Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуына зор мүмкіндіктер береді. Жаңғыру жаңа белестерден көрінетініне сенім білдіреміз.

«Тарих – өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі» - деген бағытты ұстанған Елбасы киелі мекендер мен тарихи жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру арқылы халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтынына сенім білдіріп, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тақырыбында жоба жасауды ұсынды.

Осы орайда Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен арнайы ғылыми-сараптамалық кеңес құрылып, Қазақстанның киелі жерлерінің картасын жасайтын комиссия өз жұмысын бастап та кеткен болатын. Жекелеген аймақтарда өлкетанушы-тарихшылар мен ғалымдар, арнайы мамандар тобы жұмыс жасап, «Қасиетті Қазақстан» картасын жасап шығарды. Негізгі бес бағыт бойынша, яғни, ерекше қастерленетін табиғи мұра ескерткіштері, археологиялық ескерткіштер және ортағасырлық қалалар, діни және ғұрыптық орындар, тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар және Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи, саяси оқиғаларға байланысты орындарды анықтау жұмыстары жүргізілді.

Қазақ халқының тарихи – мәдени мұраларын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында музейлердің рөлі зор болып табылады. Отырар музейі де алдағы уақытта осы бағыттар бойынша жұмыстар жүргізе бермек.



Жүнісбеков Болат Жүнісбекұлы

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық
қорық-музейінің директоры

Абай музейі: асыл мұра – аманат

Таяудағы, 2020 жылы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО көлемінде атап өтілуі кәміл. Хакім Абайдың асыл мұрасын көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа үкілей жеткізу мен өркениет төрінен паш етуде Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің алар орны ерекше. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары – Абай, Шәкәрім, М.Әуезов мұраларын 75 жыл насихаттап келе жатқан танымал республикалық рухани орталық үшін әлемдік деңгейдегі біртуар дарын иелері қалдырған баға жетпес қазына аса жауапты да абыройлы аманат.

Әуезовтің бастамасымен ашылған

Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайы қазақтың кемеңгер жазушысы, ғұлама ғалым М.О.Әуезовтің ұсынысы бойынша Ұлы ақынның 95 жылдық мерейтойы қарсаңында, 1940 жылы Қазақ ССР-нің Халық комиссарлары кеңесінің 1-сәуірдегі №347-қаулысы негізінде құрылған екен. Ұлы ақынның мұрасын жинастыру мен зерттеу жұмыстарына аталмыш қаулының соны серпін бергеніне атқарылған жұмыс нәтижесі куәлік етеді. Сол жылғы сәуір - қазан айларында ақын мұражайының тұңғыш экспозициясы Абай Семейге келгенде түсіп жүрген үйлердің бірі – Бекбай Байысовтың үйінде (бұрынғы Загородная көшесі, 83-үй, қазір сақталмаған) 16-қазан күні ашылады.

Мұрағатта сақталған, «Абайдың 100 жылдық мерейтойының ұйымдастыру жоспары» деп көрсетілген, іс-қағаздарына қарағанда алғашқы экспозиция жаңағы үйдің екінші қабатындағы үш бөлмеде ұйымдастырылып, өзге бөлмелерде кітапхана, қор бөлімі, канцелярия орналасқан (Мұражай мұрағаты № 31-іс, 252-бет). Біз сүйеніп отырған дерек көзінен (сонда, 147-150-беттер) бас ғылыми кеңесші Ә.Жиреншиннің жетекшілігімен жабдықталған экспозицияның тақырыптық жоспарын жасауға және жалпы музейді ұйымдастыруға сол кездегі аға ғылыми қызметкер Қ.Мұхамедханов пен облыстық музейдің ғылыми қызметкері Б.Аккерманның (кейін Абай музейіне ауысады) айтарлықтай үлес қосқанына қанығамыз. Мұражай экспозициясы бөлімдерінің біріншісі «Абай заманы» тақырыбын көтеріп, екіншісі «Ақын өмірі мен шығармашылығына» арналып, үшіншісінен Абайдың жұмыс бөлмесі көрініс тапқан.

Тұңғыш экспозиция халыққа төрт жыл қызмет етіп, 1944 жылы мұражай сол тұста Комиссар көшесі, 132-үйде (қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) орналасқан Әнир Молдабаевтың үйіне көшіріледі. Ә.Молдабаев (1856-1934) – Абайдың замандасы, жерлесі әрі шәкірті. Бұл үйді оған Абайдың балаларымен бірлесе сатып әпергенінің және өзі қалаға келгенде осында түсіп жүргенінің бір айғағы – мұражай қорындағы Сапарғали Әнирұлының естелігі (КП-214, 2-бет). Мұнда мұражай 23 жылға жуық жұмыс жасап, 1967 жылы қазіргі мекен-жайға – XIX ғасырдағы көпес үйіне (Ленин көшесі, 12) қоныс аударады.

Мұражай тарихымен тығыз байланысты әрбір тұрақты экспозиция өзіндік шежіре беттері іспетті. Ол алғашқыда Оқу министрлігіне бағынысты болып, 1947 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының қарамағына ауыстырылып, соның арқасында мұражайдың әдеби-

зерттеу ісінің ғылыми негізделген жоспары жасалады. Сайып келгенде, Абай мұражайының екінші экспозициясы Әнир Молдабаев үйінің екінші қабатындағы бес бөлмеге орналасып: I-бөлім: Кіріспе (Абай дәуірінің жалпы сипаттамасы); II-бөлім: «Абайдың балалық және жастық шағы»; III-бөлім: «Ақынның кемеліне келген шағы»; IV-бөлім: «Абайдың бөлмесі»; V-бөлім: «Ақынның шығармашылығы»; VI-бөлім: «Абайдың ақындық мектебі» (жеке көрме); VII-бөлім: Қорытынды – XX-ғасырдың әдебиетшілері мен мәдениет қайраткерлеріне арналыпты. Ал, VIII-бөлім: «Музейдің кіреберісі», - ретінде жасақталады (Мұражай мұрағаты №18-іс: «Планы, отчеты, сметы и штаты музея Абая», 43-бет).

Ұлы ақынның өз тұсында аралас-құралас болған Семей өңіріне танымал азаматтардың бірі – көпес Роман Ершовпен жақсы таныстығы жайында да естеліктер сақталған. Оның үстіне ақынның осы көшенің бойындағы кітапхананың (қазір «Центркредит» банкі) тұрақты оқырманы болғанын білеміз. Мұнда келушілер «Абай дәуірі», «Абайтану», «Абайдың ақын шәкірттері», «Абай арманы» атты және басқа залдар жәдігерлерімен таныса алады. Оның жалпы көлемі – 622,6 ш.м., экспозициясы – 278 ш.м. аумақты алып жатыр. Ғимарат Еңбекшілер депутаттары Семей облыстық кеңесі атқару комитетінің 1963 жылғы 9 тамыздағы № 404-15 шешімімен Абай музейінің иелігіне берілген.

Қайымның қосқан үлесі

Біз тілге тиек еткелі отырған кезеңде, яғни 1947-1951 жылдары мұражайды көрнекті абайтанушы ғалым Қ.Мұхамедханов басқарады. Аталмыш экспозиция жоспарын Қ.Мұхамедханов 1949 жылы қаңтар айының басында Ғылым Академиясына жіберген мәліметте көрсеткен (№18-іс, 43-59-беттер). Ғылыми ортада абайтанудың асқан білгірі ретінде лайықты бағасын алған ғалымның өмір жолы кемеңгер ақын сақтандырған «көк тұман заман» ызғарымен жанымызды түршіктіреді. Қоғамды тапқа бөлген тұрпайы социологизмнің құрбанына айналған алаш қайраткерінің талайы тағдыры ғалымның 100 жылдық мерейтойы жылы Абай мұражайына тапсырылған екі хатынан-ақ айқын аңғарылады (КП-7284, КП-7285).

Соның бірінде, мәселен, Қайым аға күркедей ғана «АН-2» самолетінің ішін өзі қамалған лагерь тозағының жанында «жұмақ сияқты көрінді» деп, жүректі бір шым еткізсе, Мұхтар Омарханұлының ата-анасы зиратының орнын анықтауға қатысты М.Әуезов атындағы совхоздың директоры Амантай Мұқатаевқа жазылған екінші хат та саясат сойқанының бұлтартпас айғағындай. «Бұдан 45 жыл бұрын, 1943 жылы Мұхтар Әуезовпен Абай елінде болдық, - деп жазады автор... Бөріліде болғанымызда Мұхтар өзінің қыстауын, әке шешесінің бейітін көрсетіп, естіп-білгендерімді, көргендерімді мүмкіншілігінше қағаз бетіне түсіріп отырған едім. Ол жазбаларымды өзімді тұтқынға алғанда, 1951 жылы, жазалау органы сыпырып алып кеткен... аман қалған бір бет қағазда Омарханның – Мұхтардың қоралары (қыстаулары), Мұхтардың әке-шешесінің, ағасы Қасымбектің зираты, шартты түрде қағазға түсіріліп (сызылып) көрсетілген. Сол жазбаларымды, 1943 жылғы жазылған қалпын сақтап, көшіріп, сенің сұрауың бойынша жіберіп отырмын. Ағалық, достық көңілмен – Қайым Мұхамедханов».

М.Әуезовтің жетекшілігімен Абайдың ақындық айналасын зерттеуге құлшына кіріскен ғалымды жазықсыздан жазықсыз темір торға қамап, іс жүзінде өлімге айдау – адамға, тұтас халыққа қарсы жасалған нағыз қылмыс еді. Ұлы дала тарлан тарихы мен қайталанбас өнерін, айбынды да айшықты ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерін ел зердесінен зорлықпен өшіру кесапатын бастан кешті. Халық диктатураға қару алып, ашық қарсы шықпағанымен, қызыл империяға қарсы күрес іс жүзінде ешқашан тоқтамады. Алаштың Қайым сияқты арыстан ұлдары ұрпақ бойына еркіндік пен теңдік, егемендік пен тәуелсіздік рухын ұдайы сіңірумен болды. Жаһандық әдебиеттің жауһары «Абай жолы» Ұлы даланың Ұлы ақынының өмірі мен мәңгілік өнерін паш етіп, «өз қолынан ырқы кеткен» (Абай) халықтың көзін ашып, көкірегін оятты.

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп Абай армандаған елдіктің сөзін ұстаған Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығы Ұлы ақынның асыл мұрасына,

хакім Абайды дүние жүзіне танытқан Мұхтар Әуезовке деген адалдықтың тамаша үлгісі. «Мұхтарды сат, ол саған диссертацияны зорлап жазғызды, ғылыми еңбектеріңнен бас тарт» - деген олар. – Одан да өлгенім жақсы емес пе, жалған айтып, қайтіп жер басып жүремін», – деп жазады мұражай қорындағы естелігінде Қайым аға.

Музейде аға ғылыми қызметкер, ғылыми хатшы, Абай мерейтойын өткізу комитетінің ғылыми хатшысы, 1947-1951 жылдар аралығында музей директоры лауазымын атқарған Қайым Мұхамедхановтың қызметтік есебі (Мұражай мұрағаты №18 іс, 64-бет) ғалымның кандидаттық минимум тапсырғанына, «Абайдың әдеби мектебі» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізгеніне, Әрхам Ысқақовпен бірге Ұлы ақынның шежіресін аяқтағанына және 1949 жылы Абайдың ақындық мектебінің шығармаларын алғы сөзімен, өмірбаяндарымен баспаға дайындағанына куәлік етеді.

Қайым аға ғылыми зерттеу жұмыстарымен қатар насихаттық шаралар және дәрістер өткізіп, экспедициялар ұйымдастыру арқылы зерттеуші ғана емес, мұражай мәдениетін қалыптастырушы қайраткер ретінде танылды. Ол музей қызметінен ешқашан қол үзбей, тоқсаныншы жылдардың соңында Бас мұражайдағы Абайдың ақындық айналасы бөлімінің, «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» мұражайының, Тақырдағы Көкбай ақынның мешіт-медресесіндегі экспозицияның ашылуына көп еңбек сіңірді.

Мұрағат деректерін ақтарғанда, Абайдың 95 және 100 жылдық мерейтойын өткізуге көрнекті ғалымның тікелей атсалысып, барлық ұйымдастыру жұмыстарының ұйтқысы болғанын көреміз. Ғалым ағаның алақанының табы қалған музей жәдігерлері әдеби мұражайды абайтанудың ғылыми орталығына айналдыруға Мұхамедхановтың көп күш-жігер жұмсағанының жарқын айғағы. Ол Абай заманындағы жәдігерлер мен естеліктердің ақынға қатысы барын жан-жақты тиянақтап, қор каталогын жасайды. Сонымен қатар, Әрхам Ысқақұлымен қоса Ахат Шәкәрімұлымен тығыз байланысып, үзбей хат алысып, кемелгер ақын Шәкәрім қажыны ақтау ісіне де аянбай араласты.

Қалыптасып, қаз басты

Мәдениет министрлігіне 1965 жылғы 14 қаңтарда жіберілген мәліметке қарағанда, мұражай экспозициясы 111,51 шаршы метр алаңда орналасып, экспонаттар саны – 1988 дана, экспозицияға қойылғаны – 277 болыпты. Ал, 15 музей қызметкерінің үшеуі ғылыми қызметкер екен (№ 27 іс. «Текстовые отчеты музея» /1964 – 1981/, 25-бет). Жоғарыда біз 1967 жылғы 13 мамырда Абай мұражайының қаланың орталығында орналасқан көпес Роман Ершовтың үйіне көшірілгенін айттық. Жөндеу және рэкспозициялық жұмыстар мұнда екі жылға созылып, мұражайдың **үшінші экспозициясы** 1969 жылы маусым айында ашылады, енді ол 6 залда немесе 223,3 шаршы метр аумақта қанат жайды. Келісім шарт бойынша рэкспозиция жұмыстарын Алматының көркемсурет шеберханасы Қазақстанның Орталық музейінің әдіскерлері дайындаған тақырыптық-экспозициялық жоспар бойынша жүзеге асырды (бас суретшісі К.С.Феодориди).

Экспозиция көлемі кеңейгендіктен, ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты жаңа тақырыптарды ашып көрсетуге жақсы мүмкіндік туады. Төменде ұсынылып отырған мұрағат құжаттары соның тағы бір дәлеліндей. Айталық, 1-ші бөлім: «Абайдың балалық шағы. Заманы; Қазақ фольклоры, әдебиеті және Абай»; 2-ші бөлімнің тақырыптары: «Шығыстың классикалық әдебиеті және Абай»; Ежелгі Греция, Шығыс ойшылдары мен Абай»; «Абай және татар әдебиеті»; «Семей және Абайдың қоғамдық қызметі»; «Абай және орыс демократтары»; «Абай және қазақ ағартушылары»; 3-ші бөлімнің тақырыптары: «Абай және орыстың классикалық әдебиеті»; «Абай – қазақ әдебиетінің негізін қалаушы»; «Абай – композитор»; 4-ші бөлім: «Абайдың ақындық айналасы»; 5-ші бөлімнің тақырыптары: «М.Әуезов – абайтану ілімінің негізін қалаушы»; «М.Әуезов – «Абай жолы» романының авторы»; «Қазақ совет әдебиеті және Абай»; «Абай бейнесі бейнелеу өнерінде»; 6-шы бөлім: Вестибюль – Кіреберіс. «Абайға тағзым ету» (Мұражай мұрағаты №27-іс. «Текстовые отчеты музея» /1964-1981/, 40 бет.)

Абай музейінің үшінші экспозициясы 1975 жылдың тамыз айына дейін көрермендерді

қабылдады және 1975-1976 жылдарғы құрылыс жұмыстарынан кейін оның көлемі 278,1 шаршы метрге дейін кеңейіп, енді экспозиция 7 залды қамтыды. Мұражайдың негізгі тақырыптары, жаңа деректермен толығып, мәселен, «Абайдың ақын шәкірттері» тақырыбы С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Т.Көбдіков, Ә.Тәңірбергенов туралы табылған материалдармен мейілінше байытыла түсті.

Осыдан көп ұзамай Абай мұражайының **төртінші экспозициясы дүниеге келіп**, ол келесі тақырыптарды қамтиды: 1-ші зал: «Абай заманы»; 2-ші зал: «Абай ауылы» деп жоспарланып, кейін бұл да «Абай – бейнелеу өнерінде» тақырыбына арналды; 3-ші зал: «Ақын шығармашылығының қайнар көздері»; 4-ші зал: «Абай шығармашылығы»; 5-ші зал: «Аудармалары. Абайдың ақын шәкірттері»; 6-шы зал: «Абайтану. Ақын ұрпақтары»; 7-ші зал: «Абай және қазіргі заман». Экспозицияның көркемдеу жұмыстарын Алматының бейнелеу өнері шаруашылық комбинатының суретшілері жасады. Бұл экспозиция 1978 жылғы 14-сәуірде ашылады және әр жылдық жоспар бойынша жаңа материалдар және жәдігерлермен толықтырылып, 1993 жылға дейін көрермендерді қабылдады.

Сонымен мұражайдың тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражай ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңі сәтті аяқталып, бұғанасы бекіген қалпы аяғын қаз басты.

ЮНЕСКО: 150 жылдық жемісі

Ұлы тұлғалар мұрасын сақтауда мерейтойлық кезеңдердің зор рөл атқаратыны шындық. Абайдың 150 жылдық мерейтойы да музей өміріне айтулы өзгеріс ала келді: Қазақ ССР Министрлер кеңесінің 1990 жылғы 5 сәуірдегі №141-қаулысы негізінде ақын мұражайы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық “Жидебай-Бөрілі” қорық-мұражайы болып қайта құрылады. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір саласы ретінде тұрақты экспозиция мен көрме жабдықтау және оларды одан әрі дамыта жетілдіру бағыты айқындалғанын көреміз.

Қорық-мұражай құрамына енді Семейдегі қалалық кешен, Бөрілідегі М.Әуезовтің мұражай-үйі, Жидебайдағы Абайдың мұражай-үйі, 6400 гектар қорық аймағына кіретін 16 тарихи орын қосылады. Оның қатары кейінгі жылдары Мақаншыдағы Әсет Найманбайұлының мұражайы (1992), Семейдегі «Алаш арыстары–М.Әуезов» экспозициясы (1997), Тақырдағы Көкбай Жанатайұлының мұражайы (1997), Құндыздыдағы Шәкір Әбенұлының мұражай-үйі (2003) мен Жидебайдағы Шәкәрімнің «Саят қора» экспозициясымен (2006) одан әрі толығып түсті.

Ақынның мерейтойы қарсаңында мұражай ұжымының алдында аса ауқымда жұмыстар тұрды, солардың бірі – жаңа экспозиция жасау міндеті еді. Бұған 1980 жылдардың аяғынан бастап бұрын қоғамнан жасырып келген тарихи деректердің көзі ашылып, құнды мәліметтермен танысу мүмкіндігі қолайлы жағдай туғызды. Осы жылдары Абай оқыған Ахмет Риза мешіт-медресесі және Алаш арыстары туралы деректер жинастырылып, бұрынғы тақырыптарды байыту мақсатындағы зерттеу жұмыстары одан әрі жүргізілді. Айталық, Мәскеу, Омбы, Қазан, Алматы, Ташкент, Бұқара, Жәркент және т.б. қалалардың мұрағаттарында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми іс-сапарлар ұйымдастырылды.

Абайдың 150 жылдығы қарсаңындағы ауқымды құрылыс жұмыстарына байланысты ақын мұрасын насихаттауды тоқтатпау үшін 1993 жылы мұражай құрамындағы Әниар Молдабаевтың үйінің 5 бөлмесінде уақытша экспозиция ашылып, 1995 жылдың 10-шы тамызына дейін (жаңа экспозиция ашылғанша) жұмыс жасайды.

Сол сияқты Абай шәкірттерінің бірі – Әсет Найманбайұлын мәңгі есте қалдыру мақсатында және туғанына 125 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесі 1990 жылы мұражай ашу туралы қаулы қабылдап, бұл міндетті ақын мұражайына жүктеді. Ғылыми қызметкерлер ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы материалдарды жинастырып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мақаншы, Жарбұлақ ауылдарына Әсет ақынға байланысты деректер, жәдігерлер, тұрмыстық заттар жинастыру үшін ғылыми экспедициялар

ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде, 1992 жылғы 24-сәуірде Мақаншыда Әсет Найманбайұлының мұражайы Абай қорық-мұражайының бір бөлімі ретінде өзінің алғашқы келушілерін қабылдады.

Сонымен қатар, 1995 жылы мұражайдың Семейдегі бұрынғы ескі үйінің жанынан жаңа күмбезді ғимараттың бой көтеруіне орай экспозициялық залдардың көлемі кеңейіп, жаңа экспозиция кіреберіс бөлімін қосқанда 18 залда қанат жайды. Бас мұражайдың **бесінші экспозициясының** жабдықтау жұмыстарын жүргізген «Заман-Ту» өнер бірлестігі (басшысы Ш.Қожаханов, бас суретшілер: Б. Қазанғапов пен Б. Көшербаев). Бұрынғы қалыптасқан бөлімдер тың деректермен, жәдігерлермен байытылып, жаңа экспозициялар ашылды. Жаңа бөлімдердің тақырыптары:

1. «Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы»; 2. «Абай тақырыбы – бейнелеу өнерінде»; 3. Семей қаласына байланысты тақырыптық көрме; 4. «Ескендір» поэмасы; 5. «Масғұт», «Әзім әңгімесі»; 6. Сыйлықтар залы; 7. Аудио-видео қондырғы орналасқан бөлім; 8. «Жаз» бөлімі; 9. Алаш арыстарының Абайтануға қосқан үлесі туралы және басқалары.

Қалалық мұражай аймағына 1993 жылы көшіріліп, қайта қалпына келтірілген, Абай білім алған Ахмет Риза мешіт-медресесінің екі бөлмесінде «Медресе тарихы», «Абай және Шығыс әлемі» экспозициялық залдары ашылады. Сол дәуірде басқа діни оқу орындарының ең озығы болған білім ошағын Ахмет Риза деген имам ұйымдастырғаны және Абайдың 1855-1859 жылдар аралығында осы медреседе оқығаны мәлім. Ахмет Риза медресесіне ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында (1992-1993) қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мұнарасы тұрғызылады және Дулатов көшесі мен Интернационал көшесінің қиылысына, яғни ақын музейінің ауласына көшірілген екен.

Жидебай – Бөрілі: ұлылар мекені

Абай есімімен тығыз байланысты киелі орындардың бірі – Жидебай. Ұлы ақынның 100 жылдығына орай 1945 жылы ақынның осындағы қыстауы мұражай-үй болып ұйымдастырылады. Ал, 150 жылдық мерейтой қарсаңында осы мұражай-үйінің залдарында реэкспозициялық жұмыстар жүргізіледі, ол жаңа тақырыптармен толықтырылып, қазір республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген. Абайдың Жидебайдағы және М.Әуезовтің Бөрілідегі мұражай-үйінде өткен 2015 жылы «Қазқайтажаңғыру» мекемесі күрделі жөндеу жұмыстарын жүзеге асырды.

Жидебай қорық-алқабы Семейден 178 шақырым жерде Абай ауданының аумағында орналасқан. Өмірінің соңғы 10 жылын өткізген Абай үшін Жидебай кезеңі ақын шығармашылығының аса жемісті жылдары болды. Бұл он жыл ішінде 75-76 өлеңі, Лермонтов пен Крыловтан 26 аудармасы, 27 қара сөзі және екі әні дүниеге келген.

Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы 1840 жылы Жидебайға қоныстанып, кейін Оспанның еншісіне қалдырылып, әкелері Ақшоқыға көшеді. Оспанның қайтыс болғанынан екі жыл өткен соң, 1894 жылы бұл қыстау Абайдың үй-жайына айналды. Ақын өз жобасы бойынша қыстауды қайта салдырады. Ғимарат 5 бөлме мен 2 дәлізді қамтиды: ас үй, қонақ бөлмесі, жұмыс кабинеті, алдыңғы бөлме, Еркежан бөлмесі. Бұл қыстауда кезінде Оспан мен Еркежан бауырына салып алған Ақылбай балалары: Әубәкір мен Пәкизат тұратын. Абай дүниеден өткен соң, қыстауға Әубәкір ие болып, оны 1925 жылға дейін мекендейді.

Музейдің қалалық кешені 1995 жылы ұйымдастырылып, жаңа экспозиция ашылғаннан бері ұлы ақынның мұрасын мейілінше кеңірек насихаттау мүмкіндігі туды. М.Әуезовтің ЮНЕСКО шеңберінде өткен 100 жылдық мерейтойы қарсаңында, 1997 жылы Абай қорық-мұражайының бір бөлімі – Әнияр Молдабаевтың үйінде «Алаш арыстары – М.Әуезов» экспозициясы ашылады. Кейін, жазушының 115 жылдығына орай, 1987 жылдан Абай мұражайының құрамына кірген, Бөрілідегі М.Әуезовтің мұражай-үйінде реэкспозициялық жұмыстардың нәтижесінде «Әуез бөлмесі», «Сыйлықтар» бөлімдері жабдықталып, басқа бөлімдердің тақырыптары толықтырылды.

Бөрілі – Әуез әулетінің атамекені. Әуез ақсақал мұнда өзінің сұрауы бойынша және

Абайдың рұқсатымен Шыңғыстаудағы Қызылшоқыдан көшіп келіп қоныстанған. Абайдың әкесі – Құнанбайдың Әуездің күйеу баласы екені белгілі, оның әйелі - Нұрғаным Әуездің қарындасы. Осындай туыстық қарым-қатынасты ұрпақтары да үзіп алмай жалғастырады. Абай мен Әуездің өзара жиі қатынасып тұрғаны белгілі. Қыстаулары да жақын 3-3,5 шақырым аралығында орналасқан екен. Сол себепті Әуездің немересі – Мұхтар 1897 жылғы 28-қыркүйекте Аяққараған деген жерде дүниеге келгенде Абай жасы үлкен досының қуанышына ортақтасқан көрінеді.

Аяққараған мен Бөрілі – қазақ әдебиетінің классигі, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты, абайтанудың негізін салушы, әлемге әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің атақонысы ретінде қымбат мекендер. Үш жағынан жықпылды сай жоталарымен көмкерілген Бөрілі алқабы киіз үй тәрізді. Қара жырық, Тасқұдық, Қара биіктің баурайлары, солтүстік батысындағы шоқылар мен қалың қараған осы алқапты жиектей көмкеріп жатыр.

Эпопеяда жазушы «Мұңлы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі...» деп өзінің атамекенін терең сүйіспеншілікпен суреттейді. Перзенттік жүректен туған осы бір жолдардан күннің күркірегені мен жел уілі, боран мен қасқырдың ұлығаны, жас қозы, лақ, бота, құлынның дауыстары мен иттердің үргені естілгендей әсер аласың. Бұл жердің әр сүйемі жазушының балалық шағының әсерлерін, іздерін сақтауда. Ол осында адамгершіліктің алғашқы сабақтарын алады. Абайдың «қара сөздері» арқылы оның даналығына алғаш ойын өрістетті. Жазушы Абай туыстары мен балалары – Тұрағұл, Мекаил, Изкаил, Кәмилә мен Ақылбай балаларымен қатар өсті.

Бөріліден жас Мұхтар білім соңында Семейге келіп алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерімен танысады. Ол Ж.Аймауытовпен бірге «Таң», «Сарыарқа», «Абай», «Қазақ тілі» газет-журналдарының ұйымдастырылуына атсалысты. Ал, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Б.Сәрсенов, Ш.Құдайбердиев, Т.Құнанбаев, Х.Досмұхаметов және т.б. Алаш қайраткерлерімен болашақ мемлекеттің жаңа мәдениеті, ғылымы, ағарту саласының қалыптасу жұмыстарына араласты. Қазақтың тұңғыш драмасы – «Еңлік-Кебек» Бөріліде дүниеге келіп, қазақ театрының төлбасы болған туынды Ойқұдықта 1917 жылы маусым айында иіндестіріліп тігілген қос киіз үйде көрермен көзайымына айналған екен.

М.Әуезов туған жеріне соңғы рет өзінің 60 жылдық мерейтойы кезінде келеді. Сол соңғы сапарында жерлестерінің алдында сөйлеген сөзінің таспадағы жазбасы мұражай қорында сақтаулы. Көп жылдан кейін жерлестерімен қауышқан жазушының терең тебіреніс үстіндегі көңіл-күйін осы таспадағы үн толқынынан сезінуге болады. Мұражай-үйдің экспозициясы жазушының 90-жылдық мерейтойына орай ашылып, 1987 жылдан бастап Абай мұражайының бөлімі болып келсе, оның іргесіндегі «Омархан – Нұржамал» кесенесі 1997 жылы салынған (кесене авторы – сәулетші Б. Ибраев, орындаушы - Н. Назарбеков, ішкі безендіру жұмыстарын жүргізген «Ел дана» кәсіпорны).

Шәкәрім, Көкбай және Шәкір мұрасы

Көкбай Жанатайұлының тақырдағы қыстауындағы ақынның мешіт-медресесі 1997-жылы қайта қалпына келтіріліп, тақырыптық экспозиция ашылады. Ол мешіт-медресе тарихына байланысты деректермен, Көкбай ақынның өмірі мен шығармашылығы және оның шәкірттері мен өңірдегі белгілі адамдармен таныстырады. 2011 жылы Көкбай Жанатайұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында мешіт ғимаратында қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңадан экспозиция жабдықталды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде экспозицияда ақынның өмірі мен шығармашылығы, қоғамдық және ұстаздық қызметі, Алаш үкіметімен байланысы көрініс тапқан. Кейінгі жылдары мұрағаттардан табылған деректермен толықтырылды. Жаңа заманға сай әдістердің арқасында экспозицияда «Шәкірт бұрышы» жабдықталған. Онда қойылған ақынның медресе ашқаны туралы деректер мен естеліктер, оқулықтар мен сол замандағы тұрмыстық заттар Көкбай Жанатайұлының ұстаздық қызметін діттей түседі.

Ал, 2001-2002 жылдардың жоспары бойынша халық ақыны Шәкір Әбенұлының өмірі

мен шығармашылығы зерттеліп, 2003 жылдың қазан айында Абай ауданының Құндызды ауылындағы ақынның үйінде бес бөлімнен тұратын мұражай-үйі ұйымдастырылды. Биыл ақынның 115 жылдығына орай Семейдегі Бас мұражайда «Алмастай жаркылдаған қайсар Шәкір» көрмесі ашылды.

Сол сияқты Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, 2006 жылдың қараша айында Шәкәрімнің «Саят қора» экспозициясы бөлімі Жидебайда Абайдың мұражай-үйінің қасынан бой көтерді. Бұл экспозицияның мақсаты: Шәкәрім ақынның соңғы қонысын көрсету және өшпес мұрасымен таныстыру. Экспозицияның жабдықтау жұмыстарын жүргізген Өскемен қаласының «Терме» өнер фирмасы (бас суретшісі Б. Каримов). Құндыздыдағы Шәкір Әбенұлы мұражай-үйінің экспозициясын да жабдықтаған осы кәсіпорынның суретшілері.

Бүгінде мұражайдың ғылыми жүйесі де жылдан-жылға дамып, зерттеу аясы кеңейе түсуде. Абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, әсеттану, көкбайтану бойынша қалалық, республикалық және халықаралық конференциялар өткізу ұжымның қалыпты жұмысына айналды. Мәселен, 1998 жылы «Шәкәрім шығармашылығы», 2010 жылы «Абай, Шәкәрім мұралары зерттелуінің өзекті мәселелері және музейтану», 2013 жылы ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтымен бірлесіп «Зәки Ахметов және абайтану мәселелері», Астанадағы Қазақстан-Ресей университетімен бірлесіп «Абайтанудың мектеп бағдарламасындағы орны», 2013 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 155 жыл толуына арналған «Шәкәрім мұралары зерттелуінің өзекті мәселелері және музейтану», 2014 жылы «Абайтану мәселелері: бүгіні мен болашағы» тақырыптарында конференциялар ұйымдастырылды. Ал, таяуда, 6-мамырда көрнекті абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметхановтың 100 жылдығына орай, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтымен бірлесе отырып республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Сонымен қатар, 18-мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай өткізілетін «Музей түні» акциясы ауқымында бізде «Ұлы дала дәстүрі» шарасы ұйымдастырылып, жергілікті өнерпаздар мен шеберлер туған халқымыздың жауһар өнері мен адамшылыққа үндейтін өнегелі рухын паш етті.

Абайдың көзінде жәдігерлер

Бүгінгі таңда музей қорында барлығы 20 372 экспонат болса, оның 11619 - негізгі қорда. Солардың арасынан екшеп алар құндыларымыз – Абай Құнанбайұлына тікелей қатысты жәдігерлер: Абайдың бейнесі бар екі фотосурет. Атап айтқанда, 1896 жылы балалары Ақылбай және Турағұлмен, 1903 жылы отбасымен түскен фотосуреттер; ақынның көзі тірісінде П.Д.Лобановскийдің қарындашпен салған портреті; Абайдың 1896 жылы ұлы Мағауияға жазған хаты; 1885 жылы Н.И.Долгополов арқылы Семейдегі өлкетану музейіне тапсырған заттар (жалпы саны -17); Сол сияқты Москва, Ленинград, Омбы, Том, Қазан қалаларының және Қазақстанның мұрағаттарынан табылған Абайдың өмірі, атқарған қызметі, туыстық және өнер айналасына қатысты мұрағат деректері; Абай оқыған медресенің араб, түрік, шағатай тілдеріндегі кітаптары.

Қазіргі таңда Абайдың бейнесі сақталып қалған екі фотосурет қана белгілі және ол екеуінің тарихта алар орны ерекше: 1896 жылы Ділдәдан туған тұңғыш ұлы Ақылбай және Әйгерімнен туған Турағұлмен түскен фотосурет музей қорына түскен алғашқы жәдігерлердің бірі. Семей қаласындағы Н.Кузнецов деген фотограф түсірген бұл фотосуретті Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Мұхтар Әуезовтен алып келген екен, өлшемі: 9х13 см. Екінші фотосурет 1903 жылы киіз үйдің ішінде түсірілген. Фотосуретте Абай, ұлдары Мағауия мен Турағұл, немерелері Пәкизат, Әубәкір, келіні Кәмәлия (Әубәкірдің әйелі) және әйелі Еркежан бейнеленген. Бұл фотосурет те музей қорына Мұхтар Әуезов арқылы 1959 жылы келіп түсіпті.

Музей қорындағы бейнелеу өнер туындыларының ішіндегі өзінің көркемдігінен гөрі тарихи құндылығы басым жәдігерді де атап өтуіміз қажет. Ол – Абайдың көзі тірі кезінде салынған портреті. Авторы Семейге саяси қуғынға айдалған Павел Лобановский. Ол Дондағы

Ростов қаласынан «саяси сенімсіз» ретінде Дала өлкесі генерал-губернаторының қарамағына айдауға жіберілген екен. 1884 жылдың тамыз айынан бастап Семей қаласында тұрып, Абаймен өзі сияқты саяси сенімсіздер арқылы танысып, араласады.

Музейдің көптеген жылдар бойы жиналған қолжазбалар қорында 800-ден астам дерек көзі сақтаулы. Соның ішінде Абайдың 1896-жылы ұлы Мағауияға жазған хаты біз үшін ерекше қымбат. Тобықтының Көкше руынан шыққан Бозанбай шөбересі Мұсахан Балтақайұлының қолжазбаларының арасынан табылған хат жұқа ақ қағазға жазылған. Түпнұсқа тозғанына қарамастан дені жақсы сақталған. Ұлы ақынның хатының ол кісінің қолына кімнен жеткені беймәлім, бар білетініміз, Мұсаханның айтуынша, оның әкесі Балтақай Абайдың немересі Әубәкірмен аралас-құралас болған.

Абай Құнанбайұлының Семей қаласындағы 1883 жылы ашылған өлкетану музейінің қорын экспонаттармен толықтыруға көмектескені мәлім. Абайдың Семейдегі орыс достарының бірі – Н. Долгополов 1885 жылғы жаз айларында ақын ауылында екі айдай болып қайтады. Семейге оралысымен өлкетану музейіне қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты елуден астам зат тапсырыпты. Олардың барлығының Абай ауылынан әкелінгені туралы музейдің сол кездегі тіркеу журналына жазылып, баспасөз бетінде де жарияланған. Сол тізімді қарап отырсақ, заттардың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен жан-жақты хабар беретіндей, ғылыми тұрғыда таңдалғаны байқалады. Олар үй-ішінің жабдықтары: асадал, кебеже, саба, сүйретпе, жезмойнақты торсық, піспек, табақ, шыныаяққап, әшекейлі құтылар, бесік, ұршық, тоғызқұмалақ; қару-жарақтар: айбалта, найза, шоқпар. Ұста саймандары: көрік, төс, қысқаш. Музыка аспаптары: қобыз, сыбызғы, асатаяқ, домбыра. Бұған қоса қазақ ауылындағы сүттен даярланатын тағам түрлері, тіпті қара сабынға шейін бар. Бұлардың барлығы қазақ халқының этнографиялық болмыс-бейнесін көрсетуді мақсат етіп, жүйелі түрде жинақталған жәдігерлер.

«Ертіс» газетінің 1963 жылғы 8 қыркүйектегі санында Абай музейінің алғашқы директорларының бірі, абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың қосқан үлесі» атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада ұлы ақынның 1885 жылы өлкетану музейіне экспонаттар тапсырғаны туралы жазылған еді. Ғалым арнайы Абай мен Долгополов тапсырған заттарды өлкетану музейінің экспозициясынан және қоймасынан музей қызметкерлерінің көмегімен іздеп, анықтау жұмыстарын жүргізген. Қ.Мұхамедханов Абай тапсырған заттардың 23-ін ғана тапқан екен, олардың «...кейбіреуі жақсы сақталған, кейбіреуі күтімсіздіктен тозған». Осы ізденістің нәтижесінде келесі, 1964 жылы қыркүйек айында Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Абай тапсырған заттардың 17-і ақынның өз музейіне беріліпті, соның бірі – ақынның құтысы қазір Ұлттық музейдің экспозициясына қойылған.

Алда – 175 жылдық мерейтой

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының туғанына 2020-шы жылы 175 жыл толады. Бұл мерейтойдың халықаралық деңгейдегі айтулы оқиға екені белгілі. Бізде соңғы жылдары музейаралық, солардың ішінде халықаралық деңгейдегі байланысқа жете көңіл бөлінуде. Мәселен, 2014-2015 жылдары Ресейдің Мәскеу қаласындағы Л.Толстойдың мемлекеттік музейімен, А.Пушкиннің мемлекеттік музейімен, Тула облысындағы Л.Толстойдың Ясная Полянадағы қорық-мұражайымен, Омбы қаласындағы қазақ мәдениетінің «Мөлдір» орталығымен, Орынбор облыстық бейнелеу өнері мұражайымен шығармашылық байланыс жасалып, меморандумдарға қол қойылған.

Осындай ынтымақтастық келісімдер Абай қорық-музейінің атқарып жатқан жұмыстарын халықаралық деңгейге көтеріп, ұлы тұлғаларды шетелдерде насихаттауға мүмкіндік туғызады. Мәселен, 2016 жылдың ақпан айында шығармашылық байланысты нығайту жұмыстары одан әрі жалғасын тауып, Германияның Кассель қаласындағы ағайынды Гриммдер музейімен бірлескен көрме ұйымдастырылды. Енді меморандумның шарты бойынша ол музейде де Абай Құнанбайұлының мұрасын насихаттайтын көрме дайындалады. Біздің музей 2014 жылы ИКОМ – халықаралық музейлер қауымдастығына мүше болып, 2015

жылы «ИКОМ – Қазақстан үздігі» номинациясы бойынша дипломмен марапатталған.

Биылғы, 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы атап өтілуіне байланысты музей қызметі жандана түсті. Мәселен, 2016 жылдың 20 қаңтарынан бастап, соңғы жылдары бос тұрған Ахмет Риза мешітінің ғимаратында «Абай» өнер мектебі өз есігін ашты. «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ», - деп ұлы ақын жырлағандай, жастардың білімді, өнерлі болып өсуіне ықпал ету, олардың ақын шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыру арқылы «сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиелеу көзделеді. Мектепте ақындық өнер, мәнерлеп оқу, көркемсурет, тоғызқұмалақ пен дойбы және қолөнер үйірмелері жұмыс жасайды.

Бекітілген жоспар бойынша, сондай-ақ, қор жинау мен сақтау және ғылыми-зерттеу, көрмелер ұйымдастыру мен насихат жұмыстары одан әрі жалғасты. Мәселен, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнап «Абай арманы – Ұлы дала елінің ұлық мерекесі», «Ұлы дала мұрасы», сондай-ақ, жаңадан «Абайдың ән-күй мұрасы», «Абай мұрасы – өнер қанатында», «Ұлы дала елінің ұлы ақыны» экспозициялық көрмелері ұйымдастырылды.

Қазір Абай қорық-мұражайының ғылыми қызметкерлерінің алдында мұражай экспозицияларын жаңарту және қазіргі заманға сай жаңа технологиямен жабдықтау міндеті тұр. Соған орай мұражайдың ғылыми құрамы «Жидебай қорығының кешенді даму тұжырымдамасын (2016-2028жж)» және қорық-мұражайдың «Бас мұражайы экспозициясының тақырыптық-экспозициялық тұжырымдамасын» (2016-2020жж) дайындады. Ұжымның тыныс-тіршілігі «Абай мұражайының хабаршысы» журналы, «Асыл қазына» газеті, Абай қорық-музейінің сайты және ғылыми құрамның БАҚ-да жарияланған мақалалары мен хабарламалары арқылы ашып көрсетіледі. Бұған қоса «Абай мұражайының кітапханасы» сериясымен кітаптар топтамасы шыға бастады. Осы топтаманың біріншісінде мұражай қорындағы Абай туралы естеліктер кітап болып жарық көрді. Одан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған «Мұтылғанның тағдыры», «Қазақ айнасы», Көкбай Жанатайұлы туралы естеліктер, деректер жиналған «Көкбай ақын», «Көкбай Жанатайұлы шығармалары» атты жинақтар басылды. Таяуда жарық көрген республикалық әдеби-танымдық «Абай» журналының 2-ші саны тұтастай Ұлы ақын жайындағы естеліктерге арналып отыр.

Сонымен қатар мұражайда сақтаулы құнды жазба жәдігерлердің тізбелері қайта қаралып, толықтырылып, осы тізбелердің негізінде «Абай мұражайы қорының сипаттамасы» кітабы жарық көрді. Бұған қоса, «Абай мұражайының жәдігерлері» сериясымен кітапшалар басыла бастады. Жалпы, 2010-2015 жылдары мұражай қорындағы деректердің негізінде үлкенді-кішілі 26 ғылыми-танымдық басылым жарық көріпті. Бұған қоса, қор құжаттары негізінде мұражай бөлімдеріне арналған «Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық-мұражайы (Бас мұражай)», «Ахмет Риза медресесі», «Көкбай Жанатайұлының мұражайы», «Шәкәрімнің Саят қорасы», «Шәкір Әбенұлының мұражай-үйі», «Әсет Найманбайұлының мұражайы», «М.Әуезовтің мұражай-үйі» және «Абайдың қуғын-сүргін көрген ұрпақтары мен туыстары», «Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпақтары» атты буклеттер мен кітапшалар да дайындалған.

Қорыта келгенде, Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі Ұлы ақын мұрасын асыл аманат ретінде ардақ тұта отырып, Абайдың, Шәкәрімнің және М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер мен жәдігерлерді жинау мен сақтау, сондай-ақ, халыққа насихаттау ісінде заманауи ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану арқылы оны туризмнің «жібек жолындағы» рухани орталыққа айналдыруды өздеріне абыройлы парыз санайды.

Сарбасов Алмас Тілеужанұлы

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-мұражайы» РМҚК

Ғылыми қор және экскурсиялық
қызмет көрсету бөлімінің басшысы

Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң да, қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар, батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп....

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытаудағы сөзінен.

Біздің ауданымыздағы «Берел қорғандары» бүгінгі таңда өзіндік мәдениетімен және одан табылған жәдігерлерімен, тек өзіміздің елімізге ғана емес, шет елдерге де кеңінен танылып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы зерттеулер, 1998-1999 жылдары атақты археолог Зейнолла Самашев басқарған халықаралық экспедицияның сақ дәуірінің обаларына жүргізген қазба жұмыстары табысты болды. Осының нәтижесінде №11 қорған табылып, әлемдік ғылымға бай мағлұматтар алынды. Бұдан кейін де қазба жұмыстары жүргізіліп, тарихымыз тың деректермен, еліміздегі мұражайларымыз құнды жәдігерлермен толықтырылып, алқапқа «Патшалар жазығы» атауы берілді.

Қазіргі таңда Берел қорғандары еліміздің тарихын, мәдениеті мен қолөнерін зерттеуде теңдесі жоқ олжалар сақталған жалғыз ескерткіш. Сондықтан, Берел қорық мұражайы құрылғалы бері тарихымызды ұмытпау, ұлтымызды ұлықтау мақсатында көптеген іс-шаралар өткізуде мектептермен, кітапханалармен, басқа да мекемелер мен бірлесіп ұлттық рухымызды насихаттайтын жұмыстар жасауда.

Жазғы демалыстарын қызықты, әрі пайдалы өткізу мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әр ауданынан Берел қорымына келуші оқушылар мен туристер саны жылдан-жылға артуда.

Алыс аудандардан келген жас туристер Берел қорғандары туралы ғана емес, сонымен қатар, жалпы Катонқарағай ауданының тарихы, көрнекі жерлері туралы мағлұматтар алып, ауданымыздың әсем табиғатына саяхат жасауда.

Өлкеміздегі баға жетпес тарихи-мәдени құндылықтарымызды танып білуге ынталандыру, салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени-экологиялық-туристік қозғалысты дамыту мақсатында жыл сайын Катонқарағай Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркімен бірлескен «Жасыл алаң» слеті өткізіледі.

2015 жылы «Берел» мемлекеттік тарихи мәдени қорық мұражайы» орталығы Франция мемлекетінде орналасқан «ИКОМ» атты дүниежүзілік музейлер ұйымының құрамына мүше болып, «Жыл мұражайы» атанды.

Алтайдан бастау алған мәдениеттерді қайта түлету, бір-біріне жақындастыру, ұлы рухани мұраны сақтап, ары қарай дамыту және бауырлас түркі халықтарының, соның ішінде, Азия елдерінің де өнерпаздарының өнерін де, салты мен дәстүрін Алтай жұртына паш ету мақсатында Берел жазығы - «Патшалар мекенінде» ұйымдастырылатын «Алтай - түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық форумы екі жылда бір рет өткізіліп тұрады.

Қорық-мұражайдағы экспонаттардың тапшылығына қарамастан халыққа мәдени

қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында мұражай қызметкерлері халықтың сұранысына байланысты арнайы бағдарламалар жасап, іс-шаралар ұйымдастырады. Соның ішінде, Үкіметтік емес ұйымдармен де біріккен жұмыстар жасалуда. Атап айтар болсақ, «Бота» қоғамдық қорының қолдауымен қорық-мұражай аумағында «ТЭК» экологиялық-туристік орталығымен бірлескен «Шектеулі мүмкіншіліктен - шығармашылық өмірге» атты жазғы артлагерь жыл сайын өткізіледі. Мұнда Зырян қаласының мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 2 мектеп-интернаты және Катонқарағай ауданының әлеуметтік қорғау бөлімінің қарамағындағы балалар мен жастар қатысады, алдағы уақытта бұл бағдарламамызға қатысатын басқа да мекемелер мен ұйымдардың санын көбейту жоспарланып отыр.

2015 жылдың 10-20 шілдесі аралығында Берел қорымдарында Берел қорық-мұражайы мен «ТЭК» экологиялық-туристік орталығы бірлесе отырып, Европалық Одақтың қолдауымен халықаралық «Алтын Алтай – біздің өңіріміздің байлығы» жобасы аясында «Көшпенділер» атты лэнд-арт симпозиумы өтті. Жалпы, бұл симпозиум әлемнің көптеген елдерінде өтіп келеді, ал, біздің Қазақстан халқының көпшілігі үшін бұл таңсық, біздің Шығыс Қазақстанда мұндай іс-шара алғаш рет болып өтті.

Лэнд-арт атты өнердің ерекшелігі сол, бұл өнер табиғатпен, қоршаған ортамен біте қайнасқан. Бұл жанрды жанына серік еткен суретшілер тек қана табиғи дүниелерді пайдаланады. Шара барысында бес елден (Ресей, Белоруссия, Словакия, Словения, Қырғызстан және Қазақстаннан) арнайы келген суретшілер Берел қорығы аумағында бір апта бойы жасаған туындыларын жұртшылық назарына ұсынды. Олар осы уақыт аралығында 14 нысанды жасап тұрғызды.

2015 жылдың 18-21 тамызы аралығында «Берел» тарихи-мәдени қорық-мұражайы», Халықаралық Түркі академиясы және А. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының ұйымдастыруымен Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан сынды Халықаралық Түркі академиясының құрылтайшылары саналатын төрт елдің ғалымдары мен археологтары, ақпарат саласының майталмандары Төр Алтайдың Қарақаба және Берел қорымдарында болып, «Алтай – алтын бесік» атты Халықаралық далалық семинар өткізді. Белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев бастаған мамандардың соңғы жылдары қазба жұмыстарында тапқан олжалары тақырып тұздығына айналды.

«Алтай – алтын бесік» атты басқосу бұл жолы мәдени байланыс деңгейінен мемлекетаралық ғылыми ынтымақтастық деңгейіне шықты. Ендігі міндет - ортақ мұраны әлем назарына өз деңгейінде ұсына білу. Әрі ғылыми экспедиция, әрі симпозиум-семинар ретінде өткен шараға қатысушылар осы мақсатта бірлесе жұмыс атқаруға серттесіп тарқады.

Қазіргі кезде Берел қорық-мұражайының өз ресми сайты бар. Мұражайымыз туралы ақпарат іздеген адамдар осы сайт арқылы өздеріне қажетті ақпаратты ала алады.

«Берел» тарихи-мәдени қорық-мұражайының құрылғанына 8 жыл өтсе де оның қорында жәдігерлер жоқтың қасы еді. Оның өзіндік себебі де бар. Берел қорғандарындағы «Патшалар жазығына» негізгі қазба жұмыстары 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында жүргізілген болатын, ал мұражай 2008 жылы құрылды. Яғни мұражайдың жоқтығынан табылған заттардың барлығы да қорғандарымызды қазған археологиялық институттың немесе республикамыздағы атақты мұражайлардың меншігіне айналып, солардың көрме залдарын толықтырды, (оның ішінде «Ұлттық музейдің» алтын залында орналасқан Берелден табылған жәдігерлерді де ерекше атауға болады).

Мұражай ұжымы туристер санының жыл сайын артып келе жатқанына байланысты, олардың қызығушылығын тек қана сөзбен және қазылған обалардағы тастармен қанағаттандырып отыру мүмкін еместігін атап көрсетіп, салалық министрлікке де, археологиялық институттарға да жәдігерлерді қайтару жөнінде бірнеше рет ресми хаттар да жолдаған еді.

Енді міне сол өтініштердің негізінде археолог Зайнолла Самашевтің атсалысуымен

Астана қаласындағы Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының филиалында сақтаулы тұрған бірқатар жәдігерлер мұражайымызға қайтарылуда. Берелдегі обалардан табылған жәдігерлердің бір бөлігі биылғы қаңтар айында қайтарылып, арнаулы комиссиямен тізімделіп біздің мұражайдың қорына өткізілді.

Мұражай аудан, облыс әкімдіктерімен де тығыз қарым-қатынас орнатып бірлескен жұмыстар атқаруда. Осылардың нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.К. Ахметов Берелдегі қазба жұмыстары мен одан табылған жәдігерлерге қызығушылық танытып, облысымыздағы археологияны дамытуға қомақты қаржы бөлетіндігі туралы айтқан еді. Кейіннен Шығыс Қазақстан облысында археологияны дамытудың үш жылдық жоспары жасалынған болатын. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткен «Алтай-Түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық конференция аясында 9-қыркүйек күні №2 қорғанға шыныдын салынған музейдің ашылу салтанаты болып өтті. Осылайша «Патшалар жазығында» азғантай уақыттың ішінде жаңа ашық аспан астындағы музей пайда болды.

Қазіргі таңда мемлекеттік жекеменшік серіктестік (ГЧП) аясында аудан кәсіпкерлерімен білескен жұмыстар атқарылуда.

Айта кетер жайт, мұражайға жыл сайын қазақ этносының тереңнен бастау алып, шығу тарихын көрем деп, қызығушылық білдіріп келіп жатқан адамдар саны артып келеді.

Биылғы жылы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен атақты №11 қорғанға музейлендіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, алыс-жақын шет елдерден келген қонақтар мен болашақ ұрпаққа тарихымызды көрсетіп, насихаттауға арналған керемет кешеннің құрылысы аяқталар болса, алдағы уақытта да келушілер санын көбейтеді деген сенімдеміз.





Жұмашова Ақлима Абдуллақызы
«Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейі» РМҚК, бөлім меңгерушісі т.ғ.к

Отырардың музыка мәдениеті

Қазақ халқының музыкалық аспаптары арқылы музыка мәдениетінің дамығаны оның ерте заманнан бері қалыптаса бастағаны белгілі. Қазақ халқының музыкалық аспаптарының құрылымы, дыбыс ерекшеліктері, ойнау тәсілдері басқа халықтардікінен өзгешелігімен ерекшеленеді.

Қазақ халқының музыка мәдениеті туралы П.С.Паллас, А.Левшин, Ш. Уалиханов, М.Георги, Г.Потанин, С.Рыбаков, Ә.Марғұлан, А.Машанов, Ө.Жәнібеков, Б.Сарыбаев сияқты зерттеушілер мен ғалымдардың еңбектерінде жазылған.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда ойын-сауық қойылымдары мен театр өнері ортағасырларда кең тараған. Жазба деректерде музыканттар, сиқыршылар, актерлер, т.б. әр түрлі өнер иелері жайында жазылған. Ойын-сауық қойылымдары антикалық дәуірден бастау алып, Орта Азия мен Қазақстанда бетперде киген әртістер көбінесе мерекелерде көріністер мен сахналық қойылымдар жасады. Оңтүстік Қазақстанда театр өнерінің дамығанын Құйрықтөбеден (ежелгі Кедер қалашығында) қазба жұмыстары барысында табылған X-XII ғ.ғ. тән бетперде, XI-XII ғ.ғ. қыш ыдыстар, ағаш тақтайшалар арқылы біле аламыз. Сопақша және дөңестеу болып келген бетперденің биіктігі 20 см, ені 12 см. Оның ішкі жағында қалыпқа келтіру кезінде қалған саусақ іздері бар, сырты қызыл ангобпен сыланған. Бетпердедегі көз бен ауыздың орындары тар тесік түрінде кесіліп жасалған. Дөң мұрыны мен қастары томпайтылып берілген, ал құлақтары жабыстырылған. [1, 196 б.]

Қазақ халқының музыкалық аспаптарына сазсырай, қобыз, домбыра, сыбызғы, уілдек, сазген, желбуаз, даңғыра, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, дүңгіршек, асатаяқ, тоқылдақ, адырна, сақпан, шаңқобыз, желқобыз, тұяқтас, шыртылдауық, кепшік, бұғышақ жатады. Даланың құбылуына байланысты музыка да мұнды, көңілді ырғаққа толы болып келеді. Музыкалық аспаптардың ертеден келе жатқан өз тарихы бар, олардың кейбіреуіне тоқталатын болсақ, мысалы қобыздың қобыз деп аталуы көне түркілердің тәңірге жалбарарынған кезде айтатын сөздеріне меңзейтініне қарап аспаптың әуел бастан-ақ ғұрыптық аспап болғанына күмән келтіруге болмас. Қобыз өте ерте дәуірден келе жатқан музыка аспабы. Қобыз атасы сазгер, жыршы, ақын, бақсылардың қамқоршысы Қорқыт болған.

Қобыздың ең ескі түрі Ұлытаудың теріскей баурайында бір ғажайып мүсін таста сақталған, ал екінші түрі Қарқаралы аумағында, Дегелең тауының бір алабында VI-VIII ғасырларда бір мүсін тасқа ойып түсірілген.[2, 105 б.] Қобызды аңыз бойынша үйеңкі деген ағаштан жасаған, ол су жағасында өсетін көп жыл жасайтын ағаш, сабағы жуан, жапырағы өте көп. Үйеңкі дымқыл және құрғақ жерде өсе береді. Қорқыт атаға байланысты туған өлеңдерде, мәселен, қобыздың неден жасалғаны былай баяндалады:

Қарағайдың діңінен
Қайырып алған қобызым.
Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған қобызым.
Қара еменнің өзегін
Жарып алған қобызым,
Ақ қайыңның безінен

Қағып алған қобызым,
Таусылғанда амалым
Нақыл берген қобызым,
Шағылғанда табаным
Ақыл берген қобызым

Бұрынғы замандарда қазақ халқының қобызының формасы аққу бейнесіне ұқсас болып келген. [3, 105 б.] Қазақ халқында аққу киелі құс болып саналған, оны еш уақытта атып өлтірмейді және аққудың үні жаратылыстағы ең әдемі үн деп есептелген. Ол туралы саяхатшы, этнограф П.С.Паллас, Аспаптың дыбысы мен сыртқы көрінісі аққуды елестетеді деп, А.Левшин Қырғыздардың ең басты музыкалық аспабы қобыздың үнінен әр түрлі құстардың дауысына еліктейтін табиғи өте ұқсас сарынды естідім деп жазады. Қорқыт ата жайындағы аңыздар қазақ, қырғыз, т.б. түркі халықтарының арасында сақталған. Қобызды Қорқыттың қалай шығарғаны туралы мынадай аңыздар бар: ұлы сазгер, әрі жыршы Қорқыт өзгеше музыкалық аспап жасау үшін ойланып жүреді, бір күні түсінде періштелер аян береді, ағаш аспапқа түйенің көңін қаптап, жылқының қылынан шек жаса, дейді. Сол айтқандарды орындап, әлгі аспапты қолға алып тарта бастағанда керемет әуен шыға бастайды. [4, 2 б.] Тағы бір аңызда былай деп жазады: Қорқыт елсіз жерде Желмаясын мініп келе жатса, алдынан бір әдемі үн естіледі. Ол жерге келсе айдалада өзі тартылып жатқан қобызды көреді. Қорқыт Желмаядан түсіп, қобыздың сарыныны тыңдап көп уақыт оның қасында отырады. Қобыздың сарыны басылған кезде қобызды бауырына басып үйіне алып келеді.

Қазіргі Қызылорда облысының Төретам станциясынан бес-алты шақырым жерде, Сырдарияның жағасында мазар болатын, мазарды Ә.Диваев суретке түсірген. Ол жерде қазіргі кезде Қорқыт атаға арналып қобыздың формасында жасалған архитектуралық ескерткіш орнатылған. Авторлары - архитектор Б.Ыбыраев, физик С.Исатаев.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы этнограф Ө.Жәнібеков өзінің «Уақыт керуені» атты еңбегінде былай деп жазады: “Халқымыздың музыкалық аспабы дабыл арқылы жаудың жақындағанын, ұрыс қимылды бастау, оны тоқтату жайлы дыбыс беретін болған. Дауылпаз, шыңдауыл, аңшылыққа қажет болса, даңғыра кепшік той-думан кезіндегі қызықшылыққа арналған. Әсіресе ұрмалардың көпшілігі жаугершілікке, әртүрлі қашықтыққа тиісті хабар беру үшін, аң аулау кезінде құстарды ұшыруға немесе аңдарды тосынға қарай ығыстыруға пайдаланған, ал үшіншілері бақсының сарынын ғұрыптық билерін сүйемелдеуге бейімделген. Асатаяқ, сылдырмақ бізге көпшілік жағдайда бақсы ойыны арқылы жеткен. Шыртылдауық, сақпан, шың баланың қабілетін дамытуға негізделген ең қарапайым аспаптар болып табылады.” [5, 8 б.]

IX-X ғ.ғ. кең тараған музыкалық аспаптың бірі үрмелі саз аспабы – сазсырнай болған. Оның ең алғашқы түпнұсқасын 1968 жылы Отырар қаласының орнынан өлкетанушы, тарихшы, музей адамы деп атанған Асантай Әлімов тапқан. Сазсырнай саз балшықтан белгілі үлгідегі қалыпта екі сұлбада жасалып біріктіріледі, кептіріліп, ойықтары ойылып, 960 градус ыстықта күйдіріліп, сыртына глазурь жағылады. Аспапты күйге келтіру үшін әуелі үрлеуге арналған ойықты сазсырнайдың ерінге такалатын тұсының оң жағынан сәл солға қарай қиғаштау ояды. Сонда шанақ қуысына бағытталған ауа ішкі ернеуге тиіп толқын пайда болады. Шанаққа тиген ауа толқыны жаңғырып, дыбыс шығады. Дыбысты қажетті биіктікте алу үшін белгілі бір көлемде аспаптың бүйірінен ойықтар жасалады. Ойықтарды сазбалшықпен үлкейтіп немесе кішірейту арқылы дыбыс қуаты төмен не жоғарылатылады. [6, 32 б.] Ол туралы өнер зерттеушісі, ғалым Болат Сарыбаев былай деп жазады: Отырардан табылған сазсырнай маған жеткізілді. Меңгеру әрекетінде ол аспаптан әуелі үш дыбыс шығардық. Екінші октаваның ми-бемоль, фа, соль ноталарына сәйкес. Төменгі ойығын жауып ойнағанда ми-бемоль, соль ойығын жартылай ашқанда фа ал толық ашқан кезде соль ноталарына сәйкес дыбыстар шығады. Осыдан кейін «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбліні құру туралы ой туған екен. Бұл аспаптың кеңінен қолданылуына көп еңбек сіңірген педагог – музыкант Өтебай Сахов болатын.

Сазсырнайдың тұсауын кескен халық әртісі Нұрғиса Тілендиев еді. Отырардан шыққан сазсырнайды қайта жетілдірген отырарлық суретші, керамист Кендебай Қарабалов болатын, оның жасап шығарған осы музыкалық аспабымен кез келген әндерді орындауға болады.

Көне музыкалық аспаптарымыздың бірі сыбызғы үні арқылы жан-жануарлардың, адам табиғатының және қоршаған ортаның тылсым сырын өрнектеп келтіреді. Ал халық аспаптарының бірі жетіген – жеті ішекті көне аспап, ішектері жылқы қылынан тағылатын. Келесі музыкалық аспаптың бірі шертердің сыртқы тұрпаты домбыраға, кейде қобызға келеді. Ішектерінің қыл шанағының ашық мойнының түзу болуы домбыраға жуықтады. [7, 49 б.]

Тарихшы – этнограф, өнертанушы ғалым Ө.Жәнібеков қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы өзінің «Уақыт керуені» атты кітабында былай деп жазады: “Халық аспаптары жайлы алғашқы деректер қазақ даласының перзенті, шығыстың әлемге аты әйгілі ғұламасы Әбу Нәсір әл-Фарабидің еңбектерінде, X-XI ғғ бізде болған араб, парсы, европа саяхатшылардың жолжазбаларында кездеседі”.

Екінші Аристотель атанған энциклопедист, философ жерлесіміз Әбу Нәсір әл-Фараби музыка мәдениетіне үлкен мән беріп, зерттеген. Оның ғылым мен өнердегі үлкен дүниесі оның музыкасы. Музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазған: «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы». Әбу Нәсір әл-Фараби музыка туралы еңбегіне кіріспес бұрын ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Евклид, Аристоксен, Птолемейдің тиісті еңбектеріне сүйенеді. Оның музыка теориясына арналған үлкен еңбегі «Музыканың ұлы кітабы» деп аталады. Бүкіл әлем зерттеушілері музыка теориясының үлкен кітабы деп бағалаған Әбу Нәсір әл-Фарабидің бұл еңбегінің көшірмесі Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылындағы Руханият Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайында сақтаулы. 1967 жылы Каирда басылып шыққан нұсқасын және арабша қолжазбасын тапсырған фарабитанушы Ақжан Машанов болатын. Ақжан Машанов әл-Фарабиді таныту арқылы қазақ халқының ежелгі музыкалық мұраларын, музыкалық аспаптарын да жария етті, сол арқылы елдің салт-дәстүрін, рухани өрісін, өнерге көзқарасын айқындап берді. Әбу Нәсір әл-Фараби өз еңбегінде математикалық тәсілдер пайдаланып музыкалық дыбыстарды тұңғыш қағаз бетіне түсірген. «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатында музыканың дыбыс сипаты, оның құрылымы, музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Ғұлама ғалым қазақ домбырасына ұқсас аспапты ойлап тауып, сол аспапта өзі ойнаған, бір қызығы Әбу Нәсір әл-Фарабидің еңбектерінде қазіргі домбыраға ұқсас тамбурлардың бұрын тұрақты және жылжымалы пернелері болғаны жазылған.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайының қорында сақтаулы тұрған қазақ халқының музыкалық аспаптары домбыра, қобыз, сазсырнай, дауылпаз, шаңқобыз, бұлар ұлттық сана-сезімімізді өсіріп, төл музыкалық мәдениетімізді көрсетеді. Оларды жинауға Отырар мұражайының қызметкерлері белсене атсалысып, заттарды іздестіру үшін де арнайы экспедициялар ұйымдастырылған.

Отырар, Тараз, Ақтөбеде бірнеше жылдар бойы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында баланың әуездік қабілетін дамыту үшін дүңгіршек, шың, сазсырнай, үшкіріктің табылуы және X-XI ғасырларға жататын Кедерден табылған ойыншы маскасы, Қойқырылған қаласын (ежелгі Хорезм) қазғанда осыдан 2400-дей жыл бұрынғы қазақ домбырасына ұқсас қос ішекті аспап ұстаған әуезділердің қыш мүсіндерінің табылуы қазақ халқында музыка мәдениетінің дамығанын көрсетеді.

Қазақстан тарихында, қазақ халқының тұрмыс-салтын, мәдениетін, өнерін қалыптастыруда Отырар өркениетінің орны ерекше. Отырар өркениетінің ғылым мен өнердегі жетістіктері – дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ғұлама бабамыз Әбу Нәсір әл-Фарабидің үлкен дүниесі музыка теориясына арнап жазған жоғарыда аталған еңбектерінен, Отырардан табылған әуездік аспаптардан, Құйрықтөбеден табылған ойыншы бетпердесінен, қыш ыдыстардағы өрнектерден көрінетіндігі осы өңірлерде ежелден музыка

өнерінің дамығандығын көрсетеді. XIX-XXI ғасырларда өмір сүрген өнер иелері - Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Жүсіпбекқожа Шайқысламұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек Байжанұлы (Қызыл Жырау), Садуақас Жақашұлы, Балтабай Тебейұлы, Байбосын Күзенбайұлы, Елеусіз Байырбекұлы, Тәушен Әбуова, әлемдік поэзияның алыбы Мұхтар Шаханов, Қазақстанның халық ақыны Әселхан Қалыбекова, аса көрнекті сазгер ән жанрының майталманы Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов сынды өнер иелерінің өзі осындай дәстүрдің жалғасы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. К.М. Байпақов. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: «Аруна», 2005. -196 б.
2. Қазақ бақсы – балгерлері. Алматы: Ана тілі, 1993.-105 б.
3. Осында. -105 б.
4. Тарихи тұлғалар. Алматы: 2006. -2 б.
5. Ө.Жәнібеков. Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992. – 8 б.
6. Отырар энциклопедиясы. Алматы. 2005. – 32 б.
7. О. Бейсенбекұлы. Сазды аспаптар сыры. Алматы. 1994. – 49 б.



Өсеров Талғат Ортайұлы
Тәжібаев Нұржан Әлімханұлы
 «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
 қорық мұражайының қызметкерлері

Бабайқорған ауылдық округінде орналасқан су диірмендерге жүргізген барлау жұмыстары

ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайында біршама өзгерістер орын алып, капиталистік қатынастар қалыптаса бастады. Дегенмен де Қазақстанның экономикасы біркелкі дамыған жоқ. Оған себеп Қазақстандағы әрбір өлкенің бір-бірінен табиғи – климаттық жағдайларының ерекшеленуі, темір жол торабы мен сауда орындарының қашықтығына байланысты экономикалық даму үрдісі әр өңірде әртүрлі деңгейде болды.



Қарнақ картасы

Осы тарихи кезеңдегі Қазақстан территориясындағы шаруашылықты Б.Сүлейменов екі аймаққа бөліп қарастырады:


1. Солтүстік, солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс аймақ, бұл аймақта халық мал шаруашылығы мен жер өңдеумен айналысады.
2. Орталық территорияның көпшілік бөлігі, оңтүстік және оңтүстік – батыс аймақтардағы тұрғындар мал шаруашылығымен айналысады [1. 411 б].

Ауданның атауы	Шаруашылық саны	Десятина				Бір шаруашылыққа			
		Жыртылған жер		Орылған жер		Жыртылған жер		Орылған жер	
		П*	Н*	П*	Н*	П*	Н*	П*	Н*
Далалы	4909	454787,06	3715,06	7635,26	3170,56	9,26	0,75	1,55	0,64
Таулы	4012	28331,93	16536,49	4872,65	6696,59	7,06	4,12	1,21	1,66
Барлығы	8921	73810,21	20251,55	12507,91	9867,15	8,27	2,27	1,40	1,10

Сырдария облысы Шымкент уезіндегі егін егетін жердің көлемі

Н.А.Тасилова Шымкент уезіне арналған деректерге сүйене отырып, өңір тұрғындарының 83,38% отырықшы шаруашылықпен, ал 16,62% мал шаруашылығымен айналысқандығын жазады. Бұл туралы: «...хотя киргизы (казақтар) в Чимкентском уезде и считаются кочевниками, тем не менее они обезпечены пахотными угодьями значительно выше средней крестьянской семьи в Европейской России» - делінген. Шын мәнінде Оңтүстік Қазақстанда Сырдария, Арыс өзендері мен Қаратау баурайларында табиғаты бай, суару жүйесі дамыған, егін егуге қолайлы болып келеді. Мұнда ерте заманнан бері егін шаруашылығымен айналысқан. Сол кездегі статистика мүшелері бұл өңірлерде жерді пайдалану, егін егу ісі ертеден 60-100 жыл бұрын қалыптасқандығын атап өтеді [2. 49-56 бб].

Түркістан өңірінде орналасқан су диірмендері жайлы толыққанды зерттеу жұмыстары




жүргізілмегендіктен, тұшымды деректердің жоқтың қасы. Соңғы деректерді су диірмендері орналасқан «Қарнақ картасынан» ғана таба аламыз. Белгілі ғалым М.Тұяқбаевтың «Қарнақ картасы мәліметтері жайлы бірер сөз» атты еңбегінен бұдан 100-120 жыл бұрынғы Қарнақ елді мекені мен оның аумағында орналасқан бірнеше мешіттер, кесенелер, диірмендер, жолдар мен өзендерді көруге болады [3. 193-199 бб].

2014 жылдың мамыр-маусым айлары аралығында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының Түркістан археологиялық барлау отряды Бабайқорған ауылдық округінде зерттеу

жұмыстарын жүргізді. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Бабайқорған ауылдық округінде орналасқан XIX ғ. соңы – XX ғ. басына жататын 4-су диірмені мен 1-экшаратын өндіріс орнын анықтады.

1. Бабайқорған су диірмені. Географиялық координаттары: С. 43°31'32.2" Ш. 068°05'75.5". Бабайқорған ауылынан оңтүстікке қарай 20 шақырым жерде орналасқан. Диірменнің оңтүстік-батыс бөлігінде бес кәріз құдығының орны анықталды. Кәріз құдығы диірменге қарай тартылған. Сонымен қатар су диірменге солтүстік-шығыстан, оңтүстік-батысқа қарай жалпы ұзындығы 27м., ені 6м., болатын арық тартылған. Арық пен кәріз арқылы келген суды су диірменіне пайдаланылған. Диірменге пайдаланған жалдың жалпы ұзындығы 17м., ені 6м., биіктігі 2,5м. болып келеді. Жал ортасында ені 2м. болатын арық ізі сақталған. Осы арық арқылы келген су диірмен тасын айналдырып тұрған.



2. Тойбазардың диірмені. Географиялық координаттары: С. 43°31'32.2" Ш. 068°05'75.5". Бабайқорған ауылынан оңтүстікке қарай 5,8 шақырымда орналасқан. Су диірменіне пайдаланған жалдың жалпы ұзындығы 400м., жуық. Жал 0,3м., басталып, ең биік

№	Уездер	Егін егетін шаруашылықтар %	1 шаруашылыққа келетін егіс жердің десятинасы	
			Нақты қолда бары	Егін егетіндері
1	Шымкент	95,4 %	10,70	11,21
2	Ақтөбе	95,4 %	5,83	6,17
3	Қостанай	77,1 %	2,82	3,66
4	Атбасар	30,7 %	0,47	1,55
5	Көкшетау	22,3 %	0,45	2,01
6	омбы	3,3 %	0,06	1,84

XX ғ. басындағы егін егетін шаруашылықтар туралы мәлімет.
(Кестелер Н.А.Тасилованың мақаласынан алынған).



жері 3 м-ге дейін барады. Диірмен солтүстік-шығыстан, оңтүстік-батысқа қарай бағытталған. Ауыл тұрғыны Қалдыбек Жапаров ақсақалдың айтуынша XIX ғ. аяғы мен XX ғ. 70-жылдарына дейін істеп тұрғанын айтады. Су диірменнің басында алғашқыда ағаштан істелген астау тұрса кейін Кеңес үкіметі кезінде астауды цементпен құйған. Цемент астау әлі күнге дейін

сақталған. Жал ортасында ені 1м., тереңдігі 0,3м. болатын арық ізі сақталған. Арықтың су ағатын жерінің өлшемі 3м. Сонымен қатар жал басында диірменді тоқтар кезде, келген суды жанына ағызып жіберетін арық ізі сақталған.

3. Канеттің диірмені. Географиялық координаттары: С. 43°38'56.9" Ш. 068°12'61.7". Бабайқорған ауылынан шығысқа қарай 12,4 шақырымда орналасқан. Диірмен егесі Канетов Сейтқали Сейілмұратұлы. Диірмен Сейітқалидің атасының атымен аталады. Сейітқалидің атасы Канет шамамен XIX ғ. өмір сүрген. Диірмен әлі күнге дейін қызмет етіп елдің игілігіне жарап отыр. Диірменге тау өзенінен арық арқылы су тартып алып келіп пайданылады. Диірменнің кейінгі кездегі құрылысы заман талыбына байланысты бастапқы қалпын жоғалтып, өзгеріске ұшыраған. Диірмен жұмысын тоқтату үшін су ағызатын темір бөгет қойылып және де жанынан арық тартылған. Диірмен ұн тартатын орын және қойма секілді екі бөлмеден тұрады.

4. Кәрімжанның диірмені. Бабайқорған ауылынан шығысқа қарай 12,6 шақырымда



Су диірмен

орналасқан. Канет диірменінен тауға қарай жоғары орналасқан. Бұл диірменде тау өзенінен келген суды арық арқылы тартып пайдаланған. Су диірмен, Канет диірмені секілді бастапқы қалпын жоғалтып, өзгеріске ұшыраған. Қазір жұмысын тоқтатқан.

5.Сабыршы диірмені. Географиялық координаттары: С. 43°25'23.6" Ш. 068°03'79.9". Шорнақ елдімекенінен солтүстікке қарай 3,5 шақырымда орналасқан. Диірмен негізінен 3 құрылыс кешенінен тұрады.

1-кешен. Диірменге тартылған су жүйесі кешені. Жалпы ұзынадығы 367м, ені 9м, биіктігі 2-2,5м жуық. Кешеннің үстінгі жағында ені 1,8-2м болатын арық ізі сақталған. осы арық арқылы келген су құлдилап ағып шығырды қозғалтатын болған.

2-кешен. Тартылған бидайды ұн ретінде сақтайтын қойма кешені. Бұл кешеннің көлемінің өлшемдері әр-түрлі болып келеді. Бір қызығы кешеннің бұрыштары әлемнің төрт бұрышына бағышталғаны. Қойманың өлшемдері: солтүстік-батыс қабырғасы 50м, солтүстік-шығыс қабырғасы 38,5м, оңтүстік-шығыс қабырғасы 44м, оңтүстік-батыс қабырғасы 38м болып келеді. Кешеннің солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларында әр жерден 1-1,3м биіктікте дуал орны сақталған. Сақталған қабырға дуалдарына қарап пахса мен шикі кесекті араластырып көтергенін байқауға болады. Қабырға құланыдылары жерден 0,3-0,45м, биіктікте жал түрінде және оңтүстік-батыс бөлігінде ені 4м болатын аулаға кіретін есік орны сақталған. Кешеннің жобасына қарап оңтүстік-шығыс бөлігін түгелдей құрылыс орнының іздері байқауға болады. Осыған қарағанда диірменде тартылған ұнды сақтайтын қойма болуы керек деп топшаладық. Сонымен қатар кешеннің солтүстік-батыс бөлігінде өлшемдері әр-түрлі болып келетін құрылыс орны анықталды. Бұл құрылыс орны диірменшінің отбасымен бірге тұратын тұрғын үйі болуы әбден мүмкін.

3-кешен. Бидайды шикілей сақтайтын (ұра) орын. Жалпы қарағанда төртбұрыштылау болып келетін кешеннің өлшемдері: 31х30 м шамасында. Кешеннің оңтүстік-батыс бөлігінде ені 4м болатын аулаға кіретін есік орны сақталған. Осы есікті екі жағында жағалай құрылыс орындарының ізі сақталған. Сақталған құрылыс ізі жерден 0,3-0,45м биіктікте. Кешеннің оңтүстік-шығыс бөлігінде өлшемі 20х11,5м, тереңдігі -1,55м болатын құрылыс орны сақталған. Құрылыс орнының орналасуы мен тереңдігіне қарап бидай немесе тарыны (дәнді дақылдарды) шикілей сақтайтын қыстық орын екендігіне дау жоқ [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX -начале XXвв. (1867-1907гг.). Алма-Ата: АН КазССР, 1963. - 411с.
2. Тасилова Н.А. «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» Қазақтардың шаруашылық-экономикалық тарихының дерегі. // ҚазҰУ Хабаршысы.–Тарих сериясы.-2008. - №3(50). 49 - 56-бб.
3. Тұяқбаев М.Қ. «Қарнақ картасы» мәліметтері жайлы бірер сөз// «Қазақ хандығының тарихындағы Түркістанның орны» халықаралық ғылыми-теориялық конференция 2-3 сәуір, 2015 жыл, Түркістан қаласы. 193-199 бб.
4. Түркістан археологиялық отрядының Бабайқорған ауылдық округында жүргізген барлау жұмыстарының есебі.



Ысқақ Гүлнәз Ақмолдақызы
«Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейі» РМҚК-ң аға ғылыми қызметкері

Сібірден келген құнды зат

Қазақ халқының тарихының көпшілігінде ауызша дәстүр кең тараған. Мұндағы «ауызша дәстүр» деп отырғанымыз «ауызша дерек». Яғни, атадан-балаға қалып отырған шежіре - бүгінде белгілі бір тарихтың шынайылығын ашатын дерек болып табылары анық. Заттық дерек ретінде сақталып отырған кез-келген музей заты зерттелсе, құндылығы артып, тарихтың жаңа беттері ашылмақ. Бүгінгі жазбамызға негіз ретінде алып отырғанымыз Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорындағы бірегей заттардың бірі саналатын - жолбарыс терісі. Т К 8870 нөмірімен тіркелген бұл терінің қайдан келгендігі туралы еш дерек жоқ. Белгілісі, М. Қожаның бірнеше жыл аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып келген Қ. Ордабаевтан алып, музей қорына өткізгендігі жазылған. Толық ақпарат алу үшін осыдан үш жылдай бұрын Қ. Ордабаевтан сұхбат алған едім, жариялаудың мүмкіндігі енді келіп отыр.



Музей қорындағы жолбарыстың терісі

Мұражай экспозициясымен танысуға келген әрбір келушінің этнография залында орналасқан аталмыш теріге көзі түсері анық. Таныстырушы мамандар бұған дейін айтылып келген Сырдарияның төменгі ағысы бойында жолбарыстың болғандығы туралы деректер мен аңыз-әңгімелерге сүйене отырып жеткізеді. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері Г. Байсариеваның соңғы мақаласында Сырдарияның төменгі ағысында тұрған байырғы кесене ішіндегі қазақ батырының жолбарысты найзалап жатқан көрінісін белгілі археолог М.Е. Массон жария еткендігі және XIX ғ. ғалымы Н. Дингельштедтің жазбаларында Сырдарияның тоғайын парсы немесе бенгал тұқымдастарынан кем түспейтін жолбарыс мекен еткендігі көрсетілген.

Десек те, мұражай қорының есебіндегі жолбарыс терісінің біздің өлкеге еш қатысы жоқ екендігі Қ. Ордабаевпен болған сұхбаттан белгілі болды. Әңгімесін әріден бастаған Құтым аға бала кезінде грузин кісімен көршілес болғандығын, әке-шешесінің дос ретінде жақын араласқандығын айтты. Байқағанымыз Сібірден (Тайгадан) келген бұл грузиннің екі білегінде ұзына бойы арқанның ізі болатын. Әкемнің сұрағына: «Тайгада орманды жерлер өте көп,

жабайы аңдар да жетерлік. Жыртқыш жабайы аңдарды аулайтын едік, қолымды аузына салып, тілін жұлып алар сәтте қорғаныс үшін екі білегімді арқанмен тұтас орап алатынмын. Яғни, тісінің батып кетпеуі үшін дәл осылай жасалатын», - деп мақтанышпен айтқан еді. Бұдан кейін әкем сол ұстаған аңдарыңды қалай дәлелдейсің дегенде, қорасына кіргізіп естелік, әрі сыйлық ретінде осы «жолбарыстың терісін» әкеме ұстатқан еді. Араға бір-екі жыл салып, ол кісі көшіп кетті. Содан бергі уақытқа дейін шешем көзі тірісінде төрге іліп қойған терісінің айналасын, қазақтың ежелгі ырымы бойынша, босана алмай жүрген жас келіншектер теберік ретінде кесіп алып кететін. Босанар сәтте, тұмар ретінде басына іліп қойған жағдайда, толғағы жеңіл болады деген түсінік болған. Шешем қайтқаннан кейін киелі болып саналған «жолбарыс терісі» менің шаңырағымның төрінде ілулі болды.

90-шы жылдары үйде қонақта болған, сол уақыттағы музей директоры, М. Қожа менен естелік затты беруімді көп жылдар бойы сұрап келді. Музейде сақталса, атыңыз жазылып, музейді тамашалауға келген көпшіліктің көруіне мүмкіндік туады деген ұсыныстар айтты. Тұтас теріден үштен бір бөлігі ғана қалған бұл затты көп ойланып музей меншігіне сыйлық ретінде тапсырдым. Бұдан кейінгі жай-күйі белгісіз болды. Бұл «жолбарыс терісіне» қатысты баяндалған оқиға 1933-1934 жылдары болған еді», - деп аяқтады, біз үшін өмірінің соңында құнды мағлұмат берген Қ. Ордабаев өз әңгімесін.

Музей қорына түскеніне жиырма жылдан аса уақыт өткеннен кейін алынып отырған сұхбат белгісіз болып келген затты сөйлеткендей әсер қалдырды. Музей қорындағы әрбір заттың құндылығы ескеріліп, нақты дерек көздеріне сүйене отырып зерттелсе, өз тарихын ішіне бүккен заттарға мүмкіндік береріміз сөзсіз.



Елемесова Дәмежан Убайдуллақызы

Қазақстан Республикасы
Бейбітшілік және келісім музейінің
ғылыми қызметкері

Музей - рухани құндылықтарды насихаттайтын кешен

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік алған еліміздің мәдени өмірінде музейлердің алатын орны ерекше. Тамыры терең тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі» - деп, ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі музейлердің танымдық ағартушылық жұмыстарын ерекше атап көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта біздің қоғам Қазақстанның болашағы мен өскелең ұрпақтың тағдыры өзіміздің ұлттық мәдениетіміздің бай мұраларын сақтап, толықтыра алатынымызға байланысты екенін анық ұғына бастады. Бүгін біздер ұлттық қасиетімізді және Қазақстанның беделін қазіргі жаһанға таныту үшін бабаларымыз қалдырған рухани мол мұраларымыздың және мәдени ерекшеліктеріміздің маңыздылығын барынша күшейтуіміз қажет. Сондықтан музей бүгінгі таңда тарихи – мәдени мұралар сақталатын немесе келушілерге таныстырылатын ерекше нысан ғана емес, ол қоғамда болып жатқан өзгерістер мен мәселелерді қарастыратын пікірталас алаңы, әрі идеология орталығына айналып отыр.

Музей қоры – әрдайым дамып, жетіліп, өзгеріске ұшырап отыратын жүйе болғандықтан, музейге тұрақты сақтауға белгілі ережеге сай алынған заттардың ғылыми ұйымдастырылған бірегей жиынтығы.

Музейге келіп түсетін жәдігерлер көзі - ғылым, білім, өнер, тарих, және мәдениет саласындағы елімізге танымал қайраткерлерінің мұрағаттары, жекелеген ұйымдар мен тұлғалардың сый-тартулары, арнайы ғылыми мекемелермен бірлесіп ұйымдастырылған археологиялық және этнографиялық жинақтау жұмыстарын жүргізу нәтижесіндегі заттар болып табылады. Барлық музей жәдігері мен коллекциялары мемлекеттік есепке алынады. Музей заттары мен коллекцияларын есепке алу – оларды сәйкестендіру, сақтауды ұйымдастыру, орнын анықтау, сақталу жағдайын бақылау, ғылыми-зерттеу және оларды тиімді әрі ұтымды пайдалану мақсатында арнайы есепке алу-сақтау құжаттарына тіркеу, яғни музей қорына келіп түскен заттардың барлығы қорларды ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкерлерінің арнайы талдауынан өтіп есепке алынады.

Ғылыми түгендеу жұмыстарына тұрақты қолданысқа түскен музейдің барлық заттары жатады. Музей заттары жинақталған құрамына байланысты ғылыми түгендеу жұмыстары кезінде негізгі қордың классификациялануына сәйкес жекелеген топтармен жүйеленеді. Музей заттары жинақталған музейде бөлімдерге, ал оның ішінде қабылданған классификациялау бойынша топтар арқылы жүйеге келтіріледі.

Музей заттарынан құралған коллекция жүйесі – заттардың жасақталуына, тіркелуіне, зерттелуіне қолайлы жағдай жасау, тек музей ғана емес, сонымен бірге басқа да барлық оған мұқтаж ұйымдар мен мекемелердің ақпаратты табуына және қолдануына қолайлы жағдай жасау керек. Өкінішке орай, бүгінгі таңда Қазақстан музейлері алдында мамандардың жетіспеуі, музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын ғылыми әдістемелік орталықтың болмауы және қор бойынша ғылыми негізделген әдістемелік еңбектердің жоқтығы музей қорының ғылыми жүйеленуін тежейді. Музейлер арасында орталықтандырылған интернет жүйесі іске асырылса музей коллекцияларын кеңінен таныстыруға, халықаралық музейлер кеңістігіне танымал етуге мүмкіндік туар еді.

Музейлер төл мәдениетімізді, рухани дүниелерімізді қоғамға толыққанды көрсетіп, көрген жанның жадында қалатындай әсер етіп көрсететін орын.

Қоғамның бір ажырамас бөлігіне айналған музейлерге тәуелсіз еліміз ерекше назар

аударып, жәдігерлер қорын ұлғайту, оны сақтау мәселесіне кірісе бастады. Қазіргі кезде музейлер арасында көш бастап тұрған музейлер бар. Солардың бірегейі ғылыми-зерттеу статусы рәсімделген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі. Музей коммуникациясын жан-жақты дамытып отырған бұл музейдің іс-тәжірибесін үйреніп, салған сара жолымен жүріп, методологиялық әдіс-тәсілдерін жете меңгеру керек.

Республикада заманауи мультимедиялық құралдармен қамтамасыз етілген музейдің бірі – ол Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Мультимедиялық құрылғылардан сенсорлы ақпараттық киоскілерді, интерактивті столдарды, мультимедиялық проекторларды, медиаүстелдерді, 3 D қондырғыларды, аудиогид қондырғыларын атап өтуге болады.

Астана залындағы Қазақстанның керемет көркем табиғатын ұсынған иілген медиаэкран және корейлік әріптестер жасаған Астана қаласының макетінің ашылып, көрермендердің қызығушылығын туғызуда. Музей жұмысын жарнамалауға, көрермендердің музейге көптеп келуіне қолжетімді интернет ресурстары да айтарлықтай үлес қосып отыр. Арнайы құрылған интернет сайты мен әлеуметтік желілердегі ақпараттар халыққа қажетті бағдарламаны таңдауға, музей жаңалықтарымен бөлісуге мүмкіндік тудырады.

Бүгінде музейлерде жаңа ақпараттық құрал-жабдықтар, интеграциялық үрдістердің енуіне байланысты есепке алу жұмыстары инновациялық «Музей» автоматтандырылған ақпаратты жүйе бойынша іске асырылуда. Бұл цифрлық технологиялар музей құндылығының жүйеленуін, әрі ақпарат алмасуын жеңілдетуге, ыңғайлы ақпарат алуға мүмкіндік жасайды.

Музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі – музей алаңында түрлі әлеуметтік-мәдени, этникалық, конфессиялық топтардың коммуникация кеңістігін ұйымдастыру болып табылады. Бұл пікірталас алаңында қоғамда болып жатқан саяси, әлеуметтік өзгерістер мен жетістіктерді, тарихи-мәдени және рухани мәселелерді қарастырады. Музейде атаулы күндерге байланысты өтетін дөңгелек үстелдер, форумдар, семинар-тренингтер, конференциялар музейдің өзекті мәселелерін шешуге, музей ісінің алға басуына ықпал етеді. Көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері ғалымдар, ұстаздар, өнер майталмандары, студент жастар мен оқушылар музейдің тұрақты қолдаушылары мен жанашырлары болып отыр.

Биылғы жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі жанынан «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылған еді. Бұл орталықтың басты бағыты Қазақстанның тарихи-өлкетану музейлерімен тығыз байланыс орнатып, еліміздің рухани мұраларын түгендеуге, өлке тарихын өркендетуге, музейдің алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға атсалысатын болып отыр. Киелі жерлердің бес томдық энциклопедиясын әзірлеуге де кірісіп кетті.

Орталық қолға алған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы іске асырылса елімізде туризм саласы дамитыны айқын. Туризмнің кемелденуі өз тұрғысында музейлердің дамып жандануына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қазіргі таңда музей қызметкерлері жан-жақты ізденіс үстінде. Қол жеткен жетістіктер де жоқ емес, бірақ өркениетті елдердің музейлерінен үйренетініміз әлі көп. Музейлік ілімді дамытудың отандық озық үлгісін басқа елдермен иық қағыстыра алатын деңгейге көтеру міндеті осы ғасырда шешімін табар деген үміт бар. Сан қырлы сыры, көп салалы мәні бар музейлердің рухани жаңғыру тұрғысында тарихи сананы тоздырмаққа тигізер пайдасын қадірлейік дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Юренева Т.Ю. Музееведение. Москва: Альма Матер, 2007 ж.
2. Шляхтина Л.М. Основы музейного дела. Теория и практика. Москва, 2009ж.
3. Шулепова Э.Е. Основы музееведения. Москва, 2005 ж.
4. Министерство культуры СССР, приказ от июля 1985 г. №290 об утверждении инструкции по учету и хранению музейных ценностей, находящихся в государственных музеях СССР.
5. Годовой отчет о работе музея за 2014-2015 г.г. Научный архив Национальный музей Республики Казахстан.
6. Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 2013 года.
7. Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 2014 года.
8. Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 2014 года.
9. Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 2014 года.
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің фотоальбом кітабы. Астана: Золотая книга, 2014 ж.



Таджибаева Зауре Алимханқызы

ОҚО, Түркістан қаласы

Тарихи-мәдени-этнографиялық орталық
ғылыми-әдістемелік бөлім меңгерушісі

Киіз үйдегі әйелдер бұрышы, яғни, ыдыс-аяқтар жайлы

Қазақ топырағын мекендеген ата-бабаларымыз киіз үйді бізге мирас етіп қалдырған. Еуразияны мекендеген халықтардың барлығы дерлік осы киіз үйді баспана ретінде пайдаланған. Сондай-ақ жиналмалы киіз үйдің құрылысы бойынша ең көркем баспаналардың бірі болып саналады. Қазақ халқы көшпелі өмір сүргендіктен көшіп қонуға ыңғайлы етіп үй жиһаздарын да ағаштан, темірден, теріден және киізден жасайтын болған. Киіз үйдің құрылымы баршамызға аян. Мысалы, *шаңырақ, уық, керегеге, есіктен тұрады*.

Негізінен киіз үйді қазақ жерін мекендеген ерте тайпалардың барлығы да тұтынған. Мәселен үйсін, қаңлы және т.б. Арабтың ғалымы Әл Якуби, Ибн Фадлан сияқты зертеушілер өз еңбектерінде киіз үй туралы танданыстарын жазып қалдырған. Ал, Рузбихан арба үстіндегі үйді алғаш көргендігін жазған. [1. 52 б.] Ғылыми зерттеулерде киіз үйдің пайда болуы туралы әртүрлі пайымдаулар айтылады. Қазіргі киіз үйдің нұсқалары мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Кейбір деректерде киіз үй үлгілері біздің дәуірге дейінгі 3-4 мыңжылдықта, тас дәуірі мен қола дәуірі аралығында пайда болған деп жорамалдайды.

Киіз үйдің қазіргі прототипі, С.И.Вайнштейннің пікірі бойынша б.з.д 1 мың жылдықтың ортасында дүниеге келген. Ол өзінің құрылымдық жағынан бұрынғы ғұндардың жылжымалы баспанасымен байланысты қалыптасқан көне түркі типіндегі киіз үйлер болған.

Киіз үйдің ішкі кеңістігінде заттарды орналастырудың қалыптасқан тәртібі болған. Ш.Уәлихановтың айтуынша, ерлі-зайыптылардың төсек орны кіре – берістен оң жақтағы төрдің іргесінен орын алады. Қонақтар келерде төсек тұрған оң тұсқа үлкен жібек кілем ілінеді. Үйдегі ең қастерлі орын деп саналатын төр жұбайлар төсегінің бас жағына келеді. Төсектен төмендеу қымыз толған піспекті саба қойылады. Ыдыс-аяқтан тұратын бұрыш үйге кіреберістегі оң жақта болады. Ол шимен қоршалады. Қару-жарақтар төсектің тұсына ілінеді. Төрге киіздің үстінен кілем төсейді. Ошақ жанында шәйнек, құман тұрады.

Дом киргиз-кайсака приспособлен к его кочевому быту; юрта, говоря о средней величине и тяжести ее, может поместиться на одном верблюде. Она состоит из тонких решеток и палок и нескольких войлоков. Первые служат ей основанием, вторыми она закидывается от дождя и мороза. [2. 23 б]

Үй ішіндегі осындай заттардың тұрған орны көлбеу кеңістікке қатысты ұғымдарды білдіреді.

Сан алуан тарихи-этнографиялық деректер киіз үй кеңістігі бес сегменттен тұратындығын айғақтайды:

1. Қонақтар орналасатын төр;
2. Оң жақ отағасының күнделікті пайдаланатын мүліктер мен жататын орны (есіктен сол жақ). Ұстаның үйінде осы түс шағын зергерлік бұйымдар жасайтын орын ретінде де пайдаланылады;
3. Есікке жақын сол жақ орын әйелдің және ас-тағамға қажетті бұйымдар орналасатын орын (есіктен оң жақ);
4. Үйдің тең ортасы – ошақ басы, отқасы;
5. Босағаның маңы.

Есік, есік жақтауы маңындағы кеңістік босаға деп те аталады. Төрден есікке қарай

есептегенде есіктің сол жағы – сол босаға, ал оң жағы - оң босаға деп аталады. Сол жақ босағадан төрге дейінгі кеңістік сол жақ деп аталып, ол киіз үйдің әйелдерге арналған бөлігі деп саналады. Ал төрден есікке қарап отырған қалыптағы оң жақ босағаға дейінгі кеңістік оң жақ деп аталады (**қ. Босаға**). Үйдің оң жағы еркектерге арналған бөлігі деп есептеледі.

Ағаштан жасалған үй іші жиһаздарының құрамына төсек ағаш, жастық ағаш, жүкаяқ, кебеже, сандық, әбдіре, жағлан, қант шаққыш тоқпақ, саба аяқ, піспек, астау, табақ, тегене, шара аяқ, тостаған, ожау, қасық, күбі, ағаш шелек, келі, келсап және басқа да көптеген бұйымдар кірді. Қазақта бұл бұйымдардың әрқайсысын дербес жасайтын арнайы маманданған шеберлер болмаған. Олай болса, әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарының қайсысын болсын жасаған. Аса шебер ұсталар ағаштан жасалатын үй бұйымдарының беттеріне ою ойып, түрлі түсті бояулармен өрнек салып, әсемдеумен бірге сүйекпен, әр түрлі металдармен, түрлі түсті тастармен, шынылармен көркемдей білген. Ендеше, мұндай ұсталар темір, мыс, жез, күміс ұстау ісін де меңгерген шынайы өнер иелері болған. Сөйтіп, киіз үй ішіндегі көлбеу бағыттағы кеңістік есік, төр, оң жақ, сол жақ, ошақ (от орны) деп бөлінеді. [3]

Халық шеберлері күнделікті тұрмыста қолданып жүрген жиһаздарын ерте кездерден бастап жасай бастаған. Қай дәуірде болмасын қазақ ұсталары жасаған дүниелері өзінің құндылығын ешқашан жоғалтқан емес. Оның дәлелі еліміздің музейлерінің қорларында сақтаулы қазақтың ұлттық үй жиһаздары. Біздің қарстырғалы отырған мәселеміз киіз үйдің оң жақ бөлігі яғни әйелдерге арналған бөлігі болып табылады. Киіз үйдің қақ ортасында

әдеттегідей қазан орналасады. Киіз үйдің сол жақ бөлігі әйелдердің бөлігі болып есептеледі. Ол бөлікке әйел адамдарына керекті үй шаруашылығының ыдыс-аяқ және ас ауқатқа қатысты жиһаздар орналасады. «Этнографические заметки» кітабында «При входе от дверей, направо, некоторая часть юрты отделяется ширмой из чия. Там кладовка: на кереге развешано мясо, стоит треножник, ведра и на деревянной невысокой подставке – «саба». Это –



приготовленный особым способом прокопченный кожаный мешок для кумыса... Это часть юрты называется «чий иши». Затем следует этажка – «осадал», где хранятся съестные припасы, например холодное мясо, бауырсаки (пресные пшеничные колбаски, поджаренные в масле или, чаще всего, в бараньем сале). Следующая по очереди мебель в юрте – кровать. Дальше «кебеже». Это – ящик, в котором хранятся лучшие съестные припасы и все, что чаще нужно под рукой, например чайная посуда и проч.»-делінген. (43 бет) мұндағы «осадал» дегені «асадал» жиһаз түрі. Асадал - тамақ пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған кебеже тектес ыдыс. Асадал мықты әрі жеңіл ағаштан жасалады. Асадалдың түбі оның ішкі жағындағы жиекшелерге тірей орнатылатын қалың тақтаймен, үстіңгі беті жұқалау тақтаймен жабылады. Алдыңғы бетінде топсамен бекітілген бір, кейде екі жармалы есігі және суырмасы болады. Асадал сәнді болу үшін оның бетін әр-түрлі бояулармен өрнектеп сырлайды, не сүйекпен өрнектеп әшекейлейді. Асадалдың үйдегі орны - қазан-аяқ (сол жақ) жақ. [4]

Сонымен қатар киіз үйде адалбақан орналасады. Адалбақан киіз үйге кірген тұсқа



қойылатын болған. Оған көбіне киім, қару-жарақтар ілетін. Киіз үй сүйегінің құрамына тікелей енбегенімен, міндетті түрде шебердің қолынан шығар дүниеліктің бірі болып табылады. Адалбақанды үйшілер ағаштан жасаса, ұсталар темірден жасайды. Кейде ағаштан жасалған адалбақанды күмістелген темір ілгектермен, тағы басқа әшекейлермен де безендіреді. Оның металдан жасалатын қосымша бөлшектерін, көбінесе, үйшілердің өздері-ақ, кейде ұста-зергерлер де істейді. Адалбақанның ағаштан жасалатын негізгі бөлігінің ішкі беттеріне ою-өрнек жүргізіліп көркемделеді. Кей жерлерде адалбақанды қызғылт түсті жеміс

ағашынан немесе қызыл қайыңнан жасайтын үйшілер оның ұзына бойын мүсіндеп шауып, алдымен ою-өрнектерін ойып алады. Содан кейін ағаш бетін мұқият өңдеп, бірнеше қайтара өсімдік майын сіңдіре жағады, сөйтіп ағаштың өзіндік табиғи реңін енгізеді. Мұның өзі көрер көзге өте ұнамды болады. [5, 89 б.] Ауқатты адамдар жұмырланып шабылған адалбақанның сыртын түгелдей былғарымен қаптатып, ілгектерін күмістеп, темірден салғызады.

Адалбақан сөзінің төркініне үңілсек «адал» сөзі парсының халал деген сөзінен шыққан, қазақ халқында да адал сөзі жиі кездеседі. «Адал» сөзі таза, ақ ниет, тура, әділ [6. 138 б.] деген мағынаны береді. Ал, бақан сөзі киіз үйдің шаңырағы мен түндігін көтеруге пайдаланатын, бір басы ашалы ағаш. [7. 109 б.]

Киіз үйде ас су сақтау үшін қоршалған өреше шидің бір басын сүйейтін ашалы қада, жоғары басы уыққа тіреледі. Өн бойында азық-түлік, ыдыс ілуге ыңғайлы бұтақшалар болады. Халық ұғымында адалбақан қасиетті таза мүлік деп есептеген. [8. 89 б.] Осыған қарағанда азық-түлікке басқа адалбақан, ал, киім, қару ілуге басқа адалбақан пайдаланған. Қазақта адалбақан, асадал деген мүліктерде «адал» сөзі кездесуі тегін емес.

Абажа бұл ыдыс-аяқ пен тамақ сақтайтын үй жиһаздарының бірі. Тақтайдан жасалып, көбіне киізден, кейде былғарымен қаңылтырмен де қапталады, астына жүкаяқ қойылады.

Кебеже жайлы айтар болсақ, қазақ халқының қолөнерінің арасында өнер туындыларына жататын бұйымдардың бірі - кебеже. Бүгінгі таңда кебежелерді әр қазақтың үйінен көру мүмкін болмай отыр. Сонау ежелгі кезден XX ғасырдың алғашқы жартысында ғана азық-түлік сақтауға кебежені пайдаланған. Жалпы кебеже Қазақстанның барлық аймақтарында кеңінен тараған. Қазақтың кең байтақ ұлан-ғайыр дархан жерінде көшіп жүрген халық кебежеде сүр ет, құрт-май салып сақтаған. Түйеге теңдеп алып жүруге де ыңғайлы, кімге болса да тұрмысқа өте қажет бұйым болып саналған. Тамағың таза, әрі ыңғайлы орында сақталады. [9. 262 б.]

Орыс деректерінде кебеже жайлы: «киіз үйдің төр жағында оюлармен көмкерілген сандық тұрады, ...одан кейінгі орынды асадал алады. Асадалда бауырсақ, салқындатылған ет және т.б салынатын болса, ал, келесі орында





«кебеже» орналасады. Бұл жәшікте (кебежеде дегені) жеуге қажетті керек жарақтар мен ыдыстар мысалы, шәйнек т.с.с салып сақталады», - делінген. [10.43-44 б]

Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайың, үйеңкі, ағаштарын ойып жасаса, дүниеліктер, тоқушылар шыбық өруде талды пайдаланады. Ағаштан бедерлі, әшекейлі суреттер, оюлар жасау, яғни ағаштан «түйме тую» де халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бірі. Үйдің сәндік жиһаздарына тіпті киіз үйдің ағаш бұйымдарының бәрі дерлік талапқа сай

көркемделген десек артық айтқандық емес. Ағашқа ойылар оюдың көркемдік мәнері үйге көрік берерліктей нәзік нақышталған басқа да бұйымдардағы ою-өрнекпен түрі-түсі жағынан ұқсаса астаса тіпті толықтырып тұруымен де әсем, сәнді келеді.

Әрбір заттың ерекшелігіне қарай, оны қорғап сақтаудың да тәсілін қарастырған қазекем көшке жүк артқан кезде кеселердің сынып қалмауы үшін кесеқаптар, аяққаптар әзірлеген. Оларды және түрлі қалыпта даярлаған. Әсіресе цилиндр түрінде, қақпақты етіп жасай отырып көбінесе терімен қаптаған. Іші матамен астарланған ағаштан да жасалатын болған. Кесеқаптар гүл-өсімдік түріндегі ою-өрнекпен және қаңылтыр әшекейлермен безендірілген. Қазақ шеберлері өз хал-қадерінше кесеқапты әр өңірдің өзіндік қолтаңбасымен әртүрлі етіп жасап отыратын болған. Бір жерлерде ағаштан ойып жасаса, енді бірі матадан, теріден де жасаған.

Кесеқап – [кесе](#) салатын [қалта](#). Дәстүрлі қазақ қоғамында көбінесе көшіп-қонуға лайықталып басқұрдан, былғарыдан жасалған. Бір ерекшелігі кесеқаптар [аяққап](#), [қолдорба](#) сияқты төрт бұрышты етіп жасалмайды. Ол ұзындау келген тоқылған жалпақ басқұрға кесе сиятындай етіп, қалта тігеді де, әр қалтаға кесе салып, сынбайтындай етіп орауға лайықталып жасалады. Оны «[қалташық](#)» - деп те атайды.

Аяққап – ертеде көшкен үйдің [ыдыс-аяқ](#) салатын [киіз](#) қабы. Төрт бұрыштап тігіледі де, аузын жауып тұратын ілгекті қақпағы болады. Қақпақтан беті шұға, барқыт тәрізді матамен өрнектеліп, жиегі түрлі шашақпен әшекейленеді.[1] Аяққап [түйеге](#) немесе арбаға тиелген жүктің үстіндегі [шаңыраққа](#) байланады да, үй тігілгенде өрешеге, қазан-аяқ жаққа таяу керегенің басына ілінеді. Киіз үде бұл заттардан басқа заттар жетерлік біз тек солардың ішіндегі ас-ауқатқа қатысты жиһаздарды ғана алдық.



Қорыта келгенде киіз қапшықтар, ыдыс-аяқ салатын аяқ қап, кебеже, сандық салатын әбдіреқаптардың тұрмысқа пайдалы болғандығынан да киіз үйдің ішін әдемілеп, көркем безендіруде алатын орыны ерекше маңызды болды. Бұл жиһаздар көркемдігімен көз тартады. Жұқа ақ киіздің бетіне еркін орналасқан ою өрнек үлкен киіз кілемдердегі қатаң тәртіппен жүйелі салынған күрделі кестелеулерге қарағанда жеңілдік, әдемілік және талғампаздықты сездіреді.

Мұның бәрі қазақта ежелден ыдыс-аяққа өте ұқыптылықпен қарағандығын көрсетеді. Ыдыстың таза, әрі ұқыпты болуы әйел адамдарының ісіне деген тиянақтылықтылығының белгісі. «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» сондай-ақ, «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді», «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз», «Ыдыс аяқ сыңғырламай тұрмайды» деген сөз тіркестерін де жиі қолданған. Көшіп-қонып жүргенде ыдыстарын сынып, не майысып қалмас үшін кәдеге асар аяққаптар, кесеқаптар, теңдер, дорбалар, шайқалталар өте шебер жасалынған. Қазіргі таңда әрбір үйде қоржын кездескенімен аяққап, кесеқаптар жоқ десек те болады. Бұл атап өткен аяққап пен кесеқаптардың орынын ыдыс аяқ салуға арналған арнайы шкафтар мен жиһаздар алмастырғандығынан деуге келер. Бұл да заман ағымына ілескендіктен болар бәлкім.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ә.Марғұлан. «Труды по культуре письменности казахского народа». 8 том, А.2007 ж. 52 б.
2. Чокан Валиханов. «Этнографическое наследие казахов». А.2007 ж. 23 б.
3. "Шаңырақ" үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы. 1991. (1-й з-д)
4. Өмер Заимоғлы. Студенттердің кілем өнері арқылы педагогикалық іс-әрекетке дайындаудың дидактикалық шарттары. Түркістан, 2008 ж.
5. Н.Оңдасынов. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. А.1984 ж.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. 2 том, А. 1978 ж.
7. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. А. 1998 ж.
8. Қазақстан тарихы. Очерктері. А. 1994 ж. 262 б.
9. «Этнографические заметки». 34 том. Астана. 2007 ж. 43-44 б.б.

**Ермашова Нүргүл Орынбасарқызы
Арыстанбаева Гүлмира Байкенжеқызы**

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі»
РМҚК қызметкерлері

Мұражай қорларын сақтау

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің сөзінде: "Көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болған жәдігерлерді жинақтап жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, өзге жұртқа барымызды көрсетіп насихаттау - абыройлы міндеттің бірі", - деп тарихи мұраларымызды қорғап, қастерлеу жөнінде баршамызға үлкен міндет жүктеген еді.

Қазіргі таңда музей ісіне, музей құндылықтарына деген талап пен қызығушылық артып келеді. Отандық музей қызметіне, ондағы тарихи-мәдени мұраға сұраныс халықаралық деңгейге дейін көтеріліп отыр. Қоғамда музейдің тек әлеуметтік емес, тарихи-мәдени мұраларды сақтайтын, мәдени-ғылыми институт, ғылыми ақпараттар жүйесі орталығы, "тарихи феномен" ретінде маңыздылығы артты, музей ісіне деген қоғамның қызығушылығы күннен күнге артуда.

Музей қызметінің басты нысаны, түпқазығы - музей экспонаты. Музей затының "мекені", музей заты ретінде "өмір сүру ортасы"-музей, музейдің қоры мен экспозициясы болып табылады. Музейдің тарихи деректерді жинайтын, сақтайтын, насихаттайтын мәдени, әлеуметтік, мекеме ретінде қоғамдағы білім мен ғылымдағы атқаратын рөлі ерекше. Себебі, музей адамзат баласының тарихы мен мәдениетін алғашқы қауымдық құрылыстан бастап бүгінге дейін музейлік деректер арқылы айғақтап береді.

Музей жәдігері - нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ уақытқа сақтауға бейім зат. Ол әлеуметтік, тарихи, қоғамдық өмірдің тарихы ретінде, ұлттық құндылықтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Қор сақтау қоймалары мен экспозицияларда орын тепкен музей экспонаттарын сақтаудың басты мақсаты - музей құндылықтарының сақталуын қамтамасыз ету, оларды түрлі аурулар мен зақымданудан, қасақана жасалған ұрлық пен қираудан қорғау шараларын ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу мен халық назарына паш ету және насихаттаудың тиімді шарттарын жүзеге асыру болып табылады. Кез-келген музей жәдігерін сақтау тікелей ғылымға негізделеді.

Музей қорында сақталатын жәдігерлердің барлығы дерлік физикалық, механикалық, химиялық өзгерістерге ұшырайды немесе табиғи ескіреді. Бұл өзгерістер ауа мен жарықтың әсерінен болады, жәдігерлер биологиялық зиянды жәндіктердің: шыбын-шіркейлер, құрт-құмырсқалардың және кеміргіштер мен микроорганизмдердің әсерінен бұзылуы мүмкін. Температураның белгілі бір деңгейі және ылғалдылық дәрежесі жәдігерлердің табиғи көнеру процесін тездетуі немесе бәсеңдетуі, не баяулатуы мүмкін. Ауаның жоғарғы дәрежедегі ылғалдылығы, егер ғимаратта, бөлмеде газды ластанған заттар болса, зиянды химиялық қоспалардың пайда болуына әкеп соғады. Жоғары дәрежедегі ылғалдылық, шаң-тозаңның да таз (грипповые) ауруларын, яғни микроорганизмдердің қозуынан туатын ауруларды тудырады, осындай қолайсыз жағдайлардан сақтану үшін музей жәдігерлерін сақтау тәртібі, ережесі болады. Олар:

- 1) Температуралық-ылғалдылық режим;
- 2) Ауадағы зиянды заттардан қорғау режимі;
- 3) Биологиялық режим;
- 4) Механикалық бұзылудан, нұқсаннан қорғау;
- 5) Музейдегі жарық түсу режимі;
- 6) Апаттан алдын-ала сақтандыру шаралары, экстремальдық жағдайларға байланысты

алдын-ала дайындық шаралары жасалынады. Тарихи музейлердің қорларына енетін заттар сан алуан, әрі әртүрлі. Сондықтан оларды дұрыс сақтай отырып, әрбір заттың қолданыс аясын да естен шығармаған жөн. Бұл міндетті қорды сақтау жүйесі шешеді.[1]

Музей жәдігерлерін кешенді сақтау жүйесі бойынша бір бөлсе ішінде түрлі материалдардан жасалған заттар орналастырылады. Бұл жүйеге мәжбүрліктен ғана, яғни музейлердің қор сақтау қоймасының жалпы алаңының тарлығынан, ондағы жеке бөлмелердің жоқтығынан немесе музей қорының жетімсіздігінен жүгінеді. Бұл жүйеде әдетте жәдігерлер өздерінің атауына қарай, материалдарына, бағытына және мазмұнына сәйкес орналастырылады.

Жәдігерлерді шкафтар мен стеллаждарда бір-бірлеп немесе топтастырып орналастыруға болады. Бір заттар жеке дара бірлік ретінде, басқалары кешендерге біріктіріледі, яғни планшеттерге тігіліп, папкалардың арасына салынып сақталады. Жиһаз-жабдықтардың (стеллаж, шкаф, планшет т.б) бүйіріне зат атауларының топографиялық тізімдемесі бекітіледі. Археологиялық артефакттарды басқа жәдігерлерге араластырмай, өз алдына бөлек сақтайды.[2] Себебі, археологиялық жәдігерлер өте көп өзгерісті бастан кешіреді. Темір заттарында топырақ коррозиясы болады. Егер жерден қазылып алынған затты төменгі ылғалдылықта сақтаса, коррозия процесін тоқтатуға болады. Археологиялық шыны заттарын да төмен ылғалдылықта ұстаған жөн, себебі олар да топырақ суының ықпалына шалдыққан. Археологиялық ағаш жәдігерлер керісінше ылғалдылықта сақтауды қажет етеді. Әрбір жәдігерге байланысты температуралық режимдерді мамандар анықтайды. [3]

Музей қорларындағы заттар музей саласына қарай топтастырылып, бүкіл музей жұмысында пайдаланылады. Музей қорларының жабдықталуы а) экспедициялық - жинақтау; ә) жеке адамдар коллекциясы; б) мекемелерден, ғылыми орталықтардан, басқа музейлерден келіп түскен заттар арқылы толығып, отырады. Жинақтау жұмысының талаптары: 1) материалдың ғылыми сұрыпталуы (заттың атауы, шыққан жері, пайдалануы, жасаушысы, өмір сүрген ортасы, шыққан жылы, т.б) жатады. 2) заттың құндылығын анықтау мақсатында неғұрлым мол ақпарат жинастыру (суретке түсіру, әңгімелесу); 3) жинақталған заттарды ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы әрқайсысын тіркеу кітабына енгізу; талаптардың орындалуымен байланысты. музейдің толыққанды қызмет істеуі жоғарыда айтылған талаптардың орындалуымен байланысты болады.[4]

Музейлер өздеріне сай қорлар жинақтап, зерттеп, оны экспозицияда көрсету жұмыстарын жан-жақты өрбітумен қатар, келушілерге мәдени-ағарту бағыттарында қызмет көрсетіп, еңбек етеді.

Жәдігерлерді сақтауға қажетті алғышарттар тек сақтау жүйесі бір-бірінен оқшауланған жағдайда ғана тиімді іске асырылады. Ол бір оқшауланған бөлме ішінде бір типтес материалдардан орналастыруға негізделген.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда музей экспонаттарын сақтау жұмыстары да музейтану ғылымының ғылыми-қор жұмысы, музей экспозициясы, музей педагогикасы, музей менеджменті маркетингі секілді т.б маңызы зор тарамдардың бірі болып саналады.

Музей қорларындағы сақтаулы жәдігерлердің тәуелсіз мемлекет үшін, болашақ үшін ғасырлар үндестігі, білім мен мәдениет жалғастығының құралы (транслятор) ретіндегі құндылығы мен маңыздылығы аса жоғары. Яғни, музей қорын тарихи дерек тұрғысынан зерттеу, насихаттау, сақтау мен қорғаудың мәселелері қоғам үшін өзекті екені сөзсіз. Музей қорына тек өткен өмір тарихына қатысты музейлік деректер ғана емес, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихынан дерек беретін материалдар да қойылуы мен жиналуы тиіс. Музейлік құндылығы жоғары экспонаттарды дер кезінде қорға жинау, зерттеу және оларды сақтау жұмыстарын ұйымдастыру оның шынайылығын сақтаудың кепілі болып табылады.

Музейлік қордағы тарихи экспонаттарға деген сұраныс пен қажеттілік, оларды зерттеу мен сақтау жұмыстарын ұйымдастыру заманауи тәуелсіз және теориялық методологиялық принциптерді іздестіруді талап етеді. Себебі мемлекетіміздің тәуелсіздігі жалпы тарих

ғылымының методологиясының өзгерістеріне әкеледі. Қазіргі күн талабына сәйкес тарихи зерттеулерді ұлттық, мемлекеттік тарих аясында қарастыру қажеттігі зор. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә. Күшекбаев. Музей экспонаттарын сақтау жұмыстарының әдістемесі. //Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері, V халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалы. -Түркістан, 2016ж.
2. Ә. Күшекбаев. Музей экспонаттарын сақтау жұмыстарының әдістемесі. //Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері, V халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалы. -Түркістан, 2016ж.
- 3.Шекербасев Қ.М. Ермашева Н.О. //Мұражайтану және ескерткіштерді қорғау. - Шымкент. 2015. -22б.
4. Ибраева А.Ғ. //Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831-2006жж.) - Астана, 2010. -48б.
5. Ә. Күшекбаев. Музей экспонаттарын сақтау жұмыстарының әдістемесі. //Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері, V халықаралық ғылыми-практикалық



Байжігіт Ғалымжан Бейсенбайұлы

Тарихи-мәдени- этнографиялық орталық,
ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі

Қазақтың қыз-келіншектерінің бас киім мәдениеті



Ерте заманнан бастау алатын киім кию дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатса да, ұлттық киім кию мәнеріміз, өзіндік бітім-болмысымызды айқындайтын өз киіміміз қандай болды?

Қазақ қыз-келіншектері киімінің негізгі ерекшелігі - тұла-бойды жауып тұратындығында. Әйелдің киімі, әсіресе, бас киімі оның жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты өзгеріп отырған. Қазақ қызға қырық үйден тыю жасаған, қазақ қыз-келіншектерінің киімінде көшпелі ұлттың қатпарлы тарихы қатталып жатқандай.

Қыз етегінің ұзын болу себебі, ибалылықты білдірсе, кимешек секілді басты жауып тұратын бас киімдер көшпелі халықты желдің өтінен, күннің ыстығынан, қыстың ызғарынан қорғаған. Ғалымдардың ұзақ жылдар бойы сан түрлі тәжірибе жасап барып, дәлелдеп жатқан дүниелерін, бір ауыз сөзбен айтып кеткен біздің ата-бабаларымыз ақ түстің денсаулықты қорғай алатын қасиеті бар екенін біліп, ақ түсті киелі түске айналдырған. Қазақ әйелдерінің бас киіміне жас ерекшеліктеріне қарай киетін тақия, қыздар кепеші, сораба, жырға, бөрік, қарқара, сәукеле, қасаба, күндік, шөлі, кимешек жатады. Құлпырған қыздың ажарын аша түсетін тақия асқан ұқыптылықпен, зерлі тігіспен, басқа да әртүрлі моншақтармен, күміс теңге, маржан тастармен әшекейленеді. Үкілі тақия – қазақ қыздары ерекше ұнатып киетін бас киімі.



Кішкентай қыз

Жаңа туған нәрестеге әлбетте, иткөйлек кигізген. Ал есі кіріп қалған қыз балаларға көйлек кигізіп, тұлымшағын өріп қойған. Басына тақия кигізіп, үстіне тізесін жауып тұратын көйлектер кигізген.

Бойжеткен

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Абай

Жаздыгүні жұқа матадан тігілген тақия кесе, қыста бөрік киген. Тұрмысқа шықпаған бойжеткен барынша сәнді киініп жүрген. Қыздардың киімдері **қайта**

оралмас қыздық дәуреннің белгісіндей аса ұқыптылықпен тігілген. Ою-өрнектің сан түрімен әшекейлеп, түрлі тастармен безендірілген. Бұрымын әсемдеп өріп қойып, шолпысын сылдырлатып жүрген бойжеткендер талай жүректі дір еткізген. **Қазақ қыздары осынау сұлулығын сырт көзден бүкпей, керісінше қырмызы гүлдей құлпырып жүрген.** Шашқа бойжеткен мен оның жеңгелері ерекше құрметпен, күтіммен қараған. Шашқа арналып тағылатын әшекейдің түр-түрі қыздардың қобдишасынан табылған. Аңыз болып "Көрінер қыздар сұлу шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен" -деген өлең жолдары қалған. **Қазақ қызы ешқашан шашын жасырып жүрмеген.** Қазақта мынадай ырым-тыйым бар: "Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ - жаулық, қара - қайғы".

Жарасқан келбетіне қарқарасы.

Сұлуға әркімнің-ақ бар таласы.

Әнге арқау болған сирек кездесетін ерекше бас киімнің бірі – қарқара. Биік әрі шошақ, әсем безендірілген, сұлу құстардың қанат қауырсынын қадаған бас киімді жас келіншектер, қыздар сән-салтанаты мен жарасымын арттыру үшін киген. Қарқараны киюден хан балалары, сұлтан, төрелер де тыс қалмаған.

Ал қыста және жазда киілетін бөріктің сәні де бөлекше. Кейбір зерттеушілер бөріктің көне түркі тілінде шапка мағынасында қолданылғанын айтады. Бөрікті ерлер де киеді, бірақ, қыздар бөріктің сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қалыңдау, қымбат матамен тысталып тігіледі, жиегі бағалы аң және мал терілерімен көмкеріледі.

Қызықты қыз дәурені артта қалып, сүйгенінің шаңырағына келін боп



түсуге қамданған бойжеткендер киетін келісті бас киім – сәукеленің сәні мен мәні, жолы мен жоралғысы тіптен бөлек. Ол ұзатылатын қыздың сұлулығы мен салтанатын, байлығы мен бағасын асыра түседі. Мәселен, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпей: «19-ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Байсақал атты бай қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Сержан төре 500 байталға бағалаған» деген деректі алға тартады. Аса қымбат маталармен қапталып, алтын, күміс, інжу сынды асыл

тастардан жасалған моншақтар тағылатын таңдаулы бас киімге таңдай қағып, тамсанбайтындар кемде-кем.

Келіншек

Келін өзге шаңырақтың босағасын аттаған соң, оған жаулық салып, еншілейді. Яғни, **орамал - тұрмысқа шыққандықтың белгісі.** Балалы болмағанға дейін үй тірлігін атқарғанда кедергі келтірмес үшін, тамақ пісіргенде шашы тамаққа түсіп кетпес үшін, басына орамал тағып жүреді. Сондай-ақ, жас келін сұқтанған көзден сақтану үшін де орамал тартады. Наным-сенімі берік халқымыз келінін тіл-көзден сақтау үшін орамал таққызған.

Әйелдер

Қазақ әйелдері көбіне үй шаруасымен айналысып, шаңырақтың ырысын

сақтап отырған. Салт бойынша, балалы болғаннан кейін әйелдер кимешек киген. Яғни, **кимешек кию - ана болғанның белгісі**. Неге киген? Себебі, кимешек баланы емізгенде айналаға өңірін ашып көрсетпей, төсті жауып тұрады. Ол кеуде, иық, жонды жауып тұратын, әйелдің бет-әлпеті анық көрініп тұратын киім. Емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізсе, шайтан түртіп, қайызғақ баланың аузына түсіп кетеді деп



ырымдаған. Жас келіншектер кимешектерін өрнектермен әшекейлеп, сәндеп киген. Кимешектің үй және шаруа жұмыстарына арналған түрлері болады, сәйкесінше, әйелдер үй мен қонаққа киетін кимешектерін бөліп киген. **Кимешекке ою салып, моншақпен әсемдеу оның жолдасы бар екенін білдірген. Ал жесір қалған әйелдер кимешектің өрнектерін алып тастап таққан...**

Әже

Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса... Нені көрем?

М. Мақатаев

Әйел егде тартқан сайын, кимешегі де қарапайымдала берген. Кимешек көшпелі өмірге бейімделіп тігілгендіктен, көшіп-қонған заманда әйелдің денесін таза, жылы ұстау үшін киілген. Кимешектің үстінен жаулық тартқан. "Ақ жаулықты әже" тіркесі осыдан шықса керек. Жаулықтың маңдайына қатты қағаз салып орау әжелердің мәртебесін, салтанатын көрсеткен.

Ерекшелігіне қарай бас киім ауыстырыларда қазақы жолмен кішігірім той жасалған. Мәселен, қыз өз үйінен ұзатыларда шешесі қызының басындағы үкілі тақиясын алып сәукелені өз қолымен кигізіп, ақ батасын беріп аттандырған. Өзге шаңыраққа келін боп түсерде арнайы беташар жасалып, бөртпе немесе жібек жаулық салған. Ал перзент сүйіп ана атанғаннан бастап жасына қарай әртүрлі кимешек кие бастаған, онда да шағын той жасалып, жақсы тілектер айтылған.

Жар іздеген жігіттер қыздардың басына қарап сөз салуға болатын-болмайтынын аңғарған. Мәселен, тақия, бөрік кие басы бос екенін сезген, ұнатып жатса жаушы жіберіп, үлкендер арқылы құдалық сөйлескен. Кейде азаматтар шешесі, жеңгесі тігіп берген үкілі тақия немесе сырға, білезіктер арқылы сүйгеніне көңілін білдірген. Қыздар қарымта ретінде кестелі бет орамал сыйлаған. Осының бәрі халқымыздың бас киімге деген ерекше құрметін бейнелейді. Қыздарын қылықты етіп тәрбиелеп, бас киімін басты құндылығы ретінде ұлықтаған ұлтымыздың ұлы мұра, асыл қазынасы ғасырдан-ғасырға құнын жоймай, жаңғырып жете бермек.

Есмырза Ұлжалғас Асқарқызы

ОҚО тарихи-мәдени-этнографиялық
орталық қызметкері

Киіз үй жиһаздары кебеже және асадал

Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнделікті тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

«Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал- жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т.б көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды».

Халықтың қолөнеріндегі мүліктердің бір тобы үй іші жабдықтары болса, екінші тобы- қайыс өру, қару-жарак, көшу –қону, жол-жорық жабдықтары еді.

Қазақ халқының қолөнерінің ішінде ағашты, киізді, темірді ұсату оларды өндеп тұрмыс қажетіне қосып іске асыру, үй жиһаздарын, бұйымдарын жасау, тек нағыз шебер-үйшілердің ғана қолынан келген.

Үйші ұсталар киіз үйдің сүйегін арнайы дайындаған ағаштардан кептіріп, морға салып иіп, сырлап жасаған. Әрбір киіз үй іші жиһазсыз болмаған, оған жүкаяқ, ағаш төсек, жастық ағаш, кебеже, асадал, күбі, әбдіре жасалып киіз үйдің төрінен бастап босағасына дейін сәніменен орын алған.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Кебеже, сандық, жүк-аяқ, қобдишалар жасау үшін алма мен жаңғақ ағаштарын пайдаланған. Әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарының қайсысын болсын асқан шеберлікпен жасай білген. Осындай аса шеберлікпен туындаған ағаштан жасалған үй жиһаздарының кейбіреуіне тоқталып өтейік.

Кебеже - бұрынғы кезде азық-түлік сақтауға пайдаланған, бетіне сүйек, күміс ою-өрнегімен әшекейленген сандықша үлгісінде жасаған. Кебеже барлық аудандарда кездесетін,



халық арасында көптеп тараған, сыртын сырлап, көзге түсер жақтарын көркемдеп, әсемдеп жасаған бұйым. Оны ауқатты адамдар шеберлерден сатып алатын болған. Беттері сүйекпен, күміспен қапталып, қақпақтарының дәл ортасында қошқар мүйіз оюларын, оның айналасына қисық, сыңар мүйіз ою үлгілерін келтіріп безендірілген кебелерді қазіргі таңда музейлерден көруге болады. Кебеже әр үйдің мұқтажына қажет болғандықтан, оларды әл-ауқаты төмен тұратын адамдар қымбат бағаға сатып ала алмаған, сондықтан шеберлер қарапайым түрін жасап, арзан бағаға сатқан. Кебеже беттеріне сырмақ, текемет

оюларын ойып жасайтын шеберлер де болған. Мұндай кебежелердің ою-өрнегі, негізінен стильденген қошқар мүйіз, қос мүйіз болып келеді, кейде өсімдік тектес өрнектер де ұшырасады. Айта кетерлік, бір ерекшелігі кебежені халық тұрмысындағы көшіп-қону кезінде екі өркешті түйеге теңдеп, түрлі зат салумен қатар, жас балаларды да отырғызып қоятын түрі болған. Сондай-ақ, осындай кебежелерге жаңадан туған қозы-лақты, ботаны ұстап бағатын болғандықтан оны бота кебеже деп те атаған екен.

Асадал - тамақ және ыдыс-аяқ сақтайтын үй жиһазы, [кебеженің](#) түрі. "Ас" және "адал" деген сөздерден құралған. Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Деректерге сүйенсек, асадалдың ең көнесі қазіргі тумбочка тәрізденіп, енінен биіктігі артық болып жасалса, екінші түрі ені мен биіктігі шамалас келеді. Үшінші түрінің биіктігі кебежедей ғана болады. Ал, ені биіктігінен 1,5-2 есеге жуық артық, ұзынша болып жасалады. Енді төртінші түрі қазіргі буфет тәрізденіп жасалатын асадалдар.

Осындай асадалдың бірі «шкаф» етіп жасалған түрі Түркістан қаласындағы



этнографиялық орталықтың Хан ордасының шыға беріс оң жағынан орын алған №БТК ТК 150 нөмірімен сақтаулы. Өлшемі: 95 x 80 см. Бұл асадал 2010 жылы 30 желтоқсанда «Этнодизайн Қазақ-2030» ЖШС-нің директоры, профессор А.Найманбайдан сыйға алынған. Орталық қорындағы асадалдың үстіңгі бөлігі қақпақталып, бетіне түрлі нақыштар салынып, сүйекпен безендірілген және екі есігі де сүйекпен көркемделген. Екі есігінің ілмектері қой асығынан жасалған. Асадалдың төрт аяғы үлкен асық формасында ағаштан ойылып жасалған. Материалы ағаш, сырты лактелген. Қорыта келе, аталған дүниелер еліміз бойынша баламасы жоқ құнды дүниелер деп айтсақ қате

айтпаған болар едік және қазақ халқының қолөнерінің тарихы тым тереңде екенінің нақты айғағы. Ата-бабамыздан келе жатқан мұраларымызды өскелең жас жеткіншектердің саналарына кеңінен насихаттауымыз қажет. Қаламызда орналасқан этнографиялық орталыққа болашақ жастарымыз, яғни студенттер мен оқушылар жиі ат басын бұратын болса, ұғынатын сан алуан мұраларымыз жетерлік. Халқымыз барда, ата-баба мұралары ұмытылмақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Қасиманов. «Қазақ халқының қолөнері». - Алматы, -1995 ж. 36.
2. Қ. Өмірғазин. «Қазақ қолөнері» - Алматы 1996 ж. 77 б.
3. Ахмет М. «Көрікті жәдігер-кебеже», «Дәстүр» журналы №3 (28) 2013 ж. 156.
4. Х. Арғынбаев. «Қазақ халқының қолөнері» Алматы «Өнер» - 1987 ж. 446.
5. ОҚО тарихи-мәдени этнографиялық орталықтың түсім кітабы.

Ташбаев Жұмабек Кусбаевич

«Ордабасы ұлттық тарихи – мәдени қорығы» РМҚК бөлім басшысы

Мәдени мұралар – халық қазынасы

Мемлекетіміз тарихи-мәдени мұраларымызды терең зерттеуге, насихаттауға жиналған іс-тәжірибелерге сүйене отырып, тарихи оқиғалардың куәсі болған қасиетті мекендер мен ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін музейлерді жаңа өмірлік тенденцияға шығарып отыр. Қазақстандағы мұражайлар екі типтен тұратынын ескерер болсақ олардың біріншісі - ашық аспан астында орналасқан тарихи-мәдени архитектуралық, табиғи қорық-мұражайлар болса, екіншісі - белгілі бір бағытта құрылған, мәдени мұраларды жинақтаушы мұражайлар біріншісіне қарағанда едәуір көп. Олар өз алдына өлкетану мұражайы, өнер мұражайы, археологиялық, этнографиялық, т.б. болып бөлініп кете береді. Мұражайлардың әр салалығына қарамай, барлығының атқаратын қызметі халыққа тарихи-мәдени мұраны кеңінен насихаттау, өскелең ұрпаққа адамгершілік-патриоттық тәрбие беру болып табылады. Осындай қорық-мұражайлар санатына ашық аспан астында орналасқан «Ордабасы» ұлттық мәдени қорығы да кіреді.

«Ордабасы» ұлттық мәдени қорығы 1993 жылы тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен археологиялық ескерткіштер мен тарихи оқиғаларды негізге ала отырып құрылған болатын.

Тарихымызға көз жіберсек, 1723 жылы жоңғар шапқыншылығының салдарынан болған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қырғынынан кейін, Елім-айлап тоз-тозы шыққан халқымыздың тағдыры қыл үстінде еді. Ер басына күн туып, ел тағдыры қыл үстінде тұрған сол бір қиын-қыстау күндерде қазақтың үш кемеңгер билері Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ұйғаруымен Ордабасы тауында 1726 жылдың көктемінде халқымыз жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық майданын ашуға ортақ шешім жасап, ұлт бірігуге бәтуаласты. Қаз дауысты Қазыбек бидің ұсынысымен кіші жүз ханы Әбілхайыр қазақ әскерлерінің бас сардары болып сайланып, Қанжығалы Бөгенбай батыр ұрыс туын көтерді. Осы бас қосып бірігудің арқасында қазақ жасағы жоңғарларға қарсы болған ірі шайқастарда жеңіске жетті.

Араға 267 жыл салып еліміз тәуелсіздігімізді алғанан соң 1993 жылы 28-29 мамыр күндері тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен Ордабасы тауында Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді еске алу жиыны болып өтті. Бұл жиынға арнайы қонақ ретінде Өзбекстан Президенті И.Каримов, Қырғыз елінің Президенті А.Ақаев шақырылды. Мінберге шығып сөйлеген Елбасымыз аса бір мақтанышпен сондай бір тебіреніспен сол бір, 1726 жылғы Ордабасыда өткен маңызды кездесуге ерекше тоқталып, осы ұлт тағдырын шешкен жерде «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығын құру туралы №1213 қаулысын оқып халықты құттықтаған болатын.

Ордабасы тауында өткен ұлт тағдырын шешкен ұлы жиынды қазақ-жоңғар соғысында шешуші орын алған киелі мекен екендігін айта отырып ақындар жырға қосқан.

Шешендерім бірлік деумен өткен жер,
Көсемдерім елді қосып кеткен жер.
Қалың қазақ туымызды тіккен жер,
Қас - дұшпандар босып, тізе бүккен жер.
Ордабасым атың сенің киелі,
Ұрпақтарың өзіңе бас иеді.

«Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығы Қазақстанның қорық-мұражайлар

санатына кіргенімен, өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы аумағы 1134 гектар жерді алып жатқанымен, қорықтың негізгі аумағы таулы-тасты солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан кішігірім тау жартастарынан тұратын, көлемі шамамен 60 гектар болатын тау төбелерден тұрады.

Бүгінге дейін қорық қорында негізгі 115 жәдігер жинақталған, олардың 17 ашық аспан астында орналасқан болса, қалған 98 жәдігер жабық мұражай ішінде орналасқан.

Қорық аумағының 25 гектардай жерін 1962 жылдан бастап жұмыс істеген таскыяқтау зауыты шикізаттық тас алу үшін жаралап тастаған. Қазақ зиялы қауымы Ордабасыны зерттеу қорытындысын жариялап, еліміздің тарихында алатын ерекше орнын анықтағаннан кейін жоғарыда аталған зауыт өз жұмысын тоқтатты. Бұл қорық аумағында ежелден келе жатқан (шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 2000 жылдар) некрополь орналасқан.

Сонымен қатар, мұнда өзінің көріпкелдігімен, сопылығымен аңыз болған Әліхан әулие жерленген, XIX ғасырда өзінің ынсапсыздығымен жиіркенішті болған Қоқан ханының жандайшабы - Мырзаби атымен аталған төбе де осында. Жоғарыда аталғандарымен қатар, 21-ге жуық бұлағы бар, оның ішінде емдік қасиеті мол Қотырбұлақ, қазақ руларының сонау XVIII ғасырда таңбаларын салған Таңбалыбұлақ та осында орын тепкен. Бұлар туралы көп жерлерде айтылып та, жазылып та жүр. 2000 жылдары қорық қызметкерлері жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары үшін таңдалып алынған қорғаншалардың ерекшелігі - олардың өз алдына бөлек топ болып орналасуы және 4 бұрышты дұрыс геометриялық үлгіде келуі.

1 қорғанша немесе орталық қорғанша. Қорғаншаның көлемі 3x4 м, ал жер бетінен биіктігі 50 см шамасында, дәл ортасына қызыл тастан жасалған кішкене бағана орнатылған. Қорғаншаның беткі қабаты мұқият тапталып, тастармен жабылған. Бет қабаты алынғанда (20-25 см) қорғаншаның үстіңгі жағы табиғи гранит тас плитамен жабылғаны, плитаның астында 3 қатар тас қаланғаны анықталды. Тастардан тазаланған қорғаншаның төменгі қабатында (1 м тереңдік) қой сүйектерінің қалдықтары (бас сүйегі, асығы, т.б.) ақ, қатты тастан жасалған қасқырдың басы, керамика ыдыстардың қалдығы табылды.

Бірақ, қорғанша болса да мұнда адам мәйітінің қалдықтары ұшыраспады. Есесіне, кәдімгі күл шықты. Яғни, бұл жерде мәйітті өртеп жіберу рәсімі қолданылған деген болжамдар бар. Бұл қорғаншалардың YII-IX ғасырлардағы түрік кезеңіне жататынын дәлелдейді. Өртеу рәсімі түріктердің ақсүйек жауынгерлерін жерлеуде көп пайдаланылған.

Ұқсас қорғаншалар туралы біршама жазбалар да кездеседі. Өртеу рәсімі таулы Алтайда да бар. Бұл рәсім ғалым А.А. Гаврилов атап көрсеткендей, VI-VIII ғ. өмір сүрген түріктердің "тугу" тайпасына тән.

Орталық қорғаншаның екі жағына орналасқан 2-3 қорғанша да құрамы мен құрылысы жағынан бірдей деуге келеді. Мұнда да мәйітті өртеу рәсімі сақталған. Зерттеулер қорғаншалардың VI-VIII ғасырлардағы ерте түрік кезеңіне жататынын көрсетті. Ата-баба рухына, салтына берік түрік тайпалары мәйітті жерлеу, еске алу ережелерін Оңтүстік Қазақстанға, Жетісуға өздерімен ала келген.

Мұнан кейін зерттелгені - Ордабасының солтүстігінде, Бадам стансасы маңындағы қорған. Ол өзінің көлемімен ерекшеленеді. Диаметрі 7-8 метр қорған қойнауында, 3,8 метр тереңдікте жас жігіттің мәйітінің қалдығы табылды. Бас жағын оңтүстікке, аяқ жағын солтүстікке қаратып жерлеген.

Мәйіт басында биіктігі 30-35 см келетін қызыл-күрең дөңгелек ыдыс қалдығы мен биіктігі 20 см келетін сұр тұсті қыш құмыра орналасқан. Ыдыстардың жанында күлсалғышқа ұқсас кішкене майшам тұр. Қорғанның ерекшелігі - мәйітті жатқызатын ішкі үйінің солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзын үңгір етіп қазылуы. Бәрімізге белгілі, қазіргі жерлеу әдістерінде мәйіт жатқызылатын кіші үйдің есігі күншығыс жағынан салынады да, мәйіттің басы солтүстікке беріліп, бетін батысқа (құбылаға) қаратып қояды.

Ал, жоғарыдағы жағдайда мәйіттің басы оңтүстікке берілген. Бұдан келіп шығатын қорытынды: қорғанның салыну уақыты ертеге, шамамен I-III ғ. кетеді. Ол кезеңде бір құдайға

табынушылық кең орын алады. Адамдар өлгеннен кейін де өмір сүре береді деген ұғым қалыптасқан. Өлім тек бір жағдайдан екінші жағдайда өту жолы саналған. Сондықтан, өлген адамның жанына ыдыстар мен дәнді дақыл, су қойған. Мәйітпен бірге мал да көмілетін еді. Алдында айтылған қорғанда мал сүйектері қалдығының шығуы осыған дәлел.

Осы қорғанның ішінен күлсалғышқа ұқсас кішкене ыдыс табылған, оны біз майшам деп шештік. Аталған кезеңдерде (I – III ғ.) мұндай шамдар кең тараған. Адамдар бұл ыдыстың ішіне азғана мал майын құйып, жүннен білте есіп, майға шылып жағып, қарапайым жарық көзін жасаған. Мәйіттің жанына майшам қою, көр ішінің жарық болып тұруына септігін тигізеді деп ойлаған. «Қараңғы көрің жарық болсын» деген сөз содан қалған шығар. Қорғандар тарихы әлі де зерттелу үстінде. Бүгінгі таңда аталған мәдени ескерткіштердің қорғау аймағы әлі күнге дейін белгіленбегені қатты қынжылтады.

Ғылыми – зерттеу жұмыстарын онан әрі жүргізе береміз десек те, «әттеген-ай» деген сөз аузымыздан шығып кете береді. Оған себеп, қаражаттың зерттеу жұмыстарына бөлінбеуі, осыған байланысты жұмыс күшінің, оның ішінде кәсіпқой мамандардың жоқтығы, қарапайым болса да құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі қол байлау болуда. Дегенмен де бүгінгі таңда Елбасымыздың «Рухани жаңғыру : болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы аясында біршама жұмыстар жолға қойылды. Бүгінгі таңда Ордабасы ұлттық тарихи мәдени қорығының күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі қорық аумағында орналасқан мәдени ескерткіштердің орнын анықтап, қорғау аймағын жасау. Сонымен қатар, қордағы жәдігерлерге арнайы мамандардың көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізу. Ордабасы сияқты таза тарихи орындар көп емес. Бұл ел-жұрт барып зиярат ететін, болмаса әулиелер жерленген жер емес, бұл таза қазақтың ұлттық бірлігінің қадір-қасиетін көрсететін тарихи орда.

Сондықтан да, мұндай кәсіпорындардың өзіндік табысы қазақ тарихын танып білгісі келетін саяхатшылардан, тарихи мәдени көрмелер коюдан, демеушілерден құралады.

Үш жүздің басын біріктірген Ордабасы өз қойнында әлі де ашылмаған көптеген тарихи деректерді жасырып жатыр. Осыларды терең зерттеп, құпиясын ашып, оны көпшілікке жеткізу - біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. С.Жолдасов, С.Хизметли. «Ордабасы».
2. Ә.Жансейтов. «Мәслихат төбелер тарихынан».
3. А.Формозов. «Очерки по первобытному искусству». (М.1969).
4. А.Гумилов. «Древние тюрки» (М.1967).
5. Х.Ригведа. 26,85 беттер.
6. «Ордабасы 20 жыл» жинақ / Шымкент, 2013 ж.
7. «Ордабасы тауында өткен ұлы жиынға 10 жыл, халықаралық конференция материалдары». Алматы, 2003жыл.
8. М.Сейтжанов «Ордабасы тарихы зерттеле бермек» 35-42 беттер.

Оспанова Алия Мұратқызы

«Ежелгі тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени қорық-музейінің
қор сақтаушысы

**Археологиялық «ежелгі тараз» музейінің
қор сақтау жұмысы мен жәдігерлер санағы**

Музей қоры – «Ежелгі Тараз Ескерткіштері» музейіне тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы. Музей экспонаттарын есепке алу екі кезеңмен қарастырылады:

1. Музей экспонаттарын алғашқы тіркеу;
2. Музей экспонаттарын түгендеу.

1. Алғашқы тіркеуде музей экспонаттары актіленеді. Актілеу музей экспонаттарын қабылдау немесе тапсыру күні жасалып, тұрақты немесе уақытша пайдалануға қабылдау және тапсыру актісімен рәсімделеді. Тұрақты немесе уақытша пайдалануға қабылдау, тапсыру актілерін тіркеу кітабына тіркеледі.

2. Музей экспонаттарын қабылдау жөніндегі актілеу қор сатып алу комиссиясының ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады. Музей экспонаттарын қабылдау кезінде бағалы металдар мен тастары бар музей экспонаттарынан басқа музей заттары жөніндегі мәліметтер негізгі қордың түсім кітабына немесе уақытша қордың түсім кітабына енгізіледі.

3. Түсім кітаптарына мәліметтер енгізу кезінде әр музей экспонатына бір реттік тіркеу нөмірі беріледі, ал әр коллекциялық музей экспонатына коллекцияны құрайтын экспонаттардың саны бойынша нөмір бөлшектеп беріледі.

4. Түсім кітаптары мен тіркеу кітаптары қолмен жазылады. Күнделікті пайдалану үшін түсім кітаптарының электронды нұсқасы жасалады.

5. Түсім кітаптары мен тіркеу кітаптары толтырғанға дейін беттері нөмірленеді, байланады, музей директорының, бас қор сақтаушының, есепке алу бөлім жетекшісінің қолдары қойылады және музейдің мөрі басылады.

6. Әр жылдың бірінші қаңтарына соңғы жазба енгізілгеннен кейін түсім кітаптары мен тіркеу кітаптары бойынша кітаптардың тізімдемесі жасалады.

7. Музей экспонаттарын, оның ішінде коллекцияны есепке алу кезінде әр музей затының саны бірлікпен өлшенеді. Әр музей затына немесе коллекцияға музейдің қысқартылған атауы, музей заты жасалған материалдың бірінші әріпі, негізгі қордың есептік түсім кітабы бойынша музей заттарын есептік түгендеу кітабы бойынша нөмірлері көрсетілген шифр беріледі.

8. Шифр әр музей затына анық, оның сыртқы көрінісін бүлдірмейтіндей қолмен немесе баспа түрінде немесе басқа да қазіргі заманғы технологияны қолдану арқылы қойылады. Уақытша пайдалануға қабылданған музей экспонаттарына шифр этикетканы пайдалану арқылы қойылады.

9. Шифр жаңартылғанда музей затына бұрын қойылған барлық шифрлар сақталады.

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» музейінің экспозициясының ұйымдастырылуы мен жаңартылуы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілетін болады. Осыған сәйкес 2017 жылы 3-4 ш.қ құрайтын экспозиция ұйымдастыру жоспарлануда:

1. «Жамбыл облысының көрнекті орындары» картасын құрастыру және ортағасырлық архитектуралық ескерткіштер, Айша бибі, Қарахан, Тектұрмас кесенелерінің макеттері, сонымен қатар «Ежелгі Тараз» музейіндегі макеті бар Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи ескерткіші Ахмед Яссауи кесенесі.
2. Музей фойесінде Қазақстан Республикасының Президенті – Н.Назарбаевтың және т.б

қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың кітаптары қойылған «Кітап – сарқылмас рухани қазына» атты кітап экспозициясы.

3. 2017 жылы мамыр айында табылған Берікқара қорымының жәдігерлері қойылған «Уйсіндер мұрасы» экспозициясы.
4. 2017 жылы қазба жұмыстарының барысында табылған жәдігерлердің «Көненің қойнауынан шыққан – Тараз жәдігерлері» экспозициясы.

Мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-мұражайының қор сақтау бөлімінің қызметкерлері музей ісінің маңызды бір бағыттарының бірі болып табылатын музей қорының санақ көрсеткішін қолға алды. Санақ көрсеткіші жәдігерлерді есепке алу және сақтау жұмыстарында маңызды орын алады. Ол тек қор сақтау, есепке алу, музей жәдігерлерінің қайта жөндеуден өткізу жұмыстарында ғана емес, оны халыққа ұсынуда да әсері мол. Сондықтан Тараз қалашығынан табылған жәдігерлерді есепке алу электронды түрде жүргізіліп отыр.

«Ежелгі Тараз» музейі құрылғаннан бастап, 2837 жәдігерлерді есепке алу жұмыстары жоспарлы түрде, 2015 жылдың соңында жүргізіле бастады. Жәдігерлер музей қорына түскеннен бастап оларды есепке алудың қажетті құжаттары дайындалады, жеке нөмірлер қойылады, жәдігерлерді фотоға түсіру жұмыстары және жеке карточкаларда олардың сипаттамасы жазылады. Содан соң жасалған жұмыстардың электронды нұсқалары 3 рет қатаң таспаға көшіріледі.

Қазіргі таңда 2837 (екі мың сегіз жүз отыз жеті) тарихи жәдігерлер есепке алынды. Олардың ішінде:

- қыш - 1002 с.б
- тас - 74 с.б
- әйнек - 25 с.б
- мыстан және қоладан жасалған бұйымдар – 234 с.б
- алтыннан жасалған бұйымдар – 22 с.б
- күмістен жасалған бұйымдар – 82 с.б
- нумизматика - 1363 с.б (алтын тиын – 1, күміс тиын - 62)
- т.б - 35



Құдабай Қанат Ибадуллаұлы

ОҚО Отырар ауданы
«Руханият-Әбу Нәсір
әл-Фараби музейі» МКҚК
Бас қор сақтаушы

Музей қорын жүйелеу мен қор жұмыстарын жандандыру

XXI ғасыр Қазақ халқының тарихы мен шежіресін нақтылайтын кезең. Қазіргі кезең Әлемді мәдениетімен, әдебиетімен, тарихымен, зерттелген археологиясымен, тасқа қашалған таңбалы петроглифімен, салт-дәстүрі терең бойлаған этнографиясымен, бәйтеректің тамырындай топыраққа сіңген шежіресімен мойындататын кезең. Елбасымыздың саналы саясаты, осы жолдарды нақтылауға, жоғымызды түгендеп тарих беттерін жаңартуға беріліп отырған бастама. Бұған дейін қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштеріміз бой түзеп, археологиялық қазба жұмыстар мен қайта жаңарту реставрациялық жұмыстар жақсы нәтижелер беріп, жетістіктерге жетті. Ғылыми зерттеу орталықтары мен ғылыми институттар құрылды. Бір емес бірнеше тарихи маңызы мен мәні бар ескерткіштер зерттеліп жарияланды. Есік, Берел, Аралтөбе секілді обалар мен Отырар, Сауран, Түркістан, Сығанақ, Сарайшық секілді ортағасырлық қалаларда қазба жұмыстары мен қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, туристік орындарға айналды. Өңірлердің тарихи-мәдени ескерткіштері зерттеліп, энциклопедиялық жинақтары қалыптасты (СВОД). Бағдарлама аясында жаңа музейлер бой көтеріп, музей қорлары толықты. Шет мемлекеттердегі шаң басқан архивтерден халқымызға қатысты құжаттар мен тың деректер жинақталды. Мектеп оқулықтарындағы тарихи оқиғалар мен кезеңдер дәлелді деректермен жүйеленді, Ғылыми маңызы бар әдебиеттер мен тарихи кітаптар жарыққа шықты. Бұл дегеніңіз, бір ғана бағдарлама аясында жасалған жұмыстардың жоғары деңгейде өрбігендігін көрсетеді.

Әрине, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да осы іспеттес. Бірақ мұның ауқымы кең. «Мәдени мұра» бағдарламасында тарихқа қатысты мамандар мен жүйелер тартылса, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бүкіл халықты, бірнеше сала мамандары мен жүйелі жұмыстарды қамтып отыр. Олай дейтініміз, бағдарлама Туған жерден басталып, Қазақстанның барлық аумағын, қазақтың болмысын, тілін, салт-дәстүрін, бүкіл тарихын қамтып, ұлттық кодымызды айқындайды. Бір бағдарлама ішінен бірнеше жобалық бағдарламалар бой түзеді. Қысқа уақыттың ішінде бұл бағдарламалар да өз жемісін беруде. Бүгінгі өткізіп отырған семинар-конференцияда осы бағдарлама аясында ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік кеңес.

Елбасымыздың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласында «Жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Осы арқылы қалаларды

көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады»-деп атап өткен [1].

Жалпы музей сырт көзге жай ғана мәдени мекеме орындарының бірі болып көрінгенімен, оның атқарылатын жұмыстары мен жауапкершілігі өте жоғар екендігін біз отырғандар түсінсек те, көпшілік түсіне бермейтіні шындық. Музей тарих қойнауындағы заттай дәлелдерді сақтап келешек ұрпаққа аманаттайтын, ата-баба мұраларын халыққа танытатын, насихаттайтын, жинақтайтын, ғылыми зерттеулер мен тұжырымдама жасайтын орын.

Музейіміз 2011 жылы 18-наурызда өлкетанушы, әдебиетші, этнаграф Абдулла Жұмашевтың бастауымен және ОҚО мәдениет басқармасы қолдауымен «Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби музейі» МКҚК-ны деген атаумен ашылған. Құрылымы мәдени мұрамызға, әлемде теңдесі жоқ ғұлама Әбу Нәсір әл-Фараби және оның ізбасарларының құндылықтарына, өлке тарихының археологиясына, этнографиясына, нумизматикасына, Сыр өңірі мен Отырар оазисі таланттары мен тарихи тұлғаларға, ақындарға, жырауларға, күйшілерге, жазушыларға деген құрмет болып табылады. Музей экспозициясы 2 зал, 12 тақырыпта құрылған. Ғимараты 1966 жылы салынған, бейімделген ғимарат. Жалпы алаңы 675,1 шаршы метр болса, қор сақтау бөлмесі 67,7 шаршы метрді құрайды.

Музей қорындағы жәдігерлер саны қазіргі күнге дейін 3600 дана жәдігер, оның ішінде негізгі қор жәдігерлері 1754 дана, қосалқы қор 1846 дана. Негізгі қор жәдігерлерінің ішінде жазба тарихымыз бен мәдениетімізден, дінімізден, салт-дәстүрімізден мәлімет беретін араб, парсы, түрік, қазан баспаларында жарық көрген араб, парсы, түрік, татар тілдерінде жазылған 107 дана көне кітаптар мен қолжазбалар бар. Жәдігерлерімізді қалпына келтіру де музей қоры жұмысының негізгі бір саласы. Қор сақтау орнының 7,2 шаршы метрін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін зертхана ретінде пайдаланудамыз. Зертханада музей штаттық құрылымында қаралған, қайта қалпына келтіруші-суретші маман жәдігерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді.

Қорға қабылданған жәдігерлердің, алдымен, қабылдау актісі (2 дана) жасалады. Оның бірі тапсырушыға беріледі. Қабылдау актісінде жәдігер тапсырушының толық аты-жөні, жәдігердің қысқаша тарихы, жәдігердің атауы, саны, сақталуы туралы мәліметтер келтіріледі [2].

Жәдігерді қабылдау актісі акт нөмірімен Тұрақты түсім актілер кітабына тіркеледі.

Жинақталған жәдігерлерді арнайы құрылған қор сараптау комиссиясы отырысында комиссия шешімімен негізгі қорға немесе қосалқы қорға кезекті қор сақтау нөмірі беріліп қабылданады (Мыс; Рух НҚ 842 немесе Рух ҚҚ 857).

Жәдігерді Бас түсім кітабына (негізгі немесе қосалқы қор тіркеу кітабы) толтырғанда тіркеу кітабындағы реттік саны, толтырылған күні, қабылдау актісі нөмері, уақыты, тапсырушы аты-жөні, жәдігер атауы мен қысқаша сипаттамасы, саны, материалы, өлшемі, салмағы, сақталуы, құны секілді қысқаша мәліметтермен беріледі [3].

Егер жәдігер сатып алу жолдарымен алынса, қабылдау актісімен хаттамада түсу жолдары мен бағасы көрсетіледі. Қор сараптау комиссиясы жәдігердің тарихи құндылығына, материалы мен сақталуына жан-жақты мән бере отырып бағалайды [4].

Жәдігердің ғылыми түгендеу карточкасын толтыру барысында қор сақтау нөмірі, атауы, жасалған уақыты, материалы мен техникасы, өлшемі, саны, сақталу жайы, жәдігердің түсу тарихы, ғылыми сипаттамасы кіреді [5].

Музей экспозициясына жасақталған тұрақты көрмелер, музейшілік уақытша, тұрақты көрмелер, көшпелі көрмелерге жәдігерлерді қоюға тұрақты немесе уақытша көрмеге беру актісі арқылы жүзеге асады.

Қайта қалпына келтіруді қажет ететін жәдігерлер арнайы музей қызметкерлері арасынан құрылған комиссия шешімімен анықталып, қайта қалпына келтіруге беріледі. Қайта қалпына келтіруші маман жәдігерді қалпына келтіргеннен кейін жәдігердің паспортын жасайды. Паспортта жәдігердің қайта қалпына келтіру жұмыстарына дейінгі және одан кейінгі жағдайы туралы мәліметтер мен суреттері келтіріледі [6].

Аталған жұмыстарды жүргізу барысында музей құндылықтарын есепке алу және сақтау тәртібі туралы заңдылықтар мен жазылған нұсқаулықтарды басты назарда ұстау арқылы жүзеге асырған дұрыс.

Қор жәдігерлерін мүмкіндігінше коллекциялық топтамаларға бөліп жүйелі түрде орналастырудамыз. Археологиялық, этнографиялық, сағат коллекциясы мен негізгі және қосымша қорға тіркелген кітаптарымыз арнайы атаулармен берілген сөрелерде сақтаулы. Құжаттар мен 50 жылдан астам тарихы бар фотосуреттер, (негізгі және қосымша қор) жәдігерлері тартпалы суырмаларда алфавиттік ретпен сақталса, көне кітаптар мен қолжазбалар тартпалы суырмада каталогтік реттік санмен орналасқан. Нумизматикалық заттар мен орденмедальдар, ұсақ бағалы заттар арнайы құлып салынатын ағаш сандықшада. Матадан жасалған бұйымдар мен киім үлгісіндегі жәдігерлер киім шкафына тығыз орналасқан. Майлы бояумен салынған картинкалар мен портреттер, темірден жасалған бұйымдар қор бөлімінің сақтауға қолайлы деп табылатын жерлерде. Әрине, қор жәдігерлеріміздің сақталуы барлық талаптарға сай және жүйелі деп толық айта алмаймыз. Оның себебі, музей ғимараты бейімделген ғимарат, арнайы музейге арналмағандығы болып отыр. Жәдігерлерді сақтау үшін қор сақтау орындарына қосымша шамамен 100 шаршы метрді қажет етсе (Музей жәдігерлерінің көбі сыйымсыздықтан музейден тыс жерде орналасқан). Арнайы металбұйымдары мен матадан жасалған жәдігерлерді сақтайтын сөрелер, жәшіктер, тартпалы суырмалар және оларды орналастыратын орындар жетіспейді. Ауа ылғалдығын өлшейтін арнайы құрылғылар мен қор жәдігерлерінің дұрыс сақталуын қамтамасыз ететін апараттар жоқ.

Әр айдың соңғы аптасының бейсенбі күндері қор бөлімінде жәдігерлерді шаң тозаңдардан тазалау және дұрыс сақталуын қамтамасыз ету мақсаттарында санитарлық-тазалық жұмыстары жүргізіледі.

Қор және экспозиция жәдігерлерін жүйелеу, оңтайландыру, коллекциялау,

жәдігерлерді электронды форматқа енгізу (цифрлық жүйе) мақсаттарында MS WORD бағдарламасында арнайы кесте (таблица) түздік. Кестеге бас тіркеу кітабындағы алғашқы жәдігерден бастап сол кітаптағы толық мәліметтер мен жәдігердің тұрақты сақталу орны мен жеке суреті кіргізілуде. Алдымен жәдігердің жеке фотосуреті компьютерге енгізіп JPG форматында қор нөмірі салынып, жеке папкаға қор нөмірлері бойынша ретімен орналастырудамыз. Кесте бөлек сақталады. Кесте құрылымын оңтайландыру үшін музей қорында сақталатын орындар мен экспозицияда тұрған жәдігерлердің орындарына тұрақты реттік нөмір берілді. Бұл жұмыстар жәдігердің тұрақты орнын көрсетуге мүмкіндік береді. Сіз жәдігерге қажетті мәліметтің барлығын осы кесте ішінен біле аласыз. Кесте қор түгендеу кітабы, қабылдау актілері мен хаттамалары, ғылыми төлқұжаттарын іздемей-ақ осы арқылы жұмыстануға және олардың дұрыс сақталуына жол ашады. Кестенің екінші тиімділігі жәдігердің электронды мәліметін жариялауға таптырмас мүмкіндік береді. Мысалы, әлеуметтік желіге диірмен тас жәдігерін жарияламақшы болсаңыз, кестедегі қор нөмірі арқылы оңай тауып, суреті мен сипаттамасын осы папка ішінен табасыз. Кесте ішіндегі ғылыми сипаттамасы, тапсырушы аты-жөні қор және реттік нөмірі, өлшемі, сақтау орны, жәдігердің сипаты т.б мәліметтер кез-келген мақсатта пайдалануға болады. Үшіншіден, біз келешекте музейдің коллекциялық топтамаларын шығаруды жоспарлап отырмыз. Қорымыздағы сақталған жәдігерлерімізді топтамаларға бөліп (жинақталған жәдігерлердің археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық салаларын жіктеу, яғни тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі немесе тері бұйымдары, ағаш бұйымдары, зергерлік бұйымдар, т.б), ғылыми-танымдық мәні бар мәтінді албомды кітаптар шығару. Әрине бұл жұмыстарға кестедегі дайын мәліметтердің тигізер пайдасы мол болмақ.

Музей қорын жәдігерлермен және құнарлы деректермен толықтыруды көздесек, оның негізгі екі жолы бар. Біріншісі, тарихи құны бар жәдігерлерді сатып алу. Екіншісі, сыйға алу. Қорымыздағы жинақталған негізгі және қосымша қор жәдігерлердің 98 пайызын сыйға алудамыз.

Бірінші жолқаржыны талап етеді. Оған арнайы ақша қарастыру қажет. Қазіргі кезге дейін жәдігер жинақтау мақсатындағы жұмыстар барысында осы жолмен алынатын көптеген тарихи құны мен ғылыми мәні бар жәдігерлердің нақты тізімі мен деректері бар. Нарықтық заманда ақшаға бағалану заңдылық. Тіпті жәдігерден айрылып қалмас үшін келіссөз арқылы келісімді бағасымен (кейбіреуін қарызға) қорға қабылдап та алғанбыз.

Екінші жолы-біз және басқа да музейлер тәжірибесінде бар жұмыстардың бірнешеуін атап, талдап көрелік. Тарихқа жаны ашыған немесе мұның орны музей деп түсініп тапсыратын адамдар тарапын қоспағанда.

1. Музейге сый тарту акциясын ұйымдастыру.

2. Өлке тарихына қатысты ұйымдастырылған ғылыми институт немесе ғылыми мекемелер ұйымдастырған археологиялық, этнографиялық экспедицияларға қатысу, экспедиция жетекшілерімен байланыс орнату. Сол арқылы жәдігер мен деректер жинақтау.

3. Арнайы фольклорлық- этнографиялық өлке тарихына қатысты деректер жинақтау мақсатында экспедициялар ұйымдастыру.

4. Тарихқа немесе өлке тарихына қатысты тұлғалармен немесе сол тұлғалардың туыстармен байланыс орнату.

5. Тарихқа немесе өлке тарихына қатысты тұлғалардың іс-шараларын ұйымдастыру, тақырып беріп өткізу.

6. Қолында музей құндылығы бар болып табылған адамдармен келіссөз жүргізу болып табылады.

Музей қорында жинақталған құнды жәдігерлеріміздің қатарында қолжазба және тас баспа кітаптары сақталған. Бұл кітаптардың басым көпшілігі Арыстанбаб кесенесі жанындағы мешіт-кітапханасында Кеңес үкіметі кезеңіне дейін сақталып келген. 1930 жылдары атеистер тарапынан кітапхана талқандалып, орнын Кеңестік идеологияны насихаттайтын кітаптар алмастырған. Сол кітаптардың жанашыры, Арыстанбаб кесенесінің бас ұстасы Қалмырза Мүсәпірұлы мен Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінің түлегі Әбусейіт Оңғарбайұлы сақтап қалған кітаптардың бір жұрнағы ұрпақтары арқылы бізге жетіп отыр [7. 3-5 б]. Арыстанбаб кесене мешітінің жанындағы мұсылман кітапханасының қолжазбалар мен кітаптарының көбінің алғашқы беттерінде «Молла Сыдық»- деп мөрмен куәландырылып, қара сиямен «Арсланбабқа»- деген жазулар бар. Қордағы қолжазбалары мен көне кітаптарды екі топқа бөліп қарастырудамыз. Арыстанбаб кесене мешіті жанындағы мұсылман кітапханасына қатысты қолжазбалар мен кітаптар және қатысты емес қолжазбалар мен кітаптар. [8.3-5 б].

Жинақталған қолжазбалар мен көне кітаптар өздерінің мазмұны жағынан ғылымның бірнеше саласына қатысты деп айтуымызға болады. Олардың арасынан ислам дінінің тарихы, шариғаттары мен заңдылықтары, құран кәрімнің бірнеше нұсқалары мен тәпсірлері, фиқи-ислам құқығы, ислам теологиясы (Ақайд), ислам философиясы, логикасы, тіл ғылымы, сөздіктер, грамматикалар, поэзиялар мен қиссалар, сондай ақ, Қожа Ахмед Ясауи хадистері, XIX-XX ғасырлардағы қазақ зиялы қауымы сусындаған шығыс философтары Фейзули, Бедейл, Хафиз, еңбектерін де кездестіруге болады. Бұл еңбектер араб, парсы, түрік, татар тілдерінде жазылған, көшірілген қолжазбалар мен араб, парсы, түрік, қазан баспаларында жарық көрген тас баспа кітаптары [9. 3-5 б].

2013 жылы А.Жұмашев ағамыздың, музей қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасында Арыстанбаб кесене мешітіне қатысты кітаптардың бір бөлігі мен қатысты емес кітаптардың біршамасы зерттеліп, қысқаша мазмұнды каталог жүйесі құрылған кітапша болып басылып шықты.

Бұл жұмысты ары қарай жалғастыру каталогтік жүйеге кірмеген қолжазбалар мен кітаптарды кіргізу, толық аударма жұмыстарын жүргізіп мазмұнын ашу, қолданысқа енгізу мақсаттарында жұмыстану қажет. Тас баспа кітаптар мен қолжазбалардың қазіргі күнге дейін 12 данасы электронды форматқа сақтау мақсатында сканерден өткізіп, арнайы дискіде сақталуда.

Қорыта айтқанда, “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламасы

бүкіл қазақ баласы мен қазақ даласына ұлттық санамызды, ұлттық кодымызды айқындап беретін бағдарлама. Бұл арқылы біз өзге мемлекеттерге, кез келген шетелдіктер мен өзге ұлт өкілдеріне қазақ мәдениеті, қазақ даласы, қазақ салт-дәстүрі, қазақ жазуы, қазақ алфавиті деп нақты дәлелмен көрсете алатын дәрежеге жетеміз.

Отаршылдық жылдары қазақ көшпенді, жабайы немесе жартылай жабайы деп аталды. Қазақтың жалған тарихы жазылды. Ендігі кезекте қазақтың жалған емес нақты тарихы жазылмақ. Қазақ көшпенді - отырықшы, емін-еркін өскен, салт-дәстүрі мен мәдениетін берік ұстаған білімге құштар, оқужазу мәдениеті 2000 жыл бұрын пайда болған, тарихы терең, ешқашан жойылмаған халық екендігіне көз жеткіземіз, әрі музей қызметкерлері тарихты жандандырып, жаңалауына дәлелдер мен деректер жинақтап өз үлестерін қоса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір, 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министірлігі Мәдениет комитеті. «Музей құндылықтарын есепке алу және сақтау тәртібі, музей қорының музей заттары мен музей коллекциясын жинақтау, есеп жүргізу, сақтау, реставрациялау және пайдалануды ұйымдастыру туралы нұсқаулық». Астана-2009 ж.
3. Астана-2009 ж.
4. А.Жұмашев, З.Жандарбек. Р.Мұзаффаров. «Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайы қорындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар каталогы». Түркістан-2013 ж. 3-5 беттер



Хамедова Севинч Азреткулиевна

Государственное коммунальное казенное предприятие
«Музей истории хлопководства ЮКО»

Проблема восстановления и сохранения музейных предметов музея истории хлопководства

«Малая Родина – это место, где ты родился и вырос, а порой и прожил всю жизнь» - пишет глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев. Трепетное отношение к родной земле, ее культурным корням, обычаям и традициям народа Казахстана является первоосновой культурно-генетического кода. Поэтому главной целью глава государства ставит воспитание у казахстанцев патриотического духа и чувства гражданственности, ответственности за судьбу малой Родины. Любовь к родному краю, тому уголку земли, что Родиной зовется и является проявлением истинного патриотизма. И мы, должны осознать свою причастность к судьбе своей страны, стремиться изучать историю и культуру родного края и передавать свои знания молодому поколению. А это означает, что мы должны в корне изменить общественное сознание граждан. Каждый человек должен начать с себя, со своего отношения к людям, к работе, к природе родного края, к представителям старшего поколения. Особенно четко это находит отражение в программе «Рухани Қазына», первоочередной задачей которой является сохранение историко-культурного наследия предков и возрождения уважения к традициям, истории и культуры родной земли. С особым чувством делится Нурсултан Абишевич своими мыслями о воплощении программы патриотического направления «Туған жер». Она связана с проведением краеведческой работы в сферах культуры и образования, экологии, благоустройства, изучением истории, восстановлением культурно-исторических памятников и культурных объектов малого масштаба. Эта программа адресована нам и всем тем, кому небезразлична сегодня жизнь малой родины [1].

Сохранить и донести историю - одна из первоочередных задач музеев. В нашей республике этому уделяется внимание, и со стороны руководства, и со стороны работников музейного дела, и со стороны людей, просто любящих свою страну и историю своего народа, которых появляется в последнее время все больше и больше. Свидетельством этому служит появление новых музеев, организация и нахождение новых археологических раскопок, расширение экспозиций уже имеющихся музеев.

Наш Музей истории хлопководства уникален в своем роде, являясь единственным в республике музеем, освещающим путь зарождения и развития такой нужной для страны отрасли как хлопководство. Истории жизней и опыт людей, посвятивших себя развитию хлопководства в стране отражены в экспозициях музея, рассказывающих так же и об орошении Голодной степи, и о подьеме сельского хозяйства в крае в целом.

Музей расположен в здании семеноводства совхоза Пахтаарал. Само хозяйство создавалось как семеноводческое, поэтому здание семеноводства занимает довольно большую территорию. Год постройки здания 1930.

В 1944 г. совхозе «Пахтаарал» праздновали 20 - летие образования совхоза и подготовили производственную выставку. Она удалась на славу и было решено при семеноводстве создать «Музей истории хлопководства». В 1973 г. музей совхоза- техникума «Пахтаарал» получает звание народного. В этом же году велась реконструкция, обновлены экспозиции музея.

За годы существования музей перетерпел изменения дважды: от производственной выставки 1944 года до 1971 года и оформительских работ художественным комбинатом «Рассом».

Начинается музейная экспозиция с Ленинского Декрета, подписанного 17 мая 1918 года

об ассигновании 50 миллионов рублей на оросительные работы в Туркестанском крае. Этот декрет стал судьбоносным документом в освоении территории. Не менее интересна и богата история создания первого в Казахстане хлопководческого совхоза Пахтаарал.

С освоения и орошения земель, а также с хлопком связаны многие события в жизни пахтааральцев. Они нашли отражение в различных экспонатах, представленных в музее. Здесь представлены различные виды техники, в том числе и первые хлопкоуборочные комбайны, которые испытывались на пахтааральских полях. На постаменте перед музеем стоит один из первых советских тракторов - «Универсал». С него начиналась механизация хлопковой отрасли. Есть очень ценные производственные экспонаты - конная сеялка, культиватор. В музее отражены военное, послевоенное время.

В данное время зона хлопкосеяния расширились, задачи стоящие перед музеем увеличились. Создана экспозиция из отечественных сортов хлопчатника, их семян и видов волокна, которые выводят в Мактааральском Научно- Исследовательском институте.

Экспозиция музея освещает и другие драматические моменты в истории региона. Сюда, начиная с 1935 года, ссылались из республик СССР представители разных народов: финны, немцы, народы Кавказа, украинцы, греки.

Читая книгу отзывов о музее можно убедиться в широкой географии экскурсантов. Здесь побывали делегации из Бразилии, Монголии, Китая, Кубы, Венгрии и т.д. Среди Почетных гостей: Хрущев Н.С., Кунаев Д., король казахского вальса Ш. Калдаяков [2].

Комплектование, сохранение, учёт и изучение музейных коллекций остаются главной задачей всех музеев независимо от их профиля и даты основания. Именно фонды являются главными показателями насколько богат музей экспонатами, представляющие вещественные, письменные, документальные, информационные и другие доказательства прошедшей эпохи. Наш музей истории хлопководства может похвалиться богатыми фондами. Это было отмечено неоднократно многими экспедициями проведенными в рамках программы «Малая родина». Богатство наших фондов приятно удивило и преподавателей Боннского университета и исследователей из Турции [3]. А профессор Т.Тровисани уже третий год подряд приезжает в командировку с аспирантами и исследует наши фонды. Наши фонды привлекают и магистрантов Евразийских исследований, Назарбаев университета. Музей, комплектуя фонды накапливает социально- значимую информацию. В данное время есть пять способов комплектации музейных фондов: музеефикация (недвижимые памятники), систематические, тематические, комплексные и информационные, поскольку время стремительно изменяется. В силу определенных проблем в системе финансов, наш музей комплектует фонды за счет такой формы как дарение. Эта очень популярная форма пополнения фондов, но ей предшествует большая, кропотливая работа по изучению частных архивов и уговоры передать в дар музею на вечное хранение.

Комплектование музейных фондов - это вечный непрерывный процесс.

Как вы знаете музеи являются основными хранилищами памятников естественной истории материальной и духовной культуры.

Мы, хранители несем ответственность за целостность и полную сохранность всех находящихся в музеях экспонатов, за состояние учета, инвентаризации и хранения музейных ценностей.

Нашим музеем накоплен определенный опыт по комплектации в связи с профилем музея. Его цель сбор, хранение и освещение в экспозициях зарождения и развитие хлопковой отрасли в Казахстане.

Рабочие будни хранителя фондов идут согласно плана работ, утвержденным директором музея. Это рутинная работа по соблюдению температурного режима и в фондах, и в экспозициях. Проверка сохранности экспонатов в музейных экспозициях, прием новых предметов, научное описание, легенда о предметах, ознакомление экскурсовода и научного

сотрудника с фондами в том числе новым поступлением. С наступлением жаркой погоды начинается просушка экспонатов из тканей, не допуская попадания прямых солнечных лучей.

Фондохранилище это не только помещение, где сконцентрированы музейные ценности, не только размещенные в экспозиционном зале, но и лабораториях, где обеспечивается работа по научному определению и изучению музейных собраний в целях всестороннего их использования. А также определяется состояние хранимых предметов. Даже при соблюдении всех норм режима хранения и системы хранения музей не может гарантировать полной и вечной сохранности предмета. Кроме того, в процессе комплектования фондов музей может становиться владельцем предметов, чей внешний вид далек от идеала. Это требует мер по восстановлению предмета или хотя бы поддержанию его в том виде, в котором его получили, и по недопущению ухудшения свойств предмета. Эти задачи решаются в ходе реставрации и консервации [4]. У нас в музее нет реставрационной мастерской, где бы работали специалисты высокого класса, знающие как можно восстановить утраченный, либо осветленный текст, склеить фрагменты керамики, найденные при археологических работах в городище Утырлы, реставрировать бюсты героев социалистического труда.

Фондовая работа, как и впрочем другие музейные работы, постоянно требуют изучения новинок в музееведении. Если мы ранее руководствовались инструкцией по учету и хранению музейных ценностей, то теперь мы, благодаря Интернету, можем знать как работают музеи не только Казахстана, но и мира.

Фонды - это сердце музея и мы делаем все, чтобы оно было здоровое.

Список используемой литературы:

1. Ю. Олейник. Мой край – земля благоденственная. Статья из интернета <http://altynsarin.kostanay.gov.kz/gosuslugi/vzglyad-v-budushchee-modernizatsiya-obshchestvennogo-soznaniya-statya-prezidenta-rk/>.
2. Л.Доброта. Газета «Казахстанская правда» от 1 апреля 2003 года.
3. Книга отзывов Музея истории хлопководства ЮКО, 17.04.2015г.
4. Задачи консервации и реставрации музейных предметов. Статья из интернета <http://sochiartmuseum.ru/zadachi-konservacii-i-restavracii-muzeienix-predmetov.php>.





Султанмуратов Бауыржан Сейділдәұлы
«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі» РМҚК,
Реставрация және консервация бөлімінің меңгерушісі

Музейдің этнографиялық кешеніне қойылған ат арбаны қайта жаңғырту

Қазақтың бұрыннан негізгі шаруашылық кәсібі мал өсіру болды. Мал шаруашылығымен айналысқан халықтар сол малдың жайын жасау мақсатында көктемде жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қонып жүрген. Малдың ішінде жылқы малы өте ерекше орын алған. Жылқыларға арба жегіп, жаугершілік замандарда қару-жарақ тасымалдауға және көшіп-қонуға таптырмайтын көлік ретінде пайдаланған. Яғни, ағаштан жасалған ат арбалар төзімді, әрі жеңіл болғандықтан, қазақ көшпелі тұрмысында қолдануға ыңғайлы болған.

Осындай көне заман жәдігерлерін сақтауда, табиғат пен адамзаттың қолынан жасалған өнер туындыларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып насихаттауда маңызды роль атқаратын мекеме - мұражай. Мұражай қызметінің негізгі бағыттары көне жәдігерлерді жинау, есепке алу, сақтау, зерттеу, реставрациялау және консервациялау болып табылады. Яғни, реставрация және консервация – мұражай ісінің ажырамас, әрі маңызды бөліктерінің бірі екендігін байқаймыз. Мұражай - көне жәдігерлерді сақтаумен қатар, консервациялық және реставрациялық іс-шараларды үнемі жүргізіп отыруы тиіс.



7-сурет. Ағаштан жасалған арбаның реставрациядан кейінгі көрінісі

Отырар музейі қорықтық музей болғандықтан ашық аспан астындағы ескерткіштерді сақтап, күтіп ұстау мақсатында 2005 жылы Реставрация және консервация бөлімі құрылды. Бұл бөлім құрылғаннан бері онда білікті реставраторлар жұмыс істеп келеді. Олардың қолымен мыңдаған музейлік заттар жөндеуден өтіп, жаңғырып, қайта түледі. Бүгінгі таңда шет елдердің реставрация саласындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми-практикадан өткен реставраторлар музей қорындағы металл, шыны, көн-тері, ағаш, керамикадан жасалған музейлік заттарды ғылыми негізде қайта қалпына келтірумен айналысуда. Сонымен қатар, экспонаттардың алдағы уақытта түрлі физикалық, механикалық, биологиялық жағдайлардың әсерінен бүлінбеуін бақылауда, қамтамасыз етуде.

Музей реставраторларының қолдарынан қайта жаңғыртудан өткен көне туындылар музей экспозиция залдарының көркін келтіріп, келуші көрермендердің қызығушылығын тудыруда. Солардың бірі, музей ауласынан ашылған этнографиялық кешенде келуші көрермендерге көрсетілімге ұсынылған ат арба. Ат арба Кеңес Одағы заманынан қалған мұралардың бірі. Яғни, Ұлы Отан соғысы тұсында пайдаланылған. Ат арбалар төрт доңғалақты және екі доңғалақты болып екіге бөлінген. Сонымен қатар, бір ат жегетін немесе екі ат жегетін

түрлері де болған. Мысалыға, төрт доңғалақты арбалар жүк тасымалдауға ыңғайлы болса, екі доңғалақты арбалар жаугершілік замандарда соғыс көлігі ретінде пайдаланылған.

Ағаштан жасалған бұйымдар ғимаратта немесе ашық аспан астында сақталуына байланысты түрлі реставрациялық және консервациялық жұмыстарды қажет етеді. Ат арбаның негізгі материалы ағаш болғандықтан, күн астында табиғи жарықтың тікелей түсу салдарынан қақырап кеуіп кетеді. Музейлік заттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 2012 жылы мамыр айында бөлімдегі реставраторлар арбаның табиғи ескірген және әдейі өзгерту кезінде нұқсан келген бөліктерін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді (1,2-сурет).

Ат арба төрт доңғалақты келген, бір ат жегуге арналып жасалған. Алдыңғы екі доңғалақты қосып тұрған біліктің үстіңгі жағына оңды-солды бұрылуға жағдай жасайтын темір кіндік орнатылған. Алдыңғы және артқы доңғалақтарын біріктіріп тұрған білік темірден жасалып, үстіне ағаш кесіндісі қойылып бұрандалы темір тартқыштармен бекітілген. Оның үстіндегі төс ағашпен артқы жастық ағаштың ортаңғы бөлігінен оқтық жүргізілген. Оқтықтың үстіңгі бөлігінде жүк салатын немесе адам отыратын ағаш қорабы бар. Бүгінгі таңда арба қорабының ағаштары қақысып кеуіп кеткен, жарамсыз күйге түскен.

Арба бөлшектерінің ішінде ұстадан асқан шеберлікті талап ететіні оның доңғалақтары. Негізгі материалы қарағай ағашы және темір. Алдыңғы екі доңғалағы кішірек, артқы доңғалақтары пішіні жағынан үлкенірек етіп жасалған. Алдыңғы доңғалақтарының қимасы (шеңбері) 10 дана қисық қайың кесінділерінен қиыстырылған, сырты шентемірмен қапталған. Артқы доңғалақтарының қимасы 3 дана қисық қайың кесінділерінен қиыстырылып, қаламдардың төменгі жіңішкелеу ұштары доңғалақтың қимасына барып кірген, сырты шентемірмен қапталған. Әр қималарының арасы бұрандалы темір тартқыштармен қысылған. Доңғалақтың ортаңғы күпшегін жуан қарағай ағашынан шауып, ішін білік сыярлықтай етіп ұзыннан қуыс етіп үңгіп, қашаған. Сыртқы жағының ортаңғы бөлігіне айналдыра доңғалақтың қаламдарының жоғарғы жуандау ұштары кіретіндей етіп ұңғыма жасалған. Күпшек жарылмас үшін сыртына темір шеңбер кигізілген. Біліктің екі басынан доңғалақтар сұғылып, сыртынан темір төлке кигізілген.

Арбаның алдыңғы білігінен шығарылған екі арысы (жетек ағаш) болған. Бірақ, белгісіз бір себептердің әсерінен бүгінгі таңда сақталмаған. Жетек ағашының жоғарғы жағына атты жегуге арналған мойындық ағашы салынған. Мойындық қарағай ағашынан иіліп жасалған.

Қайта қалпына келтіру жұмыстарын бастамас бұрын арбаның реставрацияға дейінгі суреті түсіріліп, ғылыми сипаттамасы жазылып, реставрациялық құжаты дайындалды. Ағаш арбаны қайта қалпына келтіру керектігі жайында бөлім меңгерушісімен және бөлім реставраторларымен кеңес өткізіліп, арнайы хаттама толтырылды.

Арбаның үстіңгі жүк салғыш қорабы және ат жегуге арналған қос арысы мүлдем сақталмаған. Жүк салар қорап қолда бар ағаш кесінділерінен толықтай қайта қалпына келтірілді (1,2-сурет). Сонымен қатар, алдыңғы ат жегілетін қос арысы (жетек) қайта қалпына келтірілді. Арба доңғалақтары суырылып алынып, реставрацияға дейінгі суреті түсірілді. Доңғалақтың шабақтары жеке-жеке алынды, ағаш щетканың көмегімен тазартудан өткізіліп, қақырап кеуіп кетпеу мақсатында вазелин майымен майланды (3,4-сурет). Кейін қайта құрастыру кезінде шатасып кетпеу үшін әр шабақ реттік санымен нөмірленді.

Доңғалақтың ортаңғы күпшегі шабақтардың басы келіп сұғылатын әр ұңғыманың тұстарынан жарылып бірнеше бөліктерге бөлінгендіктен, күпшектің әр бөлігі шаң-тозаңнан толықтай тазартылды. Күпшек ағашының бұзылу процесін баяулату мақсатында вазелин майымен майланып, ағаш желім пайдалана отырып қайта құрастырылды. Сонымен қатар, күпшектің сыртына кигізілетін шентемірі күпшектің көлеміне қарай ықшамдалып қысып ұстап тұратындай етіп дәнекерленді.

Арба доңғалағының темір білігіне киілетін тұсындағы темір төлке (втулкасы) коррозияға ұшырап, қатты тоттанғандықтан отты қыздырғышпен қыздырылып алынды (5,6-сурет). Бір жақ бетіндегі жарылған тұсы дәнекерленді. Темір төлкенің, біліктің тоттанған бөліктері тоттан

тазартылып, техникалық сұйықтықпен майланып қайта орнына кигізілді.

Жоғарыда айтылғандай, реставрация және консервациялық жұмыстың әр кезеңі арбаның басқа доңғалақтарында да қайта қайталанып отырды.

Сонымен музей реставраторлары жүргізген реставрациялық және консервациялық жұмыстардың нәтижесінде ат арба өз доңғалағымен жүретіндей жағдайға жетті деп толықтай айта аламыз (7,8-сурет). Арба музей ауласында, ашық аспан астында тұрғандықтан алдағы уақытта реставраторлар оның сақталуын қамтамасыз ететіндігіне кәміл сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, «Өнер» 1987 ж.
2. Новоженев В.А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии. Алматы, Аргументы и Факты Казахстан, 1994 г.
3. Раимханова К., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы: Оқу құралы. Алматы, 2002 ж.





1-сурет. Ат арбаның үстіңгі жүк салғыш қорабын реставрациялау



2-сурет. Ат арбаның үстіңгі жүк салғыш қорабын реставрациялау



3-сурет. Доңғалақты консервациялау кезеңі



4-сурет. Доңғалақтың реставрациядан кейінгі көрінісі, қайта салуға дайындауда



5-сурет. Темір төлкені отты қыздырғыштың көмегімен босатуда



6-сурет. Темір төлкені біліктен ажыратып алу сәті

Данияров Бақыт Тілеуқабылұлы

ОҚО, Түркістан қаласы

Тарихи-мәдени-этнографиялық
орталықтың ғылыми қызметкері

Қордағы қолдиірмендер

Адам баласы алғаш еңбек ете бастаған дәуірден бастап тастар еңбек құралдары және тұрмыстық заттар ретінде қолданыла бастады. Қазақ халқының тас қашау өнерінің даму ерекшеліктерін ағаш өңдеу, кілем тоқу, зергерлік өнер салаларымен бөліп қарастыруға да болмайды. Бұл қолөнер салаларында жалпы композициялық шешімдермен, сюжеттік негіздерімен бірге материалдарды техникалық өңдеу, ою-өрнектеу жұмыстарында жалпы ұлттық ұқсастық белгілері сақталады.

Сондықтан қазақ халқының тас қашау өнерін зерттеу, оны жан-жақты барлық қырларынан көрсету жұмыстары әлі де жалғасын табады деген ойдамыз. Оны зерттеу қазақ халқының қолданбалы өнер жүйесінде кешенді түрде жүруіне сенім білдіреміз. Қазақ халқының өнерін зерттеу жалпы халқымыздың этнографиясы мен тұтас мәдениетін көрсету, тарихи-мәдени құндылықтарымызды сақтау, оның әйгілі үлгілерін үгіттеу жалпы ғылыми және мәдени мәселелерді шешуге үлесін қосады.

Көшпенділер егіншіліктің өнімдерінсіз, қолөнершілер мен қала тұрғындарының тұрмыс заттарынан күн көре алмайтын еді. Көшпенді қазақтардың өзі бақша өсіріп, шағын алаңдарға тары егетін. Мысалы, С.Н. Никитин өзінің 1892 жылғы Орал облысындағы және Үстірттегі экспедициясының жазбаларында солтүстік Үстірттегі Қайнар бұлағының ел арасында атағы шыққанын баяндайды. Оның маңында мешіт тұрғызылған, тары, қарбыз, қауындар өсірілген, тіпті кішкене тоғай да бар болған көрінеді [1].

Осы сияқты басқа да сан алуан мәліметтер қазақтардың XIX ғасырда егіншілік өнімдерін көбірек қолдана бастағанын растайды. Бұл егіншіліктің кең тарауына, жатақтардың санының көбеюіне, этномәдени өзгерістерге және сауда алмасуға байланысты болған. Мұның бәрі дәнді дақылдарды, нанды көбірек пайдалануға әкелген. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ ауылдарында тас қолдиірмендерінің кеңінен тарауы осы өзгерістердің жарқын көрінісі болып табылады [2].

Қолдиірмендер айналмалы (ротациялы) диірмендер қатарына жатады: оның жұмысы үстіңгі жүгірткі тастың қозғалмайтын төменгі тастың бетімен айналуына негізделген. Орта Азияда қолдиірмендердің таралуы туралы алғашқы мәліметтер, С.П. Толстовтың мәлімдеуінше, б.д. II—III ғасырларында Кушан дәуірінде пайда болған. Қазақстан аумағында (Отырар оазисінде) әуелгі қолдиірмендердің пайда болуын біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығынан бастап санаса болады [3]. Қолдиірмендер сирек ұшырасқан, көбінесе олар қайық пішіндес дәнүккіштермен бірге кезігеді [4; 5]. Күлтөбе қалашығында (Түркістан), Е.А. Смағұловтың пікірінше, VII—VIII ғасырларда жасалған гранит қолдиірмен табылған, бұл онымен бірге табылған керамика және үзеңгімен расталады [6].

Қолдиірмендерді қағаз өндірісінде пайдаланғаны (арабтар мен қытайлықтардың арасындағы 751 жылғы Талас шайқасынан кейін) туралы мәлімет ерекше қызықтырады [7; 8].

Б.д. VIII ғасырында қолдиірмендердің Дон бойында, Еділ өзенінің төменгі ағысында, Азов теңізінің жағалауында, Кубань мен Солтүстік Кавказда кең тарауын атап өтіп, Р.С. Минасян олар бұл аудандарға Қазақстан аумағынан келіп жеткен деген болжам айтқан [9].

Орта ғасырларға дейін қолдиірмендер тек жекелеген жағдайларда табылған болса, кейінгі орта ғасырларда Тараз, Отырар, Сарайшық сияқты қалалардың қазбаларында

дәнүккіштер де, қолдиірмендер де көптеп табылған [10]. Сөйтіп, анағұрлым жетілдірілген қолдиірменімен дән тарту әдісі біртіндеп дәнүккіштер мен келілерді ығыстырған. Қолдиірмендердің кеңінен таралуы тектен-тек емес еді, өйткені бұл әдіспен дән тарту еңбек өнімділігін арттырған, сондай-ақ дәнүккіштерді пайдаланған кездегіден гөрі еңбек күші үнемді жұмсалған және алынған ұнның сапасы да жоғары болған.

Қолдиірмендерді дән тарту үшін көшпенді халық та, отырықшы тұрғындар да пайдаланған. Мәселен, қолдиірмендер әр үйде дерлік болып, әдетте "суфаның шетінде тандырдың қасында" тұрған [2]. Кей кезде қолдиірменді қою үшін арнайы сазбалшықтан әртүрлі пішіндегі қораптар жасалған. Қорапқа диірменнің астыңғы тасы берік орнатылып, бұл дән тартуға едәуір қолайлылық туғызатын. Осындай қорап ішіндегі қолдиірмен XVII ғасырдағы Отырардың тұрғын жайларының бірінде табылған [11]. Сондай-ақ тары сақтау үшін қазылған екі арнайы қойма мен қосымша жұмыс үстелі табылған. Үстелдің беті бір жағына құлама қылып жасалған — дайын ұнтақты жеңіл жинауға. Екі тас дискіден тұратын кешен арнайы әдебиетте қолдиірмен ("ручной жерновой постав") деп аталады [12; 9]

Орта ғасырларда қолдиірмендер бүкіл Еуразияда кең тарап, осы күнге дейін сақталған [13; 14]. Қолдиірменнің үстіңгі жеңіл тасының диаметрі 30— 50 см шамасында болған. Астыңғы тасы көлемдірек жасалған. Ортасынан **темір кіндік** орнатылатын тесік қашалған. Ол тесікке әуелі ағаш қадалып, ағашқа үшкірленген темір кіндік қағылған (арнайы деректерінде **цапфа** дейді). Үстіңгі тастың (мұны кейбір кезде еркектас деп атайды) ортасынан дән салынып тұратын тесік (сопақша, шаршы, көбіне дөңгелек пішінде) жасалған. Бұл тесіктен астыңғы жағынан тікбұрышты ағаш немесе темір **ұңғы (порхлица)** бекітіледі, осы заттың негізгі қызметі еркектаспен төменгі тастың екі ортасында саңылау қалдыру (подшипник тәрізді). Сонымен бірге үстіңгі тастың жоғарғы жақ шетінен тесік қашалып, оған ағаш, әйтпесе темір **сап** орнатылған. Сол ағаш, темір саптан ұстап, қолдиірменді қозғалысқа келтірген де, дән тартқан.

Этнографиялық мәліметтер бойынша, үстіңгі жүгірткі тасты сағат тіліне қарама-қарсы жаққа айналдырған. "Диірмен-кезек" деп аталатын арнайы термин болған. Қазақтар "қанталапай", "қақпақыл" және т.б. асық ойындарында кезек белгіленген кезде осы ережені ұстанған. Қолдиірменде дән тартумен негізінен қазақ әйелдері айналысқан, бұл XIX ғасырдағы зерттеу жұмыстарында және соңғы кездегі экспедициялардың жазбаларында атап көрсетілген.

Ұнды жинау үшін қолдиірменнің астына жақсы өңделген қой немесе ешкінің терісін жайған, кей кезде диірменді арнайы жасалған ағаш қорапқа қойған [15].

Археологиялық және этнографиялық материалдың ішінде қолдиірмендер — ең көп тараған ескерткіштердің бірі. Өкінішке орай, көп жағдайда ескерткіштің табылғаны туралы айтылады да, ұн тарту бұйымының сипаттамасы өте сирек ұшырасады. Кеңінен тарағандығына қарамастан, қолдиірмендер мұражай қызметкерлерінің тарапынан арнайы қызығушылық туғызбаған. Қолдиірмендер жиналып, косалқы қоймаларға қойылған, диірменнің тастары бір-бірінен бөлек орналастырылған; кей жағдайларда ғана қолдиірмен тұтас күйінде (көп жағдайда әртектес тастар бір-біріне кигізілген), киіз үйдің немесе дәстүрлі орыс үйінің бір бөлшегі ретінде көрініске шығарылған. Қолдиірмен құрылымының қарапайымдылығы оларды саралауға ынтаның болмауының бір себебі тәрізді. Сондықтан да осы мәселеге арнайы назар аудару қажетті. Бірден айта кетер жайт, диірменнің жұмыс беттерінің көп қолдану салдарынан бұдыр болуы немесе жалпайып кетуі бұл бұйымдардың жіктемесіне әсер етпейді. Ұзақ пайдалану барысында қолдиірменнің бетін тегістеп, яғни жөндеп отырған.

Халқымыздың мәдениетінде шаруашылық-тұрмыстық тас бұйымын жасау өнері жалпы көркемдік қолөнер кәсіп салаларының негізгі бір бөлігі болып келеді. Қазақстан территориясында табылған құдық, малатас, диірмен, ұршық т.б. жүйелеу барысында олардың түр мен типі, жасалу әдісінің көп екендігін аңғартады. Зерттелген бұйымдар өздігінше тас құралдар кешенін құрап, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық пен өмір салтына бейімделген археологиялық және этнографиялық маңызы бар деректер болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вялов О.С. Колодцы и источники Устюрта // Изв. Гос. геогр. об-ва. 1934. Т. 66. Вып. 1.
2. Бекназаров Р.А. Ручные мельницы Казахстана, как один из связующих элементов запада и востока // Народы Урало-Поволжья: история, культура, этничность. Материалы межрегиональной научно-практической конференции / под ред. Х.Х. Ишмуратова. Уфа, 2003.
3. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар (XVI-XVIII вв.) Алма-Ата, 1981.
4. Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972.
5. Астафьев А.Е. Работы Мангыстауского отряда в зонах песчаных массивов Прикаспия // Отчет Западно-Казахстанской археологической экспедиции за 1992 г. Алматы, 1993, БГМ Ә.Х. Марғұлан ат. инст. мұрағаты, н.ж.
6. Исмагулов Е.А. Отчет об археологических раскопках 1983 года в охранной зоне городища Туркестан. Алматы, 1983.
7. Материальная культура. Свод этнографических понятий и терминов. Вып. 3. М., 1989.
8. Малкин И.Т. История бумаги. М., 1940.
9. Минасян Р.С. Классификация ручного жернового постава (по материалам Восточной Европы I тысячелетия н.э.) // СА. 1978. № 3.
10. Самашев З.С. Отчет о работах Западно-Казахстанской экспедиции в 1996 году. Алматы, 1996 // Архив Института Археологии МОН РК, б.н.
11. Ерзакович Л.Б. Об одном типе жилого дома Отрара XVII века // Известия НАН РК. Серия общест. наук. 1993. № 5.
12. Пономарев Н.А. История техники мукомольного и крупяного производства. М., 1955.
13. Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. М., 1969.
14. Рона-Таш А. По следам кочевников. Монголия глазами этнографа. М., 1964.
15. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқының колонері: ғылыми-зерттеу еңбек. Алма-Аты, 1987.

Ботабеков Сырым Сайлауұлы

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы,
Қалпына келтіру және түптеу қызметінің маманы

Қазақстан республикасы ұлттық кітапханасында құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету

80 жылдан астам тарихы бар қарашаңырақ – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы Қазақстан аумағындағы жазба мұралардың ең басты сақтаушысы болып табылады. Кітап қоры 6,7 млн. астам сақтау бірлігінен тұрады. Соның ішінде қолжазбалар – жазба мәдениетінің раритеттері, алғашқы баспа кітаптар, қазіргі заманғы әдебиеттер мен мерзімді басылымдар да бар. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында XI-XV ғасырға жататын кітаптар да кездеседі. Олар: Г. Галилейдің көзі тірісінде 1635 ж. жарық көрген «Система космика», қолжазба құрандар (XI-XIXғ.), Торквато Тассоның «Освобождение Иерусалима» (1588 ж.) және т.б. Бұл кітаптардың жағдайы қанағаттанарлық, себебі, қағазының негізінде мата бар және сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақтау шарттары орындалған.

Оқырмандардың жыл сайынғы келім саны - 1 млн. астам, кітап берілімі - 2 млн. данаға жуық. Оларға 1,5 мың орындық арнайы 14 оқу залы қызмет көрсетеді. Кітапхана сайты www.nlrk.kz кітапханадағы электрондық каталогтарға және ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мақсатымен ұйымдастырылған бірыңғай ақпараттық жүйе болып табылады. Веб-сайтқа жыл сайынғы виртуалды келушілер саны - 1,6 млн. астам.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының басты міндеттерінің бірі – кітапхана қорларын физикалық сақтауды қамтамасыз ету болып табылып, басты назар сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларға аударылады.

Ұлттық кітапхананың сақтау жүйесін құру және оны дамыту 1997 жылы Алматыда өткен құжаттық жазба мұраларды сақтау мәселелері бойынша өткен конференциядан кейін бастау алды. Содан бері мұнда кітап қорын және сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды сақтауда біраз машықтанған тәжірибе бар. Кітап мұраларының физикалық жағдайына кітаптарды сақтау режимінің қалыпты жағдайдан ауытқуы, нашар экология, құжаттардың табиғи ескіруі сияқты факторлардың әсер ететінін атап айту қажет. Ортаның белгіленген параметрлерден ауытқуы, қордағы құжаттардың сапасы мен санын кемітеді. Оңтайлы жағдайлар жасау арқылы, ескіру үдерістері тежеледі. Сонымен қатар, қалпына келтіруші мамандардың қажетті дағдылары мен тиісті тәжірибелері, шешуші факторлардың бірі болып табылады. Өйткені, олардың қордағы сирек кітаптар мен қолжазбаларға сіңіретін еңбегі зор.

Құжатқа консервациялаушылар мен қалпына келтірушілердің әсер ету шекарасын дұрыс анықтау маңызды. Себебі, ол аз болып, қажетті әсерді қамтамасыз етуі тиіс, яғни, «жеткілікті қажеттілік» қағидасына сай болу керек.

Біздің қызмет қорды сақтап қалу бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыру болып табылады. Ең алдымен, бұл құжаттарды сақтаудың алдын алу шаралары, яғни, температура мен ылғалдылықтың күнделікті мониторингін жасау.

Автоматты температура мен ылғалдылықты бақылау жүйесі сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында, сондай-ақ, қазақстан кітаптары, шетел әдебиеті және мерзімді басылымдар сияқты бөлімдерінің кітаптары орналасқан негізгі кітап сақтау қорында орнатылған. Күніне үш рет бес қойма бөлмелерінде орнатылған сенсорлардың көрсеткіштері алынып отырады.

Микроклиматты үнемі қадағалау қалыпты сақтау шарттарынан ауытқуларды анықтауға және техникалық, инженерлік немесе басқа құралдармен уақытында шара қолдануға мүмкіндік

береді. Жыл сайын құжаттар тексеріліп, республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциямен бірлесе отырып, бөлмелердегі ауаның микробиологиялық және химиялық кешенді зерттеуі жүргізіледі.

2010 жылы өткізілген жалпы кітап сақтау қоймасындағы құжаттар бетінің микробиологиялық талдауларының бірі бөлменің бір бөлігіндегі микромицеттердің екіншісіне қарағанда көп екендігін көрсетті. Бұл, құжаттардың шаңдануына байланысты болуы мүмкін, өйткені ауаның шаңдануы мен оның саңырауқұлақтармен ластануы арасында тікелей байланыс бар: шаңның 3-46% бөлігі микроорганизмдердің тасымалдаушылары болып табылады. Шаң микроорганизмдердің дамуы үшін бағалы субстрат екені баршаға мәлім, олардың өсіп, қағазды жоюына ықпал етеді. Микромицеттердің қағазды жою қарқыны шаң мен ауада болатын микро және макро элементтер сияқты қосымша тамақтану көздерінің болуына қарай артады. Шаң мен ауадағы магний, кальций, темір, марганец сияқты металлдар, пигментогенезді күшейтеді. Ылғалдылық пен ауа температурасы микроскопиялық саңырауқұлақтардың дамуына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан нормативті талаптарды мұқият қадағалау керек.

Құжаттарды сақтау жөнінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетімен бірге қағаз және сия үлгілерін физика-химиялық сараптау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары болды.

Кітаптың материалдық мәдениет ескерткіші ретінде түпнұсқалығы мен ерекшеліктері туралы кітапханалық сұрақ көптеген мамандарға - әртүрлі білім салаларының ғалымдарына, сондай-ақ консерваторлар мен қалпына келтірушілердің қызығушылығын тудырады. ҚазҰУ-нің физика-химиялық әдістерін зерттеу және талдау орталығы сирек кітаптардың қағаз және сия құрылымына спектроскопиялық зерттеу жүргізді. Өткен ғасырларда шыққан жылы нақты белгілі кітаптар қорда көп емес, себебі көпшілігінің шыққан кезеңі шамамен ғана белгіленген. Зерттеу барысында қолжазбаның жазылған күні анықталып, физика-химиялық талдау әдістерінің көмегімен ескі қолжазбалардың қағаз және сия құрылымы зерттелді. Құжаттардың «жасы» анықталып, олардың ұзақ мерзімді сақталуына оң әсерін тигізетін шаралары белгіленді. Бұл зерттеулер нәтижесі бойынша консервация-қалпына келтіру жұмыстары оңтайлы және үнемді шешімін тапты, ал ежелгі қолжазбалардың қағаз және сия құрамында қолданылатын компоненттер анықталды.

Құжаттардың табиғи ескіруін тежеу, оларға зиян келтіру мүмкіндігін болдырмау, жағымсыз факторлардың әсерінен қорғау, олардың тарихи, ақпараттық және көркем құндылықтарын ұзақ уақыт қолдануға жағдай жасау мақсатында қалпына келтіру және консервация жұмыстары жүргізіледі.

Құжаттардың қағазы мен былғары бөліктерін биологиялық және физико-химиялық тұрақтандыру жұмыстары ғылыми консервация зертханасында жүзеге асырылады. Сонымен қатар дезинфекциялау және биоцидпен өңдеу, құжаттың рН мөлшерін анықтау, дақтарды кетіру, түрлі химиялық заттардан пайда болған дақтарды кетіру, тозған парақтарды нығайту, кеуіп кеткен былғары түптеуді майлау, дистильденген суда жуу; қышқылдықты бейтараптандыру және сілтілік резерв жасау және т.б. жұмыстар осы зертханада орындалады.

Барлық биофизикалық-химиялық тұрақтандыру үдерістері жүргізілгеннен кейін, құжаттар түптеуге жіберіледі. Қазіргі уақытта біздің мамандарымыз сирек басылымдардың кез-келген түрін сауатты қалпына келтіре алады. Олардың міндеті – құндылығын растайтын барлық мәліметтерді сақтай отырып, құжатты қалпына келтіру, оны ұзақ уақыт бойы пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету. Белгілі бір құжат бойынша жұмысты бастамас бұрын, қалпына келтіруші оны мұқият зерттеп, қажетті қалпына келтіру тәсілін пайдаланады. Өйткені, барлық жағдайларға сай әмбебап әдістер жоқ. Қағаздың қалыңдығын, түптеудің түрін, жарияланымға қатысты кезең сияқты мәселелерді ескеру қажет. Әрбір жағдайда, маман бүлінген құжатты жөндеудің ең қолайлы жолдарын табады. Консервация және қалпына келтіру шаралары бойынша құжаттарға қойылатын талаптар жинақ көшірмелерінің қордағы санына, жарияланымның мәніне, зақымдану дәрежесіне және т.б. байланысты болады. Жөндеу

жұмыстары үшін арнайы материалдар бар. Бұл қажет болған жағдайда әр түрлі түске табиғи бояғыштармен боялатын қағаздардың түрлері. Аса беріктігі үшін парақтарды қалпына келтіру жұмыстарына жапон немесе шай қағазы пайдаланылады. Сондай-ақ қалың жапон қағазын түптеуді қалпына келтіру үшін пайдаланады. Әрбір материал үшін де өз желімі бар. Мысалы, Ираннан әкелінген табиғи заттар негізінде жасалған сириш желімі ежелгі шығыс қолжазбаларының былғары түптеулеріне пайдаланылады.

Қалпына келтіруге пайдаланған қағаздан тозуға төзімділік қасиеттерінен құжаттың қалпына келтіру сапасы мен беріктігі тікелей байланысты. Механикалық фактордан қорғау мақсатында сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды қышқылсыз картоннан жасалған қораптарға, басқаша айтсақ микроклиматтық контейнерлерге салу арқылы жүзеге асырылады. Бұл «фазалық консервация» деп аталады, яғни қоршаған ортаның кері әсерінен құжаттарды қорғау.

Ұлттық кітапханада жазба құжаттарды сақтау және қалпына келтіру мектебі жұмыс істейді. Мұнда 2015 жылы, ТМД елдерінен және Қазақстан аймақтарынан барлығы 50-ден астам адам қатысқан Ресей мемлекеттік кітапханасының жоғары санаттағы реставраторы, Ирина Локоткованың қатысуымен халықаралық семинар өтті. Бұл Қазақстан кітапханаларының, мұражайларының және мұрағаттарының мамандары үшін пайдалы және қажетті шара болды. Семинардың мақсаты - сирек кездесетін кітаптар мен шығыс қолжазбаларының түптелуі туралы тәжірибелік дағдылар алу мен оларды жетілдіру; қалпына келтірушілердің кәсіби біліктілігін арттыру; болашақ ұрпақ үшін еліміздің кітапханалық қорын ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ету мақсатында республикалық ұйымдардың қалпына келтірудегі біліктілігін халықаралық тәжірибемен байыту. Семинар Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Сондай-ақ, 2016 жылы мектебімізге Түркияның жоғары деңгейлі қалпына келтірушісі Гузрель Билмиз келген. Ол біздің қалпына келтірушілерімізге түрік әріптестерінің әдістерімен және әзірлемелерімен танысуға көмектесті. Гузрель біздің мамандарымыздың «мәрмәр қағазды» (Эбру) өздері дайындай алатынына тәнті болды. Бірнеше үлгілерін ол әріптестеріне көрсетуге өзімен бірге ала кетті. Бұндай шетелдік мамандардың қатысуымен болатын іс-шаралар білім сапасын арттыруға және құжатталған жазбаша мұраны сақтау жұмыстарының барлық қыр-сырын тереңірек зерттеуде өте қажет.

Осы жылдың жаз айларында, біздің қызметіміздің қалпына келтіруші екі маманы, біліктілігін арттыру мақсатында Иран Ислам Республикасына барып қайтты. Тәжірибе алмасу арнайы білім мекемелерінде білім алған қалпына келтіруші мамандардың қатысуымен, Иран құжат сақтау ғылыми орталығында өткізілді.

Біздің мамандардың назарына: қалпына келтірудің әртүрлі әдістері, қалпына келтіруге арналған қағаздар әзірлеу, қағазды бояу тәсілдері, клишелерді жасау, кітапты қалпына келтіру процесстері бастан аяқ көрсетілді. Осы тәжірибе нәтижесінде, біздің мамандарымызда ирандық әріптестерге тиесілі қалпына келтіру үдерістерінің қыр-сырын үйреніп, күнделікті тәжірибеде қолдануға мүмкіндік пайда болды. Уақыт өте келе өткен ғасырлардағы құжаттар, бірте-бірте біздің уақыттың жаңа, кейде маңыздырақ құжаттарына алмаспақ. Олардың сақталуының қиындығы одан да көп, өйткені оларды басуға арналған негіз сан алуан, көбіне технологиялық регламенттерге сай болмайды. Бұндай жағдай құжаттарды жоғалтуға ғана емес, оларда бар ақпараттан толығымен айрылып қалу қаупін тудырады.

Кез-келген емдеуден гөрі алдын-алу жақсы екенін түсіну керек, егер құжаттарды сақтау үшін тиісті шарттары мен ережелері сақталмаса, тіпті ең озық технологиялардың өзі сирек басылымдарды сақтай алмайды.

Сонымен қатар, консервациялау мен қалпына келтіруді қайта өңдеу бойынша шараларды жүзеге асыру мақсатындағы қажетті көптеген материалдар мен жабдықтарды бүгінгі күні нарық бізге ұсына алады.

Өткенсіз болашақтың жоқ екендігі баршаға мәлім. Әлемнің әртүрлі елдерінің зерттеушілері тек қана консервация мен қалпына келтіру шаралары кітапты сақтауға

байланысты барлық қиындықтарды шеше алмайтындығын әділ атап айтып отыр. Қорлардың қауіпсіздігі, негізінен барлық жұмысшы кадрлардың жалпы кәсіби мәдениетіне, құжаттардың сақталуына қойылатын жалпы талаптар мен стандарттарға сәйкестігіне байланысты болады. Қорлар қауіпсіздігінің кепілі – болашақ ұрпақ үшін сақталуы тиіс қоғамдық игілікке қатысты қорға деген саналы көзқарас.

Байтасов Мақсат Жәутікұлы

Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейінің ғылыми қызметкері

Мұражай қорындағы қару-жарақтар коллекциясы

Б.з. дейінгі I мыңжылдықта Қазақстанның оңтүстігін, оңтүстік батысын, Арал-Каспий даласын көне жазба деректерде парсылар «сақ/сақа», ал антикалық авторлар «азиаттық скифтер» деп ортақ атпен атаған, саны қалың, мәдениеті біркелкі, тілі туыстас көптеген тайпалар мекен етті. Олардың тіршілік кеңістігі Қазақстанды ғана емес, Орта Азияны, Сібірді,



1-сурет



2-сурет



3-сурет

Алтайды да қамтыды. Түрлі дерек көздері, археологиялық материалдар сақ тайпаларындағы әскери істің деңгейі, жауынгерлік өнері биік дәрежеде болғанын дәлелдейді. Олардың жеке жауынгерлік қару-жарақ кешеніне шабуыл құралдары – жақ пен оқ, қанжар, қысқа семсер, ұзын семсер, найза, қосжүзді жауынгерлік балта, шақан және қорғаныс жарағы – дулыға, көбе сауыт, аяқты қорғайтын жабдықтар кірген. Сақ тайпаларының қолөнершілері бұл шабуыл құралдары мен қорғаныс жарақтарының бірнеше түрлері мен үлгілерін жасаған. Сақтардың қару-жарақ жасауға қолданған материалдары өздерінің мал шаруашылығынан алынатын өнімдер және өздері мекен еткен аумақтарда өндірілетін шикізаттар мен табиғи материалдар, физикалық қасиеттері мен өңделу технологиясына сәйкес қару-жарақтың түрлі функционалдық, конструктивтік бөліктері мен элементтерін жасауға пайдаланылды. Қазақстан аумағында табылған көне металлургия орындары, түсті және қара металдар кеніштері бұл кезеңде металлургияның жақсы

дамығандығын дәлелдейді. Мысалы, Шығыс Қазақстанда, Маңғыстауда, Мұғаджар тауларында мыс кенінің орындары кездессе, Орталық Қазақстанда Балқаш бойы, Баянауыл, Қарқаралы, Жезқазған және Ұлытау маңында мыс кеніштері болған, Есіл өзенінің бойында, Көкшетауда қалайы өндірілген, ал Степняк, Бестөбе, Жосалыдағы кеніштерден алтын алынған. Ал, ғұндарға келетін болсақ, ғұндардың басты шабуыл құралы жақ пен оқ, семсер, шокпар және найза болған. Қытайдың тарихи жазбаларында ғұндар туралы «олардың алысқа пайдаланар қаруы - жебелі садақ та, жақынға жұмсар қаруы – қылыш пен найза» - деп жазылады [1].

Қазақтың қару-жарақтары, әскери өнері, сауыт-сайманы, көшпелілердің соғыс тәсілдері жайлы тақырыптарда көптеген ғылыми зерттеулер, танымдық анықтамалар жарыққа шықты. Қазақ қаруын этнографиялық тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірегейі ғалым Ш.Уәлиханов болды. Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи» атты зерттеуінде және басқа еңбектерінде XVIII-XIX ғғ. қазақтың суық және от қарулардың түрлері мен типтерін, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты ырымдары туралы мәселелер

қарастырылды.

Қазақ халқының қолөнерін зерттеуге арналған Ә.Х. Марғұланнның, Х. Арғынбаевтың [2], Т.К. Басеновтың, С. Қасимановтың [3] еңбектерінде қолөнер түрлерінің әдістерімен жасалған заттар ретінде қару-жарақтардың жекелеген түрлерінің жасалу технологиясы, көркемдеу тәсілдері зерттеліп, оларға қатысты терминдер айтылады. Ал, халқымыздың діни ғұрып-салттары, тыйымдары, ырым-жораларына арналған Ә.Т. Төлеубаевтың [4], Қ. Ахметжанның [5] еңбектерінде тіршілік циклы салттарындағы қару-жарақтың да магиялық-ғұрыптық қолданысы айтылады.

Қазақ халқы қару-жарақ түрлеріне қылышты, найзаны, садақты, сауытты, шоқпарды жатқызған. Бұл жөнінде Қ. Ахметжановтың «Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері» атты еңбегінде: «Қару-жарақ түрлерінің бесеу болып қалыптасуы олардың өзіндік, бірін-бірі ауыстыра алмайтын жеке қызметінің болуына байланысты. Соғыс қаруларының жұмсалудың бес түрлі болып қалыптасқан. Олар – ату (садақ, мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шоқпар). Ал, басқа қарулар осы қарулардың түрленуі ғана. Сондықтан айқаста бұл бес қару бірінің орнын бірі баса алмайды», - деп жазады [6]. Ал, «қару» және «жарақ» сөздерінің астарына үңілу халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қасиетті құралдың орнын анықтауға көмектеседі. Зерттеушілер бұл екі сөздің «қару» сөзі «қар» деген түбірден туындап, ұстау деген мағынаны білдірсе, «қару» қолға ұстайтын соғыс құралдарының ортақ атауына айналған. Ал, «жарақ» сөзіне байланысты пікірлер алуан түрлі, олардың кейбіріне тоқтала кетсек, мысалы М.Қашқаридің «Диуани Лұғат-ат түрік» еңбегінде «јагык-жарақ: шайқасқа киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез-келгеніне қолданатын ортақ атау» деп көрсетілген.



4-сурет



5-сурет



6-сурет


дулыға, сауыт, айбалта бөліктерін айтуымызға болады. Қару-жарақтардың ішінде жебе ұштарына келсек, жебе ұштарының түрлері көп. Жебе – садақ оғының ұшы, жебені алғашында тастан, сүйектен, кейін қола мен темірден жасады. Темірден жасалған жебелер ХІХ ғасырдың ортасына дейін қолданылды. Түркі халықтарында жебелердің қозыжауырын, сауытбұзар, ұшқырлы, доғал оқ түрлері бар. Жасалған темірлеріне қарай «сұр жебе», «көк жебе», сабының ұзындығына қарай «сай кез оқ», «кез оқ», «он екі тұтам», сабының ағашына байланысты қу жебе, қайың оқ, тобылғы сапты оқ деген атаулары бар. Осы жебелердің ішінде біздегі ертеортағасырлық Қыркескен қалажұртынан табылған жебе ұшын айтуымызға болады. Жебе ұшы ІІІ-V ғасырларға жатады. Жебе пішіні ромб тәрізді, төртқырлы болып металдан балқытылып жасалған (1 сурет). Қанжар қаруға жатады, екі жүзі бар, кесу-түйреу арқылы жарақат салады. Ал, қанжар бөліктеріне келсек, қанжарларда металдан балқытылып жасалған. Көкмардан қалажұртынан табылған қанжар бөлігі ІІІ-V ғасырларға жатады (2 сурет). Сол уақытта жасалған қанжардың жасалу үлгісі ХVІ-ХVІІ ғасырларда Отырар қалажұртында жасалған қанжар бөлігіне өте ұқсас, жасалу әдісі жетілдірілгенін көруімізге болады (3 сурет).



7-сурет

Мұражай қорындағы дулыға бөлігі Отырар қалажұртынан табылған. Дулығаның үстіңгі

бөлігі сақталмаған, астыңғы бөлігі сақталған (4 сурет). Дулыға сарбаздардың ұрысқа кірерде бастарына киетін қалпағы. Ортағасырларда дулығалар темірден жасалды. Бірнеше бөліктен құралып жасалған дулығаны құрама дулыға, тұтас жасалғанын тұтас дулыға деп аталды. Томағалы дулығаны қорғаныстық ғана емес, ырымдық, магиялық сипаты болды. Археологиялық қазба барысында табылған сауыт бөліктері кездесіп отырады. Соның бірі Қоңыртөбе қалажұртынан табылған сауыт бөліктері (5 сурет). Сауыт бөліктері металдан балқытылып қалыпта жасалған. Қару-жарақтардың тағы түрлері Отырардың XIII-XIV ғғ. қабаттарынан табылған темір қылышты (6 сурет), тас атқыш құралының оқты (ядро) (7 сурет), айбалта тәріздес затты (8 сурет) атап өтуімізге болады.



8-сурет



9-сурет



10-сурет

XI-XIV ғғ. жататын жебе ұштары Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы қорында сақтаулы. Бұл жебе ұштары әртүрлі үлгіде жасалуымен ерекшеленеді. (9,10 суреттер).

Мұражай қорында XVIII-XIX ғасырларға тән сауыттар мен қылыштар бар. Салмағы 5 кг болатын сауыт темірден тоқылып жасалған (11 сурет). Сауыт садақ оғы, қылыш, найза т.б. қарулардан қорғануға арналған киім. Ұсақ темір шығыршықтардан тоқылған, қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. Сауыт алғаш б.з.б. I мыңжылдықта Ассирияда пайда болды. Соғыс өнерінің дамуына, шабуыл құралдарының жетілуіне байланысты сауыттардың жасалуы, пайдаланылған материалдары өзгеріп отырды. Қазақта сауыттың берен, жалаңқат, қаттама, көбе, кіреуке, торғауыт түрлері болды. XV-XVI ғасырларда мылтықтың шығуына байланысты сауыттар бірте-бірте пайдаланудан қалды. Отпен атылатын қарулардың аз қолданылуына байланысты жеңіл сауыт үлгілерін қазақтар XVIII ғасырға дейін пайдаланды.



11-сурет

Қылыш қарудың түрі, ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару қажеттігінен пайда болған. Көшпелі халықтарда VIII ғасырдан бастап семсерлер бір жүзді, қайқы етіп жасалып, қолданысқа енді. X ғасырда түркілер арқылы Батыс Еуропаға тарады. Кейіннен бұл қару жетілдіріліп, атты әскердің басты қаруы ретінде XX ғасырға дейін қолданылды. Қазақ қылыштары алдаспан, наркескен, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш т.б. болып бөлінеді. Қылыштардың саптары ағаштан, сүйектен жасалатын болған. Музей қорындағы қайқы қылыштар XVIII-XIX ғасырларға жатады. Қылыш саптары сақталмаған (12 сурет).



12-сурет

Қазіргі таңда осы археологиялық қазба барысында және кездейсоқ, сыйға берілген қару-жарақ коллекциялары Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы қорында сақтаулы [8].

Жалпы қорыта айтқанда, қазақтың қару-жарақтары ертеден қалыптасқандығын, оның ұлтымыздың жауынгерлік салты мен қазақтың бойындағы жауынгерлік рухты қалыптастыруда алар орнын көрсететінін айтуымызға болады. Сонымен қатар, Отырар оазисіндегі қару-жарақ жасау кәсібі өсу жолында үлкен белестерді бастан кешіргенін жоққа шығаруға болмайды және де өңірде қару-жарақ жасау мәдениетінің ерте кезеңдерден бастап қалыптасқанын атап өтуімізге болады.

9-сурет

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер, 1987. – 168 б.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 248 б.
4. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов XIX нач. XX в. – Алма-Ата: Гылым, 1991. С. 211.
5. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы.- Алматы., 2006. – 216 б.
6. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. - Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.
7. Отырар. Энциклопедия, 2005, - 291 б.
8. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы қоры материалдары.





Таубек Азат Тұрлыбекқызы

Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается исследования материальной культуры древнего и средневекового Оtrar, облицовочные плитки, которые бережно сохраняется в Оtrarском государственном археологическом музее.

RESUME

The article informs the study of the ancient and medieval material culture, façade elements which are carefully preserved in Otrar state archaeological preservation museum.

Музей қорындағы сәулет қыштардың формалары мен кезеңделуі

Ұлы Жібек жолы жалғастырған Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің тоғысуын, әсерін және Отырардың қыш бұйымдары өнерінде айтарлықтай дамушылық болғанын түсіндіріп береді. Керуен жолындағы қалаларда сауда-саттықпен бірге қолөнершілік, сәулет өнері кеңінен дамыды. Негізге алып айтар болсақ, қолөнердің осы уақытқа жеткен, қазба зерттеу барысында табылған үлгілері [1.36,37 бб].

Көркем өрнекті қыш бұйымдарды жасау қолөнер кәсібінде маңызды орын алған. VI-XII ғасырда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Испиджаб сияқты қалалар бой көтерді [2, 9 б].

К.М. Байпаков пен Л.Б. Ерзакович «Оңтүстік Қазақстан мен Отырарға жылтыратып боялған қыш бұйымдар IX-X ғасырларда Орта Азия, Таяу Шығыс пен Қазақстан арасындағы мәдени-экономикалық байланыстардың дамуы қыш бұйымдар мен басқа да көркемөнер туындыларының тек сәнділігі мен сапасының ғана емес, жетілдірілген технологиялық тәсілдерінің де тез таралуына барынша әсерін тигізді. Осы дәуірдің көркем қыш бұйымдары орта ғасырлық қоғамның өзіндік талап-тілегіне сай болды» - деп жазады [3, 10 б].

Дегенмен, IX-XII ғғ. Орта Азия жерінің біраз бөлігі түрік қағанаттарына бағынғандықтан ол жерлер бір-бірімен тығыз байланыста болған. Яғни, көркемделген қыш ыдыстар үлкен аумақты қамтыған түріктердің иелігіндегі жерлерге бір мезгілде тарала бастаған. Яғни, Орта Азия мен Қазақстанда шыңылтырланған қыштар X-XIII ғ басында кең тараған.

Келтірілген пікірлерге сүйене отырып, жақын және алыс көршілердің ерте заманнан бері-ақ бір-бірімен қарым-қатынаста болып, бірінің жетістіктері басқаларына да әсерін тигізгенін айта аламыз [4, 26 б].

Тарихи деректер мен археологиялық қазбалар отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде, көне замандардағы қала салу құрылыс үлгілері мәдениеттің едәуір дамығандығын дәлелдеп отыр [5, 22 б]. Ерте ортағасырлар дәуірлерінде мәдениеттің өркен жаюы архитектура мен қолөнерден көрініс табады. Мәселен, сыртына жыланкөз жалатылған керамикалық бұйымдар өндірісі қанат жая бастады. Көпшілік құрылыстарға құйма кірпіш және пахсамен

қатар күйдірілген кірпіш пайдаланып, кіріктірме сылақ ретінде ғаныш ерітіндісі (алебастр) қолданылады. Ғаныштан әшекейлік бөлшектер де жасалады. Фасадтарды көркемдеуге терракоталық және тыстама тақталар кеңінен қолданылады [6.5, 6, 66]. XI-XII ғасырдан бастап оюлы және жылтыратылған кірпіштер кеңінен енгізілді, ол XI-XII ғасырлар шебінде кеңінен қолданылған сәулеттік терракотаның бастапқы үлгісі болатын.

Сәндік-қолданбалы өнер орта ғасырлар кезінде көбінесе ыдысты өрнектеу ісінде, металда, әсіресе, құрылыста көрінді.

Сәулеттік декордың басқа ешбір саласы ганчка ойып, әшекейлеу сияқты халықтық қолөнерге мейлінше жақын болған емес. Әр түрлі тұрғыдан орындалған ойып-өрнектеу күн сәулесі түскенде жарық пен көлеңкенің көркем құбылуын туғызған. Бірақ ганч жаңбыр мен желден тез бұзылған, сондықтан сыртқы жақты қаптауға декордың жаңа түрі-оюлы терракота қолданыла бастады. Құрғатылған балшыққа ою-өрнек салып, оны кейіннен күйдіретін ежелгі заманнан белгілі оймыштау тәсілдері сәндік-қолданбалы өнердің осы түрінің дамуына негіз болды [7, 281 б].

XIII-XIV ғасырларда Қазақстанның онан әрі дамуы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының сәулет өнерін өркендетудің жалпы бағыт-бағдарын бейнелейді. Күмбез астындағы құрылымдар жетілдірілді. Құрылыстардың композициялық құрылымын өзгерткен қос қабатты сымбатты барабандар, ғимараттарға әсемдік және архитектуралық өзіндік түр беретін алуан түсті жылтыр кірпіштер, қаптағыш тақталар пайда болды [8, 15 б]. Саз балшықты қалыпқа салып, кепкеннен кейін жоғары температурада күйдіріп, түрлі құрылыстарға, кірпіш, бедерлі кірпіш тақта, бедерлі қаптауыш тақталар, құбырлар ретінде пайдаланатыны анық. Зерттеушілердің пікірі бойынша ерте исламдық құрылыстар көбіне ағаш пен қам кірпіштен салынды, ал қыш кірпіштен өрмелеп өріліп салынған құрылыстар IX-X ғғ. таралып, сәулеттік идея, оның әдіс-тәсілі, мәнері мен сәндік пішіні жетілдірілді [9, 191 б].

Негіз ретінде айтар болсақ, Отырар қала жұрты мен оның аймағындағы ежелгі және ортағасырлық қалалар мен қалашықтар орындарына жүрізілген қазба жұмыстары барысында табылған керамикалық қыш жәдігерлер ғасырлар бойғы халық мәдениетінің, өнерінің жоғары деңгейде дамығандығын дәлелдеп отыр. Осы орайда, зерттеу көзі болып табылатын Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорындағы сәулеткерлік сырлы және сырсыз, ою-өрнекті кірпіштердің аса көркем түрде безендірілген, қыш өнерінің теңдесі жоқ туындыларын айтуға болады. Көне заманнан бастап қазіргі дәуіргі уақытқа дейінгі сәулет өнері өз құндылығын жоғалтпағанын музей қорындағы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының зерттеулері мен музей қызметкерлерінің экспедициялық қазба жұмыстары кезінде табылған сәулетті қаптама кірпіштердің көлемді жиынтық түрлері сақтаулы, жинақталған сәулет қыштарының негізгі бөлігі XI-XV ғасырлар аралығы. Олардың көпшілігі Отырар қала жұртынан табылса, кейбірі Отырар өңіріндегі қала орындарымен және барлау нәтижесінде табылған кірпіштер, сондай-ақ оларды құрылыс қажетіне қарай өрнектеп әшекейлеуге байланысты, әр түрлі мақсатта қолданған. Сәулет кірпіштері – археологиялық зерттеуде маңызды ақпарат беретін материалдардың бірі, оның бетіне түрлі тәсілдермен түсірілген өрнектерді талдаудың маңызы зор. Барлық елдердің барлығына да ортақ ою-өрнек болып саналатын геометриялық өрнектердің жүздеген баламасы бар. Бұлар квадрат, ромб, төртбұрыш, үшбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш өрнектері. Өрнекті қыштарды талдау бірнеше топтарға бөлініп жіктеледі.

1. Оймышталып, батырып жасалған
2. Сызық түрінде
3. Ойық және тесікті өрнектер

Сәулет деректері сыртқы бейне пішініне, әсемдік және көркемдік түр, ерекшелік сипаттарына қарай, 1) қолдан ойған өрнекті жалпақ қыш қаптамалар, 2) шыңылтырлы трапеция бейнелі кішкентай қаптамалар, 3) майоликалық кеспектер түріндегі сәулет қыштары, 4) әр түрлі

өлшемдегі қыш кірпіштер, 5) оймаланған сәулет кірпіштері мен көк түсті терракоталық қаптамалар болып бөлінеді [10, 19 б].

Музей қорының бас кітабына тіркелген бірнеше қыштарға тоқталар болсақ КП 5794 терракота сәулетті ғимараттың өрнектелген қыш сынығы сарғыш түсті саз балшықтан




Терракоталар

күйдіріліп жасалған. Қыш бетіне үшбұрышты, төртбұрышты, ромб тәрізді геометриялық фигуралы өрнектер ойылып, оймыштала салынған, өрнектердің шеттері сызылып өткен, қабырғасының қалыңдығы 4-5,5 см. Геометриялық оюлар затты көркемдік әдістері, сұлулық белгілерімен ерекше түр-түске бөлейді, бұл өсімдік-геометриялық өрнек Орта Азия мен Қазақстан сәулет құрылыстарын әсемдеуге үлкен мүмкіншілікпен кеңінен пайдаланған.

Өрнектелу жүйесі астасқан бес бұрыштылықты сақтайды. Самарқан қаласындағы XV ғасырдағы Бағы-Майдан бағындағы әрлеуіш қыштарда кездеседі. Келесі КП 4099 терракота өрнекті қыш сынығы, сарғыш түсті саз балшықтан күйдіріліп жасалған, бес бұрышты, бетіне оюлап гүлді өрнегі ойыла салынған, боялмаған, көлемі 9,5х7,0х7,5 см. Сондай-ақ бұндай қалыппен оймышталып салыну, ортақ ұқсастық тек қана пішінінде ғана емес, сонымен қатар сюжеттік композициялық ұқсастырып жасау Самарқан, Мерв қалаларындағы құрылыстардағы қабырғаның бастапқы өрнектелу негізінде пайдаланған [11, 24 б, сурет 1, 2].

Өрнекті қыш сынығы КП 6293 саз балшықтан жасалған, қызғыш түсті күйдірілген. Қыштың жасалу пішіні төрт бұрышты, бір жақ ернеу жиегі ғана өрнекті болып жасалған, өрнегі геометриялық үшбұрышты ромбик тәрізді нақышталған. Көлемі 26,6х26,5 см қалыңдығы 5 см. Дәл осылай кескінделген пішінді өрнекті қышы Отырар қаласының оңтүстік батыс қақпасының, оңтүстік мұнарасында және Түркменстанның Худай-Назар XII ғ кесенесінің қас бетінде босаға (портал) ретінде айшықталған басты кіретін қасбеті бар ғимарат, ол басқа қасбеттерге қарағанда әшекейлеу жағынан бай келеді және оның үстіңгі жағы портал пештак (қасбет) тәрізді биік, осылай жасалған қыштар көлденеңінен және тігінен өрнектеле қаланған.




Өрнекті қыш сынығы

Терракота КП 8300 сәулетті ғимараттың өрнектелген кірпіш сынығына тоқталатын болсақ, жасалуы сәулетті баламалары жағынан Түркменстандағы Санжар кесенесінің қас беттерінде нақ осындай кірпіштермен бедерленіп қаланып салынғанын айта кетуіміз керек. Сары саз балшықтан күйдіріліп жасалған, кірпіш бетіне өсімдік тектес жапырақша тәрізді шымқай өрнек оймышталып түсірілген, бір шеті сынған, қалыңдығы – 15,7 см, биіктігі – 5,2 см. Сәулет қаптамаларының сырты бояма емес, кам саз күйінде қалыптасып, қолмен өрнектелген. Содан кейін күйдіріліп қыш қаптама күйінде пайдаланған [12, 107 б, сурет 3, 4].

Сондай-ақ, Сүлейменнің алты жұлдызы деп аталған «ислами» мәнерінің әдісі жиі қолданған. Симметриялық бұрыштамалардың ортасына гүл жапырақтары мен қауызы орналасып, бірте-бірте алты бұрыштық жұлдызды құрайды. Оның ортасында бес жапырақты гүл, түйетабан гүлді өрнегі, төрт бұрышты айқыш ойылған. Әрбір бұрыштықтарда ойық нүкте салынып, жүрек бейнелі ою-өрнектер түсірілген. Ал, қыш қаптамалар көбінесе сынған күйінде

кездеседі.



Әрлеуіш өрнекті қышы жартылай сақталған, көлемі 25х18 см, пішіні төрт бұрышты, бетіне салынған ою-өрнектері геометриялық, оның арасы, төрт бұрышты, айқыш ойылған, қарама-қарсы алынған гүл сабақтарымен қайырылып түйіскен әрбір бұрыштықтарда ойық нүкте мен жүрек бейнелі өрнектер бедерленген. Қызылорда қаласындағы «Кердері» кесенесінде және Самарқандағы құрылыс

қыштарында, Тараз қаласындағы Айша – бибі кесенесінің бағанасының жоғарғы жағында осындай өрнекті қыштармен өріліп нақышталған. [13. 20 б; сурет 5]. Қыш кірпіштер арасында сәулет оймалары мен жылтырақ өсімдік бейнелі қаптамалар мен мозайкалық өрнектері және суреттері бір жағына ғана салынған сырлы жұқа қаптама кірпіштерге тоқталатын болсақ:


Сырлы өрнекті жұқа әрлеуіш қаптама КП 3217 кірпіштің сынық бөлігі. Сары түсті саз балшықтан күйдіріліп жасалған, көлемі, ұзындығы - 18,5 см, ені – 11,5 см, кірпіш бетіне көк, сары бояу мен ромбик тәрізді, гүлге ұқсас



Сырлы әрлеуіш кірпіш

өрнектер нақышталып салынып, оның үстіне шыңылтырлы жылтыратпа жағылған. [сурет 6]

Сырлы әрлеуіш қаптама кірпіш сынығы КП- 1670 сары түсті, саз балшықтан күйдіріліп жасалған, жасалу пішіні трапециялы, толық сақталған көк және кара бояулармен гүл тәрізді шымқай өрнектермен бедерленген, көлемі – 18 см, ені – 8 см. Аталған кірпіш сынықтары Алтын Орда қалаларындағы Жаңа Сарай (Сарай-Береке) архитектуралық құрылыстарда кезігеді [14, 109 б; сурет 6, 7]. Келесі – КП4292, КП8928, КП8911, КП8929 нөмірмен тіркелген трапециялы сырлы әрлеуіш қыштар



Сырлы әрлеуіш кірпіштер

сары түсті саз балшықтан күйдіріліп жасалған, саз құрамында тас қиыршықтар қосылған. Қыштардың үстіңгі бір жақ беттеріне қанық көк және көкшіл түсті бояулар жағылған, бояу беті шыңылтырланған (глазурь), төрт қырлы болып жасалған, дуалға жапсырар жағы сүйірлеу, шеттері сынған, негізгі бөліктері толық сақталған. Көлемдері: ұзындықтары - 19 см, 17 см, 13,5 см, 9,5 см, биіктіктері - 6,5 см, 5,5 см, 4,3 см, жалпақтығы - 5 см, 4,5 см, 4,3 см, 3,2 см. Кесенелерді ою өрнектеп сәндеу үшін пайдаланылғанын негіз ретінде айтатын болсақ, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің михрабындағы өрнектер, ал порталын сәндеген «басқұр» тектес, шым-ши өрнегі мен батыс фасад өрнектерінде осындай трапециялы сырлы қыштармен өрнектеп сәндеген. Сондай-ақ, Отырар қаласында жүргізілген қазба барысында, сарай орындарынан көптеп табылған. [Суреттер; 8, 9, 10, 11]

Қордағы қыштардың ұқсастықтары оның сыртқы пішініне, құрамына, өрнектеріне және пайдалану мақсатына негізделгені белгілі. Осы зерттеулердің ішінде сыртқы пішініне, пайдалану мақсаты және сыртқы өрнектерге қарап, тарихи-мәдени параллельдері анықталды.

Мақалада Ежелгі Отырар қаласынан және оның маңындағы қалалар мен қалашықтардан қазба барысында табылған сәулет құрылыс қыштарына тоқталып, зерттеу кезіндегі мынандай тұжырымдарды алға тартамыз. Сол кезеңдегі табылған құрылыс қыштарының негізгі екі

композициясы анық байқалады. Олар геометриялық үлгіде және өсімдік, сондай-ақ «еркін түрде» шымқай салынған өрнектер. Бірнеше тарихи кезеңдерге қатысты қыш түрлерінің зерттелуде анықталғандай, қыштардың алыс-жақын аймақтарда табылғанмен өрнектерінде, жасалу тәсілі мен стильдерінде, сонымен қатар, оның ішінде, оймыштала батырып салынған өрнек түрлері геометриялық, өсімдік бедерлі оймаланған қалпындағы өрнекті қыштардың ұқсастығы қатты байқалды. Қорыта айтқанда, музей қорындағы Ежелгі Отырар қаласы мен өңір ескерткіштерден табылған сәулет құрылыс қыштарының Орта Азия сәулет өнеріндегі өзара ұқсастығына негізделе отырып, Орта Азия мен Қазақстанның сәулет қыштарының бірдей болуы басқа аймақтармен тығыз экономикалық және мәдени байланыстарда болғандығын айта аламыз. Кез-келген тарихи-мәдени құндылық, сәндік қолданбалы өнер туындылары өз заманындағы рухани әлемнің шынайы болмысын айшықтайтын жарқын жәдігерлер. Біз солар арқылы тарихымызды танып, ой-танымымызды кеңейтеміз, әдет-ғұрпымызды құрметтейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маданов. Х. Қазақ мәдениетінің тарихы Алматы «Қаржы-қаражат 1998 ж 36 -37 бб».
2. Байпаков К.М. Археологические исследования по программе ЮНЕСКО «Великий Шелковый путь» //Вестник АН КАЗ ССР//.-1991, №12,9 б.
3. Байпаков К.М, Ерзакович Л.Б Орта ғасырдағы Отырар керамикасы. Алматы, «Өнер»1991ж10 б.
4. Шалекенов У, Алдабергенов Н.О. Орта ғасырдағы Ақтөбе, Анкара-2006 ж 26 б (XXVI) б.
5. Байбосынов К.Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер. –Алматы; Өнер, 1996ж , 22 б.
6. Нұрмұхаммедов Н. Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі.- Алматы; Өнер,1980, 5- 6 бб).
7. Қазақстан тарихы, 1 – том, Алматы, «Ата мұра», 2010 ж, 281 б.
8. Глаудинов Б.А. История архитектуры Казахстана, Алматы,1999 ж.15 б.
9. Веймарн Б.В. Искусство Средней Азии.-М.Л.4-1940.-191 с.
10. Қазақ тарихы «Кердері» кесенесі,2002.№4 20 б.
11. Пугаченкова.Г.А. Искусство Туркменистана, издательство «Искусство» Москва:1967. С.107
12. Пугаченкова.Г.А. Л.И.Ремпель. Очерки искусства Средней Азии, Москва: «Искусство» 1982,с-24 б.
13. Қазақ тарихы «Кердері» кесенесі. 2002. №4 18 б.
14. Федоров-Давыдов Г.А.Искусство кочевников и Золотой Орды. Москва «Искусство» 1976 с 109.



Жолдасов Т. М.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі. Қор сақтаушы.

**Ортағасырлық тиындарды тазалау, түс беру және
консервациялаудың тиын металына қауіпсіз әдістері
(жеке тәжірибелік жұмыстар негізінде)**

Тиындарға тазалау және консервациялау жұмыстары екі жағдайда жүргізіледі:

- 1- мұражай қорына тиындар кір күйінде түскен жағдайда;
- 2-мұражай қорындағы нумизматикалық жәдігерлердің сақтығына жауапты қызметкер, кезекті профилактикалық бақылау кезінде тиындар сақтығына қауіп төндіретін химиялық қосындыларды байқаған жағдайда (сұрғылт, ақшыл жасыл түсті ұнтақ);

Тиындарға реставрациялық жұмыстар 4 (төрт) мақсатта жүргізіледі:

- 1- тиын бетіндегі кірлерден тиын атрибуциясын анықтай алатын жағдайға дейін тазалау мақсатында (тиынның металл негізі мен табиғи патины болса, мүмкіндігінше сақталып қалуын қадағалау қажет);
- 2- тиын металының сақтығына қауіп төндіретін барлық химиялық қосындылардан арылту мақсатында;
- 3- тиынға экспозициялық түр беру және қоршаған ортаның теріс әсерлерінен қорғау мақсатында тиын бетіне декоративті патины жасау үшін;
- 4- тиынның ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тиын бетіне балауыз немесе лак жағу арқылы консервациялау үшін;

Тазалау жұмыстарының алдында тиын, реставратор және қор сақтаушы тарапынан үлкейткіш құрал көмегімен мұқият тексеріліп алынуы қажет.

Тазалауға дейін жүргізілетін тексеру жұмыстарының мақсаттары:

- 1- Тиын металы негізінің сақталған-сақталмағандығын анықтау;
- 2- Тиын металы құрамын анықтау;
- 3- Тиын металында реставрациялауға алып келгенге дейінгі орналасқан ортасы (топырақ, құм т.б.) әсерінен пайда болуы мүмкін қауіпті химиялық қосындылардың бар-жоғын анықтау;
- 4- Тиын металының сақталу жағдайына барлау жасау;
- 5- Тиын құндылығын анықтау үшін (коммерциялық құндылығы да ғылыми құндылығы да ескеріледі).

Бұл тексерулер тазалау жұмыстарының әдісін, жүргізілетін жұмыстар ретін анықтап, қалпына келтіру жұмыстарының сауатты атқарылуына мүмкіндік береді.

Тиынды тазалаудың үш әдісі бар:

- 1- механикалық
- 2- химиялық
- 3- электрохимиялық

Механикалық тазалау әдісі.

Механикалық тазалау әдісі, құнды және сирек кездесетін нұсқалардың әр бедерін сақтап қалу үшін жүргізіледі. Бұл әдіспен тазалау жұмыстары бинокулярлы микроскоп және осы мақсатта таңдап алынған штихельдер көмегімен тиын бетіндегі кірлерді біртіндеп кетіру арқылы іске асырылады. Бұл жағдайда тиын бетін алдын-ала суда немесе арнайы ерітінділерде (кей жағдайда залалсыздандырылған майлар да пайдаланылады) жібітіп алады [1, с.8]. Мұндай тазалау әдісі тиын бетіндегі кірлер көлемі мен түріне қарай бірнеше күннен, бірнеше айға дейін

созылуы мүмкін. Бұл әдіс ұзақ уақыт және көп шығын қажет етеді. Тиынды механикалық жолмен тазалау ісі тек тәжірибелі маманға ғана жүктеліп, ғылыми тұрғыда өте бағалы бірегей тиындар мен металл негізі жойылған бағалы тиынның атрибуциясын анықтау керек болған жағдайда ғана жүргізіледі [сонда. С.3].

Химиялық тазалау әдісі.

Көп көлемдегі тиындарды тазалау кезінде көбінесе химиялық тазалау әдісі қолданылады. Химиялық тазалау механикалық тазалаудан әлдеқайда жылдам жүреді. Алайда кез-келген химикат тиын металымен қарқынды байланысқа түсіп, металл бетін ерітіп, тиын бетіндегі бедерлер сапасын төмендететіндігін естен шығармаған абзал. Химиялық ерітінділер әсіресе мыс және мыс қоспаларынан жасалған тиындар беттеріндегі бедерлердің сапасын төмендетуі мүмкін. Дегенмен бұл әдіс мыс тиындар металындағы зиянды химиялық түзінділерді анықтап, оларды толықтай жоюға мүмкіндік береді.

Электрохимиялық тазалау әдісі.

Бұл әдіспен тазалау, катод болып табылатын тиын металының бетіне газ көбіктерінің бөлініп шығып, осы арқылы тиын бетіндегі кірлер мен зиянды түзінділерді кетіруге негізделген. Газ көбіктері тиын металы-катод пен анодтың бір-бірімен түйісуі нәтижесінде пайда болады. Бұл көбіктер электролит ерітіндісі құрамына еніп, кірлерді тиын бетінен ерітіндіге шығарады. Бұл әдісті тиынды электролит ерітіндісінде қарсыэлектродпен байланыстыру арқылы да сырттан ток беру арқылы да іске асыруға болады. Тиындарды тазалаудың бұл тәсілі көп мөлшердегі тиындарды бірге тазалау кезінде де жеке тиынды тазалауда да қолданылады.

Тазалаудың электрохимиялық әдісі көмегімен басқа ешбір тазалау әдістерімен кетіруге болмайтын күміс тиындар беттерінде кездесетін, күміс пен күкірт қосындысынан пайда болатын, тиын металына қауіпсіз, қара түсті тығыз түзінді-«мүйізді күмісті» кетіруге болады. Бұл түзінді тиын металына зиянсыз болғандықтан, тек тиын атрибуциясын жасауға кедергі келтіретін жағдайда ғана кетіріледі. Тиын бетінен «мүйізді күміс» түзіндісі кетірілген жағдайда да тиын бетінде түзіндінің терең ізі қалып қояды. Сондықтан өте мұқтаж болмаған жағдайда «мүйізді күміс» түзіндісін кетірудің қажеті жоқ. Күміс тиын бетіндегі «мүйізді күміс» түзіндісін кетіру үшін тиынды мырыш пластинасымен әлсіз аммиак ерітіндісінде байланыстыру қажет.

Тиындарды тазалаудың әдістері, тиын беттеріндегі кірлер көлемі мен реставратор тәжірибесіне байланысты таңдалады. Бұл мақалада жиі қолданылатын химиялық тазалау әдістері қарастырылады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей тиын тазалаудың химиялық әдістерін таңдауда ең маңызды негіз тиын металы болып табылады.

Тиын металдарының ерекшеліктері және оларды тазалау әдістері; Көне және

ортағасырдағы тиын соғу үрдісінде түрлі металдар мен технологиялар қолданылған.

Алтын (Au)- алтын және алтын мен күміс қоспасынан (электра) жасалған тиындар және 50% алтын және 50% күміс қоспаларынан жасалған тиындар да кездеседі. Бұл қоспалардан жасалған тиын металы құрамында алтын мен күміс мөлшері біркелкі жайылмай, тиын металы бойында кластерлер пайда болады. Қалай болған жағдайда да мұндай қоспалардан жасалған тиындар металы құрамының инерттілігіне байланысты айтарлықтай реставрациялық жұмыстарды қажет етпейді. Алтынның инерттілік қасиеті өз бойына зиянды элементтердің шоғырлануына жол бермейді. Сондықтан алтын тиындар тек бетіндегі кірлерді суда жібітіп, жұмсақ матамен сүртіп кетіруді ғана қажет етеді.

Күміс (Ag)-әлемде түрлі дәуірлер мен елдердің күміс және оның қоспаларынан жасалған тиын түрлері өте көп.

Жоғары сынамды күміс тиындар аммиак ерітіндісінде жылдам әрі тамаша тазаланады. Бұл мақсатта аммиактың судағы 5-10% дық ерітіндісі пайдаланылады (бұл ерітінді дәріханаларда «мүсәтір спирті» деген атпен сатылады). Күміс тиын аммиактың 5-10 % судағы ерітіндісіне 15-30 минуттай ұсталып, одан соң ағынды су астында ас содасымен саусақ ұштарымен тиын бетінде тиын металының аммиак ерітіндісімен қатынасы әсерінен тиын

бетінен ажыраған кірлерден арылтылып, тиын ағын суда жақсылап шайылып, кептіріледі. Аммиак ерітіндісінде пруф сапалы, қазіргі заманғы ысып соғу әдісімен соғылған тиындарды тазалауға болмайды. Мұндай, ысу арқылы жылтыратылған тиындар бетіндегі жылтырақ күміс қабат аммиак әсерінен жойылып кетеді. Аммиак ерітіндісінде күмістің құрамдық пайызы 70% дан кем болмайтын тиындарды ғана тазалау ұсынылады.

Тазалау кезінде аммиактың күміске химиялық белсенділігінің жоғары екендігін, күміс тиын бетіндегі күміс бөлігінің микробөліктері ерітінді құрамында еритіндігін ескерген жөн.

Тиын металы құрамындағы мыс көлемінің 25-30% дан жоғары болуы реставратор жұмысын қиындата түседі. Күміс пен мыс қоспасынан жасалған тиындар металында күміс біркелкі жайылмайды. Сонымен қатар көне тиын соғу үрдісінде тиын бетін белгілі бір операциялар жүргізу арқылы мыс пен күміс қоспасынан жасалған тиынның беткі мыс қабатын кетіру арқылы «ағартып», күміс түске ендіру технологиясы іске асырылған. Мұндай ысу технологиясы арқылы ағартылған тиындар аммиак ерітіндісінде тазаланса, тиын бетіндегі жұқа күміс қабаты жойылып, күміс тиын мыс тиынға «айналып» шығады. Сондықтан мұндай тиындарды концентрацияланған құмырсқа қышқылында тазалаған тиімдірек. Бұл қышқыл мен тиын металы арасындағы химиялық байланыс өте әлсіз жүретіндіктен тиын металына ешқандай зиян тигізбейді. Құмырсқа қышқылының осы қасиетіне орай тиынды бірнеше тәулік бойы қышқыл ішінде ұстап, арагидік тиынды қышқылдан шығарып, жұмсақ шүберекпен сүртіп тұру қажет. Шүберекпен сүрту кезінде тиын бетіндегі қышқыл әсерімен жібiген кірлер шүберекке жұғып қалады. Осылайша тиын бетіндегі кірлер толық кетірілгенше қайталанылады. Құмырсқа қышқыл тиындарды тазалау кезінде басқа химиялық реагенттер сияқты ұшып кетпей, ұзақ уақыт бойы пайдалануға болады.

Осы әдіспен күмістелген (жұқа күміс қабатымен көмкерілген) мыс тиындарды да күміс қабатының жойылып кетуінен қорықпай тазалауға болады.

Көп жағдайда топырақ астында ұзақ уақыт жатқан археологиялық күміс тиындардың кристалдық құрылымы өзгеріске ұшырап, сынғыш болып қалады. Бұл жағдайда күміс тиынды ашық от үстінде қатты қыздырып (металл қызарғанша), қайта ақырын суыту арқылы мәселенің шешімін табуға болады. Тиынды суыту кезінде күштеп суытуға (салқын жерде, салқын зат үстін қойып суыту) мүлдем болмайды. Тиын металы жылы жерде өздігінен сууы қажет. Тиынды қыздырып суытуды тиын металының қалыңдығына байланысты бірнеше рет қайталауға болады. Бұл әдіс археологиялық күміс тиындардың кристалдық құрылымын қайта қалпына келтіреді. Бұл әдіс майысқан археологиялық күміс тиындарды қайта қалпына келтіруге де мүмкіндік береді.

Мыс (Cu) тиындар археологиялық қазба жұмыстары кезінде ең көп табылатын нумизматикалық материалдар. Көне замандарда жоғары сұрыпты мыс немесе жезден жасалмай, толық тазартылмаған мыс рудасынан соғылатын болғандығын есепке алған жөн. Бұл материал құрамы жағынан мыстан гөрі қолаға жақынырақ. Оның үстіне әр руда құрамы әр-түрлі болып, бұл өз кезегінде әр тиынның топырақтан қазып алған кезде руда құрамындағы металдардың топырақпен түрліше әсерлесуі нәтижесінде сақталу жағдайлары да түрлі болып, реставрациялық жұмыстар жүргізу кезінде пайдаланылатын химикаттар әсерінің түрліше болуына септігін тигізеді. Дегенмен бұл жайт реставрациялық жұмыстар жүргізуге айтарлықтай кедергі келтіре қоймайды.

Мыс құрамы бағалы металдардағыдай инертті болмағандықтан тез қышқылданады. Алайда мыс тиын металындағы түзінділердің бәрі бірдей жойылуды қажет етпейді. Егер тиын бетінде табиғи қорғаныш қабаты-табиғи пати́на түзілген болса ешқандай реставрациялық әрекеттер жасаудың қажеті жоқ (табиғи пати́на ашық қоңыр немесе қою қоңыр түсті болады) [2, с.3]. Бұл тиын табиғи түрде қорғаныш қабатына ие болған. Химиялық тазалау жұмыстары тиын бетіндегі табиғи патинаны жойып жібереді. Табиғи пати́насы бар тиындар бетінде зиянды химиялық түзінділер ошағы байқалса, пати́наға зиян келтірмей, микроскоп көмегімен, механикалық жолмен ғана тазалау керек.

Мұражай қорына археологиялық қазбалардан, яғни ұзақ уақыт топырақтағы ылғал, тұздар мен қышқылдар ықпалында болған тиындар көптеп келіп түсіп жатады. Бұл тиындарды Трилон-Б-ның ерітіндісінде тазалаған дұрыс. Тиын ерітіндіге салынып, арагидік ерітіндіден шығарылып, ылғал ас содасы және тіс щеткасы көмегімен тиын бетіндегі кірлер алынып тасталып отырылады. Осылайша тиын бетіндегі кірлер толық кетірілгенше қайталанады.

Ұзақ уақыт топырақпен тікелей қатынаста болған, топырақ астында топтап емес жеке жатқан тиындар көбіне-көп «мыс обасына» шалдығып жатады. Хлоридтер әсеріне ұшыраған мыс тиындарды анықтап, жедел түрде хлоридтерден арылтып немесе тиындар жинағынан шығарып жіберген өте маңызды. Өйткені мұндай тиындардағы хлоридтердің микробөліктерінің басқа тиындарға түсуі сау тиындардың да бұзылуына алып келеді. Бұл хлоридтер түзілімі мыс тиындарда кездесетін ең қауіпті «ауру» болып табылады. Мұндай тиындарды ешқашан басқа тиындармен қатар сақтамай, «ауру» тиын салынған пакеттерді жойып жіберу керек. Кейде археологиялық қазбалардан екі бетінде жұқа мыс пластиналар ғана сақталып, тиынның ішкі металы түгелдей «мыс обасы» ұнтағына айналып кеткен тиындар да келіп түсіп жатады. Сырт қарағанда сау тиындарда, тазалау жұмыстары бастала салып-ақ тиын бетіне сұрғылт, ашық жасыл түсті ұнтақ шыға бастайды. Бұл тиындарды тазалауды дереу тоқтатып, есептен шығарып тастау қажет [Сонда, С.3]. Егер тиын металы сақталып, тек бір немесе бірнеше жерінде ғана мыс хлоридтері ошақтары байқалса, тиынды құтқарып қалуға болады. Ол үшін Трилон-Б ерітіндісінде тазаланып алынған тиынды суда мұқият шайып, тазартылған су (дистилированная вода) құйылған 3 литрлік ыдысқа салып, бәсең отта 3-6 сағат қайнатады. Одан соң тиын сыртқа шығарылып, ыдыстағы суды төгіп тастап, жаңа тазартылған сумен қайта толтырылып, тиын қайта қайнатылады. Тазартылған суда тиынды қайнату тиынның микрожарықтарында қалып кеткен мыс хлоридтерінен арылуға көмектеседі. Тиын қайнатылып болған соң тиын кептіріліп, жасанды патина жасалып, консервацияланады. Қайнатылып хлоридтерден арылтылған тиындарды үнемі қадағалап отыру қажет. Егер қадағалау кезінде тиын бетінде қайтадан сұрғылт ұнтақты хлорид ошақтары байқалса, бұл тиынды жинақ құрамынан біржола шығарып тастау керек. Тиынды сақтап қалуға байланысты қайта жүргізілген реставрациялар әрекеттер еш нәтиже бермейді.

Күмістелген мыс тиындарды Трилон-Б ерітіндісінде тазалауға болмайды. Себебі ерітінді тиын бетіндегі жұқа күміс қабатты жойып жібереді. Күміс жалатылған тиындарды ең дұрысы құмырсқа қышқылында тазалаған абзал.

Қарахандықтар дәуірінде соғылған тиындар қатарында металл құрамында көп мөлшерде лигатура мен мырыш қоспасы бар тиындар көптеп кездеседі. Бұл тиындар қорғасын түстес болып, тазалаудан кейін тез бозғылданып шығады. Бұл тиындарды да құмырсқа қышқылында тазалаған дұрыс.

Тиындарға жасанды түс беру және патиналау әдістері;

Алтын тиындар жасанды түс беруді қажет етпейді.

Күміс тиындарға екі түрлі жолмен түс беріледі:

1-Жаңа тазаланған тиын бетіне мақталы таяқша көмегімен йодтың спирттегі 5% ерітіндісін жағады (тиын беті көз алдымызда қарая бастайды). Йод кепкен кезде, тиын бетінде йодтың қалыңдау жағылып, мөлшерден көбірек қарайған тұстарын ағынды су астында ас содасы көмегімен саусақтармен жеңіл ысқылау арқылы кетіреміз. Тиын бетіндегі артық йод қабатын кетіру кезінде тиын бетіндегі бедерлер (жазу немесе бейнелер) күміс түсіне еніп, бедерлер арасындағы аралықтар сәл қоңырқай түсте қалуын қадағалауымыз керек. Бұл жасанды патина уақыт өте келе қарая түсетіндігін ескеріп, йод қабатын қажетті мөлшерден көбірек кетірген абзал. Егер тиын беті уақыт өте келе қажетті мөлшерден тыс қарайып кетсе, ас содасы көмегімен кетіруге болады. (Ас содасы тиын бетін жараламайтын әлсіз абразив қызметін атқарады)

2-Бірнеше сағат немесе бірнеше тәулік бойы күміс тиынды йодтың әлсіз ерітіндісіне салып қоямыз. Бұл жағдайда тиын беті түгелдей ашық қоңыр түске боялады. Ас содасымен ағын

су астында жеңіл ысқылау тиын бетіне қоңырқай түс пен күміске тән металл жылтырын береді.

Түс берудің бұл тәсілі тиын бетінде қорғаныш қабатын түзбей, тек тиын бетіндегі жазбалар мен өрнектерді айқындай түсу үшін декоративті мақсатта қолданылады.

Мыс тиындарға түс беру бірнеше әдіспен іске асырылады;

Ең қарапайым екі тәсілі бар:

1-тазаланған тиынның екі беті де балауыз шам отына қақталып, қызған тиын беттеріне балауыз жағылады. Тиын суыған соң осы мақсатқа әдейі таңдалып алынған катты киіз бөлігімен кетіріледі. (Ешқандай ысу аппараттарын қолдануға болмайды)

2-тазаланған тиын бетіне екі медициналық майдың қоспасынан дайындалған-33%-дық күкірт майы мен вазелиннің 50-50%-дық қоспасын араластырып жағамыз. Тиын толық тазаланбаса, тиын бетіне жағылған май біркелкі сіңбей, тиын беті шұбарланып кетеді. Сондықтан тиын бетінің мұқият тазаланғанына көз жеткізіп алу керек. Бірнеше сағат немесе бірнеше күн бұрын тазаланған тиындар бетіне түс беруші майлар әсеріне өте жай әсер етеді. Майлар қоспасын тиын беті тазаланып бола салысымен жаққан дұрыс. Жаңа тазаланған тиын беті түс беруші майлармен реакцияға жылдамырақ түсіп, тиын беті біркелкі қоңырқай түске енеді. Жаңа тазаланған тиын бетіне май қоспасын жылдам әрі біркелкі жағу керек. Өйткені жаңа тазаланған тиын беті мен майлар арасындағы реакция өте жылдам жүретіндіктен тиын бетінің қараюы әркелкі болып, шұбарланып кетуі мүмкін. Тиын беті қажетті мөлшерде қарайған соң, артық майды жұмсақ матамен алып тастап, ылғал ас содасымен ақырындап ысқылаймыз. Ас содасымен ысқылау кезінде тиын бетіндегі бедерлер түсінің бедерлер арасындағы аралықтардан ашықтау болуын қадағалауымыз керек. Сонда тиын бетіндегі тиын жайлы ақпарат берер бедерлер көрінісі айқындала түседі. Тиын бетіне жағылған түс бергіш, қорғаныш қабатының тиын бетінде қалған бөлігі уақыт өте келе күн сәулесі әсерімен қарая түсуі мүмкін. Түс беру кезінде түс беруші майдың бұл қасиетін есепке ала отырып, тиын бетіндегі майды қажетті мөлшерден ашықтау етіп кетірген жөн. Түс беруші майдың мөлшері артық болып, тиын беті қажетті мөлшерден аса қарайып кетсе, ағын су астында ас содасымен ысқылау арқылы қажетті түске енгенше азайтуға болады.

Тиындар консервациясы

Климаты ылғалды өлкелерде тиындарды консервациялау аса қажет.

Алтын және күмістен соғылған тиындар металының ерекше қасиеттеріне байланысты консервациялауды қажет етпейді. Мыс тиындар сақтығы, консервациялау жұмыстары жүргізілуін талап етеді.

Консервация қабаты, ауа құрамындағы ылғалдың тиын металымен байланысқа түсуінен қорғауы қажет. Консервациялаудың ешбір түрі тиын металының ауадағы ылғалмен қатынасқа түсуінен толық қорғай алмайды. Тиындар бетінің ең сенімді қорғаныш қабаты, табиғи патина болып табылады. Алайда табиғи патинаның түзілуі ондаған жылдарды қажет етеді. Сондықтан реставраторлар тиындарды консервациялауда акрил лагы немесе балауызды пайдаланады. Қазіргі таңда тиындарды консервациялауда акрил лагын пайдалану құпталмайды. Себебі акрил лагынан жасалған қорғаныш қабаты жылтырап, тиынға жасанда түр береді. Ал балауызбен жасалған қорғаныш қабатында мұндай кемшілік болмайды. консервацияланып қойылған тиындарға реставрациялық жұмыстар жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда екі қорғаныш қабаттары да оңай кетіріледі. Зиянды хлоридтер ізі байқалмаған тиындарды консервациялаудың қажеті жоқ.

Мыс тиындарды тазалау, оларға декоративті патина жасау және консервациялаудың басқа да әдістері бар. Бұл әдістермен «Прошлое нашей родины в памятниках нумизматики». (Л. 1977.) атты арнайы әдебиетте танысуға болады.

Қор сақтаушы және реставратор тарапынан жүргізілетін қадағалау және реставрациялық жұмыстар жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар.

- Тиындардың сақталу жағдайын қадағалау кезінде 4 немесе 5 есе үлкейтіп көрсететін

лупа қажет.

Реставрациялық жұмыстарды жүргізу үшін қажет құрал жабдықтар:

- реставратордың жұмыс бөлмесі күн сәулесі жақсы түсетін, жарығы мол жеке бөлме болуы керек (реставратор құнды материалдармен жұмыс істейтін болғандықтан жеке бөлме болғаны абзал);
- жеке ағын су орнатылған, керамикалық су ағызып жіберу құрылғысы, күшті ауа соратын желдеткіші бар шкаф;
- Үстел лампасы;
- Су қайнататын құрылғы (медициналық стерилизатор да жарайды);
- 2,4,8,16 есеге үлкейткіш бинокулярлы микроскоп (мәселен МБС-2 түрлі);
- Үлкейткіштік қуаты 4, 5 және 6 еселік 2 лупа;
- Электрлі пеш немесе 2 камфоралы газ плитасы (күштеп ауа сорғышы бар шкаф ішіне орнатылады).

Химикаттар

- Трилон-Б; (ақ ұнтақ түрінде болады)
- Ас содасы;
- Мүсүтір (Нашатырь спирті (аммиактың 10%-дық ерітіндісі);
- Концентрацияланған құмырсқы қышқылы;
- Вазилин;
- Күкірт қышқылы;
- Мырыш пластина;
- Тазартылған су (дистилденген су)

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1- М.С.Шамаханов. Реставрация, исследование и хранение музейных художественных ценностей./проблемы реставрации археологического металла. Выпуск 1. Москва, 1981.
- 2- Ответственный за выпуск С.П.Масленицына. Реставрация, исследование и хранение музейных художественных ценностей: Науч. Реф. Сб. Вып. 1., М., 1980



Айман Үсенқызы Мирзабекова

Түркістан қаласы,

Тарихи –мәдени – этнографиялық

орталықтың ғылыми қызметкері

«ОРТАЛЫҚ ҚОРЫНДАҒЫ А.БИЖАНОВТЫҢ КӨРКЕМ СУРЕТ ТУЫНДЫЛАРЫ»

Дүниеде мәңгілік ешнәрсе жоқ. Бәрі де өтпелі. Тарих уақыт қармағында жеке адамдар түгілі, айбатты мемлекеттер де жұтылып кеткен. Сан ғасыр кейінгі ұрпақ олардың қандай ел болғанын, сол елдің мәдениетін артында қалдырған мол мұрадан, оның ішінде сәулет, бейнелеу өнерінен, мүсіндерден, кітаптары мен ғылыми мұраларынан ғана танып-білуде.

Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени-этнографиялық орталығымызда көбіне қозғала бермейтін көркем сурет туындылары жайлы айта кетсем. Оңтүстік Қазақстан шұрайлы, қасиетті топырағы қашан да таланттарға кенде болмаған. Қылқаламды қастер тұтқан Оңтүстіктің тумасы Асан Бижанов (1946-1992) туындылары арқылы сурет өнері туралы сыр шерткіміз келеді.

Асан Бижанов 1948 жылы Құмтиын ауылды мекенінде қарапайым отбасында өмірге келген. 1956-1960 жылдары Түркістан қаласындағы инженерлік механизатор училищесіне оқуға түседі. 1974 ж. Алматыдағы көркемсурет училищесін бітірген. Осы жылдан бастап шығармашылық жұмысы басталады. Суретші - кескіндемешінің ауыл өмірі, өскен ортасы, заман ағымы оны философиялық шығармалар жасауға жетеледі. 1981 ж. КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, ОҚО Суретшілер Одағының ұйымына қызмет етті. Қысқа ғұмырында 100 – деген картиналар салды. Шетелдік, бүкілодақтық, республикалық және облыстық көрмелерге қатысты. КСРО, ҚР Суретшілер Одағының дипломдарымен марапатталды. Жұмыстары ҚР өнер мұражайында, көрме дерекциясында, КСРО көркемсурет қоры мен Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени этнографиялық қорында 150 – ге жуық туындылары бар. Суретшінің 150-ге жуық картиналарын Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени этнографиялық орталық қорына өзінің шәкірті Абай Рысбеков сый ретінде тапсырған болатын. Бұл жәдігерлерді біз аманат ретінде, болашақ ұрпаққа өшпес ізін қалдырған суретшінің есімі мәңгі есімізде қалсын деп, тарихи – мәдени этнографиялық орталықтың қызметкерлерінің атынан Абай Рысбеков ағамызға үлкен алғысымызды білдіреміз.[2]

Сурет - өнер туындысы, әрі тарих десек, суретшілік- өміршең өнердің бірі. Суретші - сол шексіз тарихтың бір сәтін ұзақ уақытқа «тоқтата» алған шебер. Мұндайды қазақ «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді ежелден. Өйткені әрбір суретшінің, әрбір картинаның өзіндік алған бағасы, өзіндік тарихи мәні, ұрпақ қажеттілігіне жаратарлық құндылығы бар десек артық айтқандық емес. Сурет, мүсін өнерлері белгілі бір ұлттың салт-дәстүрін дәріптеуші, тарихын әріге апарушы ғана емес, сол елдің өз тарихын, тұлғаларын тану, құрметтеу, ұрпағын отаншылдыққа тәрбиелеу құралы қызметін де атқарады.[3] Ал, суретші тек әлдекімнің немесе әлдененің бейнесін тұлғалаушы ғана емес, ол – суреткер, философ. Суретші Асан Бижановтың картиналарында, көбінесе, қарындасы, әпкесі, анасының және өзінің суреттері болса, табиғат бейнесіне ерекше мән берген. Бар өмірін кескіндеме өнеріне арнады, тіпті, өнерге жан-тәнімен беріліп отбасын құрмады. [2] Суретші Қаратау өлкесінде жазғы аптап ыстығына дірілдеген, қыстың шытынаған сары аязында ызғарланған ауаға айналаны толықтырып тұрған, көз жеткізсіз көгілдір аспан орнаған шексіз кеңістік өлкесіне келгендей сезінесің. Суретшінің туып-өскен жерінің ландшафтық ықпалы соншалықты зор, тіпті оның қалыптасқан стилистикасы өзінің отаны – таулы Қаратау өлкесіне арналған жұмыстары да қорымызда сақтаулы. Оның шығармаларының арқасында Қаратау өлкесінің табиғаты мен

әдет – ғұрпы Қазақстан мен шет ел қалаларына көптеген көрме және музей қорларының экспозицияларында қайта жанданып, тарих пен адамдардың жадында өзінің қайталанбас жарығын қалдырып келеді. Асан Бижанов Қазақстан өнеріне тұрмыстық жанрдағы елеулі шығармалардың, өзіндік ерекше пейзаждардың, мазмұны терең натюрморттардың, орындау техникасы тамаша акварельдің авторы ретінде енді.[2] Оның туа біткен дарындылығының ерекшелігі мынада, ол өзіне ғана тән көркемдік жүйе, авторлық кескіндеме тәсілін тауып, күнделікті тұрмыс тақырыбын мифтік символикалық деңгейге дейін көтеріп, халық тұрмысының өзіндік төл сипаттарын көрсете алды. Әр суретшінің шығармашылық қорында өзінің сурет карточкасы іспетті шығармалары болады. «Арқан есу» деген жұмысында суреттелген сюжет аса қарапайымдылықпен бейнеленген, тіпті оның барына шүбә келтіріп, арғы жағында қатесіз композициялық есеп бар екеніне сену қиын. Композиция өте күрделі құралған, оң жағында алдыңғы қатарда киіз үйдің маңында жұмыс істеп жүрген келіндер, балалар, оң жағында қазан ошақтың жанында күйбеңдеп жүрген жас келіншек керемет бейнеленген. [1] Әрі қарай, көлшік маңында жайылымда жүрген сиырлар суреттелген понорама көрінеді. Ашық көк, көгілдір, сары, қызғылт сары мен қоңыр түстердің өзара үйлесімділігі шығармаға ерекше сән береді.

Суретшінің келесі шығармасында «Киіз басу» деген жұмысында киіз үйдің ішінде жас келіншектер киіз басып, бір-бірімен әңгіме құрып отырғаны және де киіз үйдің есігінен керемет табиғат көрініс, жас келіннің баласымен көрініп тұрған пейзаж, автордың шығармасына керемет үйлесім беріп тұр. Әрі келіншектердің киіз басып отырған киіздің өзіндік бір ерекшелігі сақталған. Кескіндеме салмақты, поэтикалық мәнері, композициялық құрлымы поэтикалық үйлесімділігі баяғы өткен күндерді сағындырып аңсатады. [1]

Асан жанды, рухты, ерекше ұлттық дүниетанымдығы бар айрықша әлемді көрсетеді. Оның авторлық композициясы - біреудің мәртебесінен аулақ, пайда табудан тәуелсіз еркін шығармашылық, әлемді өзінше ұғынып түсінуіне негізделген ойлар мен сезімдерді нақты іске асыру. Суретшінің «Аң аулау» деген туындысында қаһарлы өлкенің қарапайым сұлулығын, ғажайып үйлесімділігін көрсетуге көмектесетін суретшінің керемет бір «музыкалық бейімі» бар деп айтуға әбден болады.[3]

Суретшінің «Құдық басында» шығармасында адамдардың түнде суға толып қалған табиғи құдыққа су алуға мұнарған таң сәрісінен асығып бара жатқаны, жас келіншектердің тұлғасы, өйткені, ол су біраздан кейін өзінен-өзі жоғалып қалған тамшылар көз алдында аспанға бу боп ұшып кетеді. [1]

Суреттің өзі өмір деп тегін айтылмаған. Өйткені, дарынды адамның бойындағы рухани байлығы мен көңілінде ұялаған әрбір сәті кеудеде сурет болып қалып қоятын көрінеді. Тек суретші ғана сол сәтті қалт жібермей, қылқаламның ұшымен картинаға айналдыра алады екен. Сондықтан, әрбір суретшінің бояуға толы әлемі әр сәттің, әр күннің куәсі, күнделігі іспетті.

«Сәнді сурет тек сүйсіне көрмекке жақсы, ал мәнді сурет белгілі бір мәнді, суретшінің сезімі мен іңкәрлігін, әрекеті мен мінезін, табиғи дарынын білдереді»-деген сөздің жаны бар екенін Асан салған мына суреттерді көргенде көзің жетеді. Қазақтың бейнелеу өнерінде жалт еткен жарқ жұлдыздай із қалдырып, елімізге танымал болған суретші Асан Бижанов небары 42 жасында суретші ретінде із қалдыра білді. Асан КСРО-ның, Қазақстанның бейнелеу өнері тарихындағы жарқын құбылысқа айналған, болашақ ұрпаққа негіз қалап кеткен өз заманының атақты суретшісі.....

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мамыкова Өркен «Әлеммен тілдесу». Қызылорда – Алматы/2011
2. «Өнерлі өлке суретшілері». - Алматы. «Эффект» ЖШС, 2008
3. Қазақстан суретшілері және олардың туындамасы кітабы, 2007ж. 86 б.

Кемелова Қалипа Шахизадақызы

«Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейі» РМҚК
аға ғылыми қызметкері

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ЖАҢА ЗАМАН ӨНЕРІМЕН ҰШТАСТЫРУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында атадан балаға мұра болған дүниелерді білу өткенді өктем, болашақты жарық ететінін және өзін-өзі тану - рухани жаңғырудың бастауы екенін айтқан болатын. Адам өзін-өзі тануы үшін өзгелермен бәсекеге түсуі қажет. Сонда ғана бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді. Сондықтан, кемел ойлы Президент еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас ел болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы ой –пікірлері мен көзқарастарын халыққа жолдады. Рухани жолдауды көзі қарақты, көкірегі ояу әрбір жан оқыды деп ойлаймын.

Мемлекет басшысының мақаласында: «тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», екенін нақтылап тұжырымдады. Бұл дегеніміз ұлан байтақ жердің иесі – әр қазақтың жан дүниесіндегі «Мәңгілік ел» ұғымының іргетасы болса керек. Елбасының мақаласындағы тағы бір мәселе - ұлттық сана туралы айта келіп, «таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс,тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған дайын болуымыз керек» деп алдағы жылдардағы іргелі өзгерістерге әрбір адамның дайын болуы қажеттігін жан-жақты түсіндіреді. Еліміздің ана тілі, тарихы, ұлттық қолөнері, дәстүрі мен құндылықтары, ұлттың жадына қатысты айтылған салихалы пікірлер көптен бері жұртты алаңдатып келген дүниелер болатын.

Ендігі кезекте осынау мақала – тек мақала емес, біз көптен күткен мәдени саладағы үлкен мемлекеттік бағдарламаны қалыптастырса игі істер болар еді. Осы бағдарлама арқылы рухани жаңғыруымызды баянды етіп, жүзеге асыруға атсалысуымыз тиіс.

Ал, енді қандай халық болса да, өзінің өткенін, қайталанбас тарихын, салт-дәстүрін, қолөнер бұйымдарын көзінің қарашығындай сақтап, қастерлеп ұрпақтан-ұрпаққа өсиет етеді.

Қазіргі таңда өнердің қоғамда алатын орны, қолөнердің дамуы негізіндегі қазақ халқының қолөнерінің сан қырлы түрлерін ашып көрсету арқылы өткені мен бүгінгісін байланыстырып, бүгінгі күн талабымен ұштастыру негізгі мәселе болып табылады. Әсіресе, этнографиялық жәдігерлердің ұлт тарихын насихаттауда алатын орны ерекше. Этнографиялық жәдігерлер арқылы халқымыздың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, тыныс-тіршілігінен, мәдениетінен мол мағлұмат аламыз. Ұлттық мәдениеттің өте ертеден келе жатқан аса бір үлкен де манызды бөлігі халықтың осы қолөнер туындылары. Халқымыздың ертеден келе жатқан мәдени өміріне ой жүгіртіп қарасак, он саусағынан өнер тамған ісмер, зергерлердің, қолөнер шеберлерінің мыс, қола, алтын, күміс сияқты металдардан қорытып сауыт-сайман, ер-тұрман т.б. әсем бұйымдар жасағаны таңғажайып шежіре болып айтылғанымен, бір өкініштісі сол, қазақ шеберлерінің көпшілігінің есімдері тарихта қалмағандығы. Сонда да, олардың көбінің аттары аталмай қалғанымен, өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдары, кейінгі ұрпақтар өміріне үлгі болуда. Ал, өскелең өмір талабының тұрғысынан қарасак, ұлттық қолөнер халқымыздың ғасырлар бойы ғасырдан-ғасырға дамып келген атаның балаға, әженің немереге жасап берген аманаты. Тарихын тереңнен алған қазақ қолөнері дәстүр сабақтастығын үзбеген, рухани мәні мен мәдени құндылығын жоймаған құнды дүниелердің бірі.

Сөз бен іске шебер халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін танытатын құндылықтарымыздың бірі – оның қолөнері екені белгілі. Темір мен ағаштан түйін түйген, асыл тастардан сән бұйымдарын соғып, жүннен керемет бұйым жасаған, сүйек, мүйіз сияқты заттардан қиынынан қиыстырған шеберлер ісі- мақтанышымыз болатын өнер туындысы. Осындай өнер туындысын жасаушы ақ жаулықты апаларымыз бен ақсақалды аталарымыз қазіргі таңда арамыздан сиреп бара жатқаны ақиқат. Бүгінгі таңда ұмыт бола бастаған ұлттық қолөнерімізді кейінгі жас ұрпақ назарына ұсыну, шеберлеріміздің жұмысын насихаттау. Бүгінгі болашақ ұрпақ ертеңгі қоғам иесі, олай болса осы қоғамның иелері халқымыздың тұрмыс қажетінен туындаған қолөнер бұйымдарын сақтап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық мәдениетімізді қолданбалы сәндік қолөнермен өркендетіп байыта түсу міндеті. Жалпы, қазіргі таңда өсіп келе жатқан жастарымыз мектеп қабырғасында жүріп-ақ, ұлттық қолөнеріміз жайында көлемді зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазуы - олардың өнерге деген ыстық ықыласының артуының белгісі. Сонымен қатар, мұражайларда сақталған көненің көзін көрген қолөнер туындыларының тарихына, бүгінгі жай-күйіне байланысты зерттеулер жүргізіліп, насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Осы жағдайлар арқылы біздің еліміз үшін ұлттық қолөнеріміздің қадір-қасиетінің қаншалықты жоғары екенін байқаймыз. Сондықтан алдағы уақытта да осы маңызынан айырылмай, керісінше, күннен-күнге мәні артып, тұғыры биіктей береді. Олай болатын себебі, ұлттық қолөнеріміз – Мәңгілік елдің Мәңгілік өнері. Қолөнер - ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші алтын көпір, ұлттық рухтың сақтаушысы, әрі қозғаушы күші екенін ұмытпайық. Демек, әрбір азамат ұлт жанашыры ретінде ұлттық құндылықтарымызды бағалай білсе, онда еліміздің өзге елдер арасында мерейі де, тұғыры да биік болар еді.



МАЗМҰНЫ

ҚҰТТЫҚТАУ

МУЗЕЙТАНУ, ӨЛКЕТАНУ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Уәлиев Қ.С. <i>Елімізде тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану.....</i>	3
Жандосов А.К. <i>Отырар жәдігерлерін сақтау, қалпына келтіру мәселелері.....</i>	9
Жүнісбеков Б.Ж. <i>Абай музейі: асыл мұра – аманат.....</i>	11
Сарбасов А.Т.	20
Жұмашова А.А. <i>Отырардың музыка мәдениеті.....</i>	23
Өсеров Т., Тәжібаев Н. <i>Бабайқорған ауылдық округінде орналасқан су диірмендерге жүргізген барлау жұмыстары.....</i>	27
Г.А.Ысқақ <i>Сібірден келген құнды зат.....</i>	31
Елемесова Д.У. <i>Музей - рухани құндылықтарды насихаттайтын кешен.....</i>	33
Таджибаева З.А. <i>Киіз үйдегі әйелдер бұрышы, яғни, ыдыс-аяқтар жайлы.....</i>	35
Н.О.Ермашева., Г.Б.Арыстанбаева <i>Мұражай қорларын сақтау.....</i>	40
Байжігіт Ғ. <i>Қазақтың қыз-келіншектерінің бас киім мәдениеті.....</i>	43
Есмырза Ұ.А. <i>Киіз үй жиһаздары кебеже және асадал.....</i>	46
Таибаев Ж.К. <i>Мәдени мұралар – халық қазынасы.....</i>	48
МУЗЕЙЛІК ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
Оспанова А.М. <i>Археологиялық «ежелгі тараз» музейінің қор сақтау жұмысы мен жәдігерлер санағы.....</i>	51
Құдабай Қ. <i>Музей қорын жүйелеу мен қор жұмыстарын жандандыру.....</i>	53
Хамедова С.А. <i>Проблема восстановления и сохранения музейных предметов музея истории хлопководства.....</i>	54

Сұлтанмуратов Б. <i>Музейдің этнографиялық кешеніне қойылған ат арбаны қайта жаңғырту.....</i>	62
Данияров Б. <i>Қордағы қолдиірмендер.....</i>	68
Ботабеков С.С. <i>Қазақстан республикасы ұлттық кітапханасында құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету.....</i>	71
Байтасов М.Ж. <i>Мұражай қорындағы қару-жарақтар коллекциясы.....</i>	74
Таубек А.Т. <i>Музей қорындағы сәулет қыштардың формалары мен кезеңделуі.....</i>	78
Жолдасов Т. М. <i>Ортағасырлық тиындарды тазалау, түс беру және консервациялаудың тиын металына қауіпсіз әдістері.....</i>	83
ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІ ДАМУ ДҰРЫСЫ	
Мирзабекова А. <i>Тарихи –мәдени – этнографиялық орталық қорындағы А.Бижановтың көркем сурет туындылары.....</i>	89
Кемелова К.Ш. <i>Ұлттық қолөнерді жаңа заман өнерімен ұштастыру.....</i>	91

Мақала авторларының көзқарасы редакция алқасының көзқарасын білдірмейді. Жинаққа енген мақалалар қайта бастыруға ұсынылғанда немесе басқа да көшірме жасау жолында міндетті түрде жинаққа сілтеме жасалу қажет.

Редакция алқасы ұсынылған ғылыми мақалалардың мазмұнына жауап бермейді.

Ғылыми басылым

«МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар
МАТЕРИАЛДАРЫ

10-11 қазан, 2017 жыл.

Жауапты редактор А.А.Жұмашова

Компьютерде беттеген К.А.Шохаев

Корректор С.З.Айтбай

